1. Орталығы Ханбалық қаласы (қазіргі Пекин) болған Моңғолия мен Қытайды алып жатқан мемлекет. Бұл мемлекетті Шыңғыс ханның төртінші ұлы Төледен тараған ұрпақтар басқарды, нақты айтар болсақ, оның негізін қалаған Құбылай хан (1260-1294 жж.) мен оның ұрпақтары. Бұл мемлекет ресми түрде Юань империясы деген қытайша атауға ие болды.

2. Төленің тағы бір ұлы Хулагу ханның (1265 ж. өлген) басшылығымен 1258 жылы Иран территориясында құрылған Хулагидтер мемлекеті. Хан билігінде болған Хулагу хан мен оның мирасқорлары **илхан** деген титулмен аталып, сол себепті жазба деректер мен тарихи зерттеулерде Иранды билеген моңғол билеушілерін көбінесе илхандар (Илхандар) деп атады. Илхандар мемлекеті өзінің құрылған кезінде Амудариядан Үнді мұхитына дейінгі және Инд өзенінен Ефрат өзеніне дейінгі аралықтағы ұлан-ғайыр өңірде орналасқан барлық елдер мен мемлекеттерді біріктірді. Тіпті кей жағдайда Кіші Азия мен Кавказ елінің көп бөлігі де оның құрамына кірді.

3. Мауереннахр (Амудария мен Сырдарияның аралығындағы өңір), Жетісу, Шығыс Түркістан (Қашғария) аумақтарын біріктірген және өзінің атауын Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың есімімен атаған – Шағатай мемлекеті. Бұл мемлекетті кейбір кезеңдерде Үгедейдің ұрпақтары да басқарған кездер болды.

4. Алтын Орда, бұл иеліктің құрамына шығысында Ертіс өзенінен батысында Дунайға дейінгі аралықтағы бүкіл Ұлы Дала (мұсылман деректері бойынша Дешті-Қыпшақ) кірді. Бұл мемлекетті Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұрпақтары биледі.

Көрсетілген төрт моңғол мемлекетінің тарихи тағдыры әртүрлі болды. Мысалы, Қытайдағы (Юань әулеті) Төле ұрпақтары қытайларға сіншіп, қытайланып кетсе, Жошы, Шағатай және Хулагидтер әулеті өздерінің бодандарының діні – исламды қабылдады. Төленің ұрпақтары Моңғолияның нақ өзінде билікті ХҮІІ ғасырға дейін сақтай алғанымен, Қытайда тек 1368 жылға дейін билік құрып, олардың орнына Мин әулеті келген болатын. Хулагу ханның тікелей ұрпағына жататын Абу-Саид 1335 жылы қайтыс болып, еркек кіндігінен тарайтын ең басты бұтағы өшті. Дегенмен, Илхандар елінің билігінде Хулагу ханның жанама бұтағынан тарайтын бірнеше ханзадалар мен бір ханшайым (Абу-Саидтың қарындасы Сәттібек, 1338-1340 жылдары Әзербайжанда билік құрған) билікте болғанымен, олардың билігі көп жерлерлерде мойындалмады. Ирандағы Шыңғыс ханның ұрпақтарының билігі 1353-54 жылдары түпкілікті құлады және Хулагидтер мемлекеті де ыдырап, өмір сүруін тоқтатты.

Жошылық мемлекет Алтын Орда ХҮ ғасырдың 30-60 жылдары ыдырап, оның аумағында Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір, Қазақ хандықтары мен басқа да бірқатар дербес иеліктер пайда болды. Олардың арасында Шыңғыс тұқымдарының ең ұзақ билік құруы Қазақ даласының еншісіне тиді (ХІХ ғасырдың ортасына дейін).

Шағатай державасы ХІҮ ғасырдың 40-жылдары шығыс және батыс бөліктерге бөлшектелген екі мемлекетке бөлінді. Батыс иелігі болған Мауереннахрда Шағатай тұқымдары өз үстемдіктерінен айырылып, бүкіл билік түркі-моңғол әмірлерінің қолына шоғырланды. Олардың ішінде түріктенген моңғолдың барлас руынан шыққан Әмір Темір (1336-1405 жж.) өзінің алғырлығымен, қатыгездігімен, айлакерлігімен көзге түсті. Шағатай мемлекетінің батыс бөлігінің бұдан кейінгі тарихы ХҮІ ғасырдың басына дейін елді билеген Темір әулетінің тарихымен сипатталды. Ал Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде қалыптасқан мемлекет – Моғолстан деген атауға ие болды. Бұл мемлекеттің тарихы арнайы тақырып ретінде қарастырылуды қажет етеді, өйткені оның аумағында қазақтың Ұлы жүзінің негізі қалыптасса, екіншіден, туған өлке тарихымен тығыз байланысты. Сонымен, Жетісу өңірі кірген Шағатай ұлысының тарихын 1260 жылдары Арық-Бұға мен Құбылай арасындағы талас-тартыс кезімен және онда алдыңғысының бұйрығымен билікке келген Алғұйдың кезімен тоқтатып,



1347/48 жылдары Моғолстан мемлекетінің қалыптасуымен аяқтадық. Ендігі сөз кезегі нақ осы жылдар аралығындағы Шағатай ұлысының тарихы туралы болмақ.

Алғұй өлгеннен кейін Шағатай ұлысындағы саяси жағдай тағы да шиеленісті. Талас-тартыстар салдарынан билік Шағатай ұрпағынан Үгедей ұрпағына, оның Алтын Орда билеушісі Берке хан қолдаған немересі Хайдудың қолына көшті (1269 ж.).

Хайду тұсында Шыңғыс ұрпақтарының Орта Азиядағы мемлекеті біржола қалыптасты [5, 578 б.]. 1269 жылдың көктемінде Талас жағасында құрылтай болып, онда ұлы ханның иеліктеріне тәуелсіз Хайду билеген (1269-1301 жж.) мемлекет жарияланды. Жаңа мемлекеттің аумағы соғыстардағы табыстарға немесе сәтсіздіктерге байланысты біресе кеңейіп, біресе тарылып отырды. Оған Оңтүстік Қазақстанның Жент пен Үзкент жазираларын қоса алғанда Сырдария бойындағы жерлері мен Жетісу кірді. Шығыс Түркістанда бұрын Шағатай ұрпақтарына қараған аумақтың бір бөлігі Құбылай иелігіне көшті. Дегенмен Үгедей мен Шағатай ұрпағы ұлыстарының арасындағы шекаралар анық белгіленбегендігіне көз жеткіземіз. Бұндай тұжырым жасауымызға Хайдудың үлкен ұлы Шапардың Емелде – өзінің ата-бабасының иеленген жерлерінде хан болып жариялануы дәлел бола алады.

XIV ғасырдың басында Шағатай әулетінің Орта Азия мен Жетісудағы рөлі, ықпалы, беделі қалпына келді. Хайду өлгеннен кейін көп кешікпей, 1306-1307 жылдар шамасында мемлекеттегі билік Барақ ханның баласы, Шағатайдың шөбересі Туваға (Дуваға) ауысты. Шығыстанушы, академик В.В. Бартольдтің бағалауы бойынша ол «Шағатай державасының негізін салушы» болған [6]. Ал Тува ханнан (Дува) кейін билікке оның баласы Исан-Бұға (1309-1318 жж.) келді (Ескерту: Бұл жерде Моғолстан мемлекетінде 1433-1462 жж. билік құрған, Шу бойына Керей мен Жәнібек көшіп келгенде оларды қарсы қарсы алған моғол билеушісімен шатастырмау керек).

Шыңғыс ханның тұсында-ақ моңғол шонжарларының арасында қарама-қарсы екі саяси бағыт байқалған болатын. Бірінші бағытты неғұрлым табандылықпен жүргізушілер қатарында Шыңғыс ханның өзі болды және оның ұрпақтарынан – Шағатай мен Күйік, оларды Шағатай ұлысының әміршілері Орқын-хатун, Барақ хан және басқалары қолдады. Бұлар жаулап алушылардың көшпелі тұрмыс пен қырдағы патриархаттық дәстүрлерді сақтауын, бағындырылған елдердің халқын қырып жіберуге дейін аяусыз, жыртқыштықпен тонауын және жаулап алынған аумақтарды мал жайылымына айналдыруды жақтады.

Екінші бағыттың өкілдері жергілікті феодалдық үстем тапқа, жаулап алынған отырықшы-егіншілікпен айналысатын елдердің дәстүріне сүйене отырып, хан билігіндегі күшті мемлекет құру мақсатын көздеді. Бұл бағытты қолдағандар Үгедей, Мөңке хандар және Жошы болды. Бұның өзі аталған екі бағыт өкілдерінің арасындағы тартыстың мәні жаулап алынған аумақтардағы халықты қанау әдістері туралы мәселеге, сондай-ақ бағындырылған елдердің феодалдық үстем тобымен жақындасу туралы, олардың феодалдық мемлекеттілігін, идеологиясын және мәдени дәстүрлерін қабылдау туралы мәселеге келіп тірелді.

Экономикалық күйзеліс, Моңғол империясының, оның ішінде Шағатай ұрпақтары мемлекетінің ыдырауы қайткенде де екінші әдісті, яғни екінші бағытты таңдап алуды өктем талап етті. XIV ғасырдың бірінші ширегінде Шағатай ұлысы хандарының іс-әрекеттерінде орталықтану және Мауереннахр халқымен жақындасу жағына қарай бетбұрыс айқындала түсті. Бұл тұрғыда Туваның (Дува) баласы Кебек хан (1318-1326 жж.) неғұрлым елеулі әрі батыл қадам жасады. Ол көшпелі дәстүрлерден қол үзіп, Іле өзені аңғарынан Мауереннахрға қоныс аударды және кейбір қалаларды қалпына келтіруге жәрдемдесті. Сонымен қатар ол ақша реформасын жүргізіп, ұлысты басқару жүйесін едәуір өзгерткен әкімшілік реформасын да жүргізген билеуші ретінде тарихта қалды.

Кебек ханның мирасқоры, оның інісі Тармашырын (1326-1334 жж.) мемлекетті орталықтандыру саясатын жалғастырды. Кебек хан сияқты, ол да Мауереннахрда тұрды



және өзі ислам дінін қабылдап, Ала ад-дин деген есімге ие болды. Оның өзіне дейінгі билеушілерден ерекшелігі ислам дінін Шағатай ұрпағы мемлекетінің ресми дініне айналдырды. Алайда жоғарыда аталған бағыттарды жақтаушылардың арасындағы күрес жалғаса берді. Әсіресе исламды қабылдауға және көшпелі әдет-ғұрыптарды елемеуге әскери-көшпелі шонжарлар наразы болып, бұл наразылық ашық көтеріліске, сондай-ақ бір-біріне қарсы идеологиялық күрестің де негізіне айналды. Мәселен, олар Мауереннахрдағы шағатайлықтар мен елдің шығысындағы (Жетісу мен Қашғар) моғолдарға бөлініп, Моғолстанда мекендеген ру-тайпалар ортақ «моғол» деген атаумен аталғанымен ара-тұра «жете» деп айтылды. Нәтижесінде Жетісу мен Мауереннахрдағы шағатайлықтар арасында бір-біріне жаулық көзқараста болып, Мауереннахрдағы шағатайлықтар моғолдарды «жете» (чете) десе, ал Жетісудағы моғолдар шағатайлықтарды “қараунас” деп атап, бір-бірін кемсітуге тырысқан [7]. Бұл атаулардың мағыналары «жете» түркі тілінде – қаракшы, кезбе, қаңғыбас; ал «қараунас» араб тілінде – метис, аралас, аралас некеден туған дегенді білдіреді [7. 677-678 бб.]. Себебі моғолдар көшпелі өмір салтын сақтап қалса, шағатайлықтар көшпелі салт-дәстүрді ұмытып, Мауереннахрдағы жергілікті отырықшы халықпен араласып, сіңісіп кеткен болатын.

Әрбір шағатайлық әмір дербес билікке ұмтылып, қарсы әрекеттер мен егестерді қоздырып отырды. Осындай саяси тұрақсыздықтан, яғни көшпелі тайпалардың көсемдерінің көтерілісі нәтижесінде Тармашырын өлтірілді. Он жылдан астам уақытқа созылған феодалдық талас-тартыс қайта жалғасты. Бітім болмайтын соғыстар мен тартыстар елдің ауыл шаруашылығын күйзеліске ұшыратты, ал Мауереннахрды билеген хандардың елін осындай жағдайдан құтқармақ болған әрекеттері түріктердің көшпелі бөлігі мен монғолдардың түріктеніп кеткен үстем тобының наразылығын туғызды. 1346 жылы көшпелі феодалдармен күресте Кебек-Тармашырын хандардың тұқымын жалғастырушы Қазан хан қаза тапты. ХІҮ ғасырдың ортасына қарай Шағатай әулеті мемлекеті батыс (бұндағы билік 1370 жылы Әмір Темірдің қолына өтіп, Мауереннахрда Темір мемлекеті құрылды) және шығыс (1347/48-1514 жж. өмір сүрген Моғолстан мемлекеті) болып екіге бөлініп, әрқайсысы дербес мемлекетке айналды.

Қорыта келе айтарымыз, уақыт өткен сайын Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі-әскери үстем топтары мұсылман мәдениеті мен мемлекеттігінің дәстүрлерін көбірек қабылдап, өз өмірінде Ұлы Яса заңының қағидаларын орындауы кеми түскенін байқаймыз. Бұл қарастырып отырған мәселеде Мауереннахрды айтпағанның өзінде, Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде құрылған Моғолстан мемлекетінде де айқын көрініс берді.

#### **Шағатай мемлекетінде билік құрған хандар кестесі:**

Шағатай – Қара-Хулагу (Шағатайдың үлкен ұлы Мүтігеннің үлкен ұлы) 1242-1246 жж. билік құрды – Есу-Мөнке (Шағатайдың ұлы) 1246-1251 жж. – Орқын (Қара-Хулағудың жесірі) 1251 – 1259 жж. – Алғұй (Шағатайдың немересі) – 1260 жылдан – 1269 жылға дейін;

Хайдау (Үгедейдің немересі) 1269-1301 жж. билік құрған; – Шапар (Хайдудың үлкен ұлы) 1301-1306 жж.;

Тува (Дува, ол Барак ханның баласы, Шағатайдың шөбересі, яғни билік Шағатай әулетіне қайта ауысты) 1309-1309 жж. – Исан-Бұға (Туваның ұлы) 1309-1318 жж. – Кебек (Туваның ұлы) 1318-1328 жж. – Тармашырын (Кебектің інісі) 1326-1334 жж. – Қазан (Тармашырынның ұлы) 1334-1346 жж. билік құрған және Шағатай мемлекетінің соңғы билеушісі.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. I. Кн. 2. – М.-Л., 1952. 69-70 бб.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 том. – А.: Атамұра, 1998. 77 б.

3. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – А.: Дайк-Пресс, 2001. 42 б.
4. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. II. – М.-Л., 1960. 114-115 бб.
5. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинение. Т. I. – М.: Наука, 1963. 573-576 бб.
6. Бартольд В.В. Чагаай-хан. Сочинение. Т. II. Ч. 2. – М.: Наука, 1964. 541 б.
7. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Елифановой. – Ташкент, 1996. 184 б.

ӘОЖ94 (574) «17/18»

**Б.Т. Калиева**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*  
[tynysbekovna@mail.ru](mailto:tynysbekovna@mail.ru)

### **XVIII-ҒАСЫРДЫҢ ІІ-ШІ ЖАРТЫСЫ МЕН ХІХ-ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ТАРАПЫНАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА БЕРІЛГЕН АТАУЛАР**

Мақалада XVIII-ғасырдың ІІ-ші жартысы мен ХІХ-ғасырдың бас кезіндегі орыс зерттеушілері тарапынан қазақ халқына «өзге» атауларының берілгендігі қарастырылады. Сонымен қатар ХХ ғасырдың басында осы атауларға қатысты алаш зиялыларының өзіндік берген бағалары туралы аталып өтіледі.

В статье рассматривается как русские исследователи во второй половине XVIII века и в начале XIX века стали называть казахов «чужими». И какую оценку дала интеллигенция в начале XX века к этим названиям.

In article is considered as russian researchers in the second half XVIII age and at the beginning initially XIX age started to name the kazakhs "someone else". And what estimation gave the intellectuals at the beginning initially XX age to this names.

**Тірек сөздер:** өзге сенімдегі, қырғыз, қырғыз-қайсақ, белгісіз өлке, шекара

Қазақта «сырт көз – сыншы» деген аталы сөз бар. Шынында да, өзінің кім екенін анық білгің келсе, тек өз туыстарының пікірлерімен ғана емес, сонымен қатар «пайымдағыш, бақылағыш» келетін шетел азаматтарының көзқарастарын да біліп отырғанның еш артықтығы жоқ.

Міне, осыған байланысты, қазақ туралы пікір алысу, қазақ қауымының әрқилы жауаптарын тыңдай отыра, Қазақстанмен көптен таныс, қазақтар туралы естігені, көргені, көңіліне түйгені бар шетел қауымдастықтары өкілдерінің де біреу пікірлері де кездесіп жатады.

Шетел ғалымдарының қазақ болмысынан байқағаны да, пайымдағаны да өзімізге қарағанда әлдеқайда мол екендігін аңғаруға болады. Олардың пікірлері, көбінесе, өздері өмірден көрген нақты шындыққа сүйеніп айтылады. Артық мактау-мадақтау аз болса да, нақтылы сипаттауы басымырақ болып келеді. Сондықтан да, орыс тілінде бізге жеткен кейбір пікірлерді дәлірек түсіну үшін, біз жұмысымызда оларды сол қалпында келтіруге тырыстық. Деректердің орысша, қазақша араласып жүруінің себебі сол.

Жалпы алғанда, қазақ болмысын толық түсіну үшін бұл пікірлерді де ескерудің мәнісі зор деп білеміз.

XVIII ғасырдың аяғында – XIX ғасырдың басында қазақ даласы орыс ғылыми ордасына болмасын, қоғамдық ойына да «белгісіз өлке» болып табылды. Қазақ даласы географиялық жағынан болмасын, этнографиялық жағынан болмасын зерттелмеген аймақ болды. Әрине, XVIII ғ. Ресейде жоғарыда аталып отырған аймақ туралы біраз кітаптар шыға бастады. Бірақ бұл жұмыстардың ішінде бұл аймақ туралы зерттелген арнайы жұмыстар жоқ еді (қазақтар басқа да халықтармен қатар қаралып келген). Ал ол жұмыстарда қазақтар туралы тек қысқа және сонымен қатар үзінділерді ғана келтіргендігін көреміз. XVIII – XIX ғ. басындағы қазақ жерлерінің аз зерттелгендігі туралы дәлелді олар қалдырған географиялық карталардан көре аламыз. Сол кездегі карталарда тек қазақ даласы ақ нүктемен берілген. Олар аймақтың табиғи-климаттық жағдайы, сырт бейнесі және жергілікті халықтың дәстүрі туралы нақты сипат келтіре алмады.

Бұл мәселелердің атап өтілуінің себебі қазақ – бейнесі, елі, халқы, даласы туралы жазып қалдырылған орыс деректемелерінің үлкен бөлігі осы «Мәдени мұра» аясында жарық көріп, мұрағат құжаттары арқылы толықтырылған еңбек болып ел алдына ұсынылуда. Қазақ бейнесінің «өзгелер» аспектісінде қарастырылуы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. XVIII ғасырға дейін «қайсақтар», ал одан кейін қырғыз-қайсақтар деп аталуы, кейбір еңбектерде «көшпелілер», «бұратаналар» деп аталуы қазақ халқына сол кезде берілген орыс дерек көздеріндегі атаулардың бірі еді.

Қазіргі таңда қолданысқа ие болып, екі жақты стереотипте қолданылып жүрген сөздердің бірі ол – біз/өзіміз (мы/свои) және олар/өзге (они/чужой). Өзіміз деп отырғандарға өзгелерге қарағанда көбірек мүмкіншіліктер беріледі. Ал енді психологтардың пайымдауынша олардың когнитивті салдары төмендегідей көрініс табады:

1. Барлық «өзгелер» бір-біріне ұқсайды, бірақ «өзіміз» дегендерден ерекшеленіп тұрады.
2. «Өзгелерге» қарағанда «өзіміз» дегендердің өмірінде әр түрлі өзгешеліктер көрініс табады.
3. «Өзгелердің» өміріндегі кейбір ерекшеліктер қиын жағдайлар туғызуы мүмкін.

Мәдениаралық қатынастардың автостереотиптік және гетеростереотиптік түрлерін ажыратып атап өтуге болады. Автостереотиптік деп – сол мәдениеттің өздеріне тән, өз ішперінде айтылған ертегі, дастан, жыр, қиялдарын айтамыз. Гетеростереотиптік деп – сол мәдениеттің сыртынан бақылаушы елдің жазып қалдырған қиял, дастан, ертегі, жарлары, сонымен қатар өзге мәдениеттің сол мәдениетке берген сипаттамасы.

Автостереотипті БАҚ, әдебиеттер, дәстүрлі және дәстүрлі емес халық ауыз әдебиеті арқылы жеткізіп отырған. Сонымен қатар көп жағдайда автостереотиптер мен гетеростереотиптер сәйкес келмей жатады. Ал белгілі бір мәдениеттің өкілдері өздері туралы жазып қалдырған сыртқы ойларды естіп қорқады, себебі олар ондай мәдениетте өмір сүрмейтіндіктерін айтып өтеді.

Әрдайым «бөтен» және «өзге» деген екі сөз қактығысып келіп жатады. Сондағы «бөтен» дегенімізде: қай жердікі, тұрмысы қандай, немен айналысады, тілі қандай, білімі қандай, салт-дәстүрі т.с.с. көптеген сұраулар қою арқылы ашып көрсетуге тырысамыз. Бұндай көзқарас көбінде – саяхатшы, әлемді танушыда қалыптасады.

Ал «өзгелер» туралы айтқанда олар – жағымсыз, өздерінен итермелеушілер ретінде қарастырған. Көп жағдайда осы екі мәдениетті қарастырғанда оларға деген сұрақтар мен көзқарастар сәйкестеніп жататын [1, 12-16 бб].

Қазақ даласының ең маңызды бейнесі – ол қазақ халқының шекарасы болып табылады. XVIII-XIX ғасырлардың басында орыстар ол жерді өзге және қарсы қабылдаған еді. Орыстардың қазақ даласын бұлай қабылдауы «фронтир» сөзімен



сәйкес келеді. Ол француз сөзі, ол алғашқы кезеңде соғысқа қатысты айтылған болатын, кейіннен оны екі мемлекеттің бір-біріне қарсы әрекеті деп түсіндірген. Ф.Бродельдің ойынша әр мемлекет өзінің шекарасын бөліп көрсетуге тырысады деген. М. Ходарковский «фронтир сөзіне» өзінше сипаттама беріп көрсетеді [2, 28-32 бб].

Ал басқа зерттеушілер, мысалы үшін С.А.Королев және Ю.М.Лотман «шекара» деген сөзбен қарастырады. Ал осы кезде жүргізілген саяхатшыларының қазақ даласының шекарасынан өткендерінің жазбаларында бұл жер оларға «өзге» таныс емес деп түсіндірген [3, 52 б].

Жоғарыда аталып отырған «фронтир», «шекара» сөздерін атап өтіп отырған себебіміз осы атаулар арқылы қазақ халқының шекара аймағы ретінде орыстардың қарастыруы. Осылайша қазақтарды өздерінен бөлектеп, елімізге «өзге» ретінде қаралуы.

Орыстардың өз өлкесін таныс, қауіпті емес, өркениетті ел ретінде қарап, орыс-қазақ шекарасын, нақтысын айтсақ қазақ даласын «өзгелер» әлемі, таныс емес, қауіпті, жабайы өлкеге теңеген. Олар қазақ даласын «азия» әлемі деп бөліп қарастыраған. Оның бірден-бір себебі олар әлемді «азия» және «еуропалық» деп қарастырған. Бірақ әлемді бұлай екіге бөлудің талдауын жасамай тұрып, алдымен оған байланысты жазылған материалдарға назар аударсақ.

Солардың бірі М.А.Батунскийдің «күнделігіндегі ұстанымдарынан» - қысқа, біріктірілген, үзінді ретінде көрсетуі [4, 86 б]. Бұндай жазбалардағы мәтіннің мазмұны әрине қысқартылған сипатта кездеседі, ал егер ол белгілі бір кабинетте отырып жазатын болса онда ол ойлары жинақталған жан-жақты талқыланған болатын болар еді. Өлкенің азиялық сипаттамасы оның өзгелегінде, қарсыластық әрекет көрсететін бейнесі ретінде берілді.

XIX ғасырдың 20-жылдарына таман орыс зерттеушілері мен саяхатшылары қазақ даласын танымайтын, өзге өлке ретінде қарастырмайды. Сонымен қатар, орыстар үшін бұл кезең қазақтарды біріншіден – «жабайы» деп таныстыру, екіншіден – «білімсіз» деп қарастыруы әлі де болса өз күшін жоймаған болатын. Олар өркениеттілік деп – мемлекеттілік, отырықшы, егіншілік, сауда қызметінің дамуы бар халықтарға тән айтқан.

Атап өтілген тағы бір мәселеміз «білімсіз», «жабайы» деп аталғандығын қарастыра отырып, сол арқылы қазақтарға тән емес сипаттама берілген. Оның тағы бір себебі қазақтарға әлі де болса орыс зерттеушілері тарапынан «белгісіз» аймақ ретінде қаралуы болып табылады.

Сонымен, қазақтарға «өзге» деп қараған, тіпті олардың атауларын дұрыс берілмегендігін өзіміздің қазақ зиялыларының патша билігіне жазған хаттары, арыздары, өтініштерінен көре аламыз.

Ендігі таңда қазақтарды «қазақ» демей, неліктен «қырғыз» аталып кеткендігі жөнінде М.Дулатұлының «Қазақ» газетінде [5, 158 б] «Түрік баласы» атты лақап атпен «Қазақтың тарихы» деп жазған мақаласынан көрсек: Күні бүгін дүниеде ешбір нәрсенің асылы білінбей қалған жоқ. Әр нәрсенің түбі тексерілді, асылы білінді. Білімі артық, көзі ашық жұрттар дүниедегі адам баласының асылын, нәсілін тексеріп болып, барлығын кітапқа шығарды. Бөтен жұрттар қатарында ала бөтен біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ. Бүгін Азия картасының төрттен біріне ие болып тұрған қанша миллион қазақтың тарихы көмескі қалыпта тұрған жайы бар. Тарих ғылымында қанша тарих жазушылар шығып, қаншама кітап жазып шығарды. Солардың арасында қазақтың асылын анық қып айтатыны жоқ. Арабша, түрікше, орысша біз көрген кітаптарда қазақ турасында жазылған сөздердің бәрі де хақиқатқа харап, шіп-шикі өтірік. Қанағат табарлық ешбір сөз жазылған жоқ.

Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі – тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ! Қырғыз өз алдына қырғыз. Түрікпен мен башқұрт

қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел. Орыстардың, әсіресе үкіметтің қазақты қазақ демей, қырғыз деп жүргені рас. Бірақ олар өзінің атты «Қазачы» ғаскерінен айыру үшін жанылыс болсадағы қазақты қырғыз атап жүр.

Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе, басшыларының қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешпестік ғайып. Қазақтың қырғыз атанбай қазақ атанғанын тәуір көруі орыстың қазағына ұқсау үшін деген ноғайлар да бар. Мұнысы бет алдына лаққан сөз. Тарихтың көрсетуі бұған ереуіл келеді. Орыста бұрын атқа міну қажеті болмаған. Осы күнгі хахолша сиыр жегіп, өгіз мініп күн көрген...Салт қызмет етіп біздің қазаққа ұқсағаннан соң казачье атанып кеткен. Орыстың атты әскері қазақ атанғандықтан біздің қазақ өзінің атынан айғандықтан біздің қазақ өзінің атынан айрылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдетінде ынғайлы қылып «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы.

Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы мекемеден шеткері болған әрбір істі орында «қырғыз» деген жанылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдану тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы (против течения) деген сөз емес, біз суды теріс ағызған атаның баласымыз.

Қазақтың тарихы турасында және екінші қате, осы күнгі қазақты ұлы Шыңғыс ханнан бұрынғы замандарда болған қырғыз қауымының, нәсілінен деп түсіну. Олай түсінудің қате екенін аз ойлауменен білетін нәрсе. Осы күнгі қазақ ол қырғыздың нәсілінен емес екендігіне дәлел толып жатыр.

Осы күнде қазақта қыпшақ, арғын, керей, найман, қоңырат деген рулар толып жатыр. Бұл рулар анау қырғыздан басқа болып, оларменен қатар жүріп, қатар тұрған елдер еді. Енді қырғызбен қатар жүрген найманды қалай бұрынғы қырғыздың нәсілінен деп айтуға болады.

М.Дулатұлының осы мәселеге байланысты көтерген даулары жайында төменде «Қазақ қалай қырғыз атанды» деген мақаласынан жалғасы ретінде оқи аламыз [6, 56-60 бб]: Бұрын қырғыз елі Сібірді мекен етіп тұрғанда, Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып, мазасын кетіре беретіндігі мәлім. Ол кездерде орыстар «өне, қырғыз шауып кетті, міне, қырғыз келіп қалды» деген күйге ұшыраған.

«Қырғыз келеді» десе, орыстың жылаған баласы оянатын болған. Сондықтан орыстың ұғымында «қырғыз» деген сөздің өзі «жау, шабағаншыл» мағынасында орнап қалған. Ал, қырғыздың кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай, өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе, Сібірдің оң тұсындағы облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң, қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (киргиз) деп атаған. Қазақ секілді, Сібірде ол кезде орыспен сыбайлас отырған татар, моңғол елдері өздерінің аздығынан болса да, жуастығынан болса да, орыспен жауласпай, ұрыс-қағыссыз тату тұрған.

Қазақты орыстың «қырғыз» деуінің жаңағы айтқаннан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар, Сібірді алушының бастығы Ермак, оған ергендері, оның тұқымы – бәрі қазақ (қазақ-орыстар) еді. Сондықтан, оларға өздерін де қазақ, қазақты да қазақ деу қапелімде ынғайсыздық келтіретін болған. Үнемі «қай қазақ» деп, айырып отыру қажет бола берген.

Міне, сонан бері қазақты қырғызбен шатастыру, қырғызды да «қырғыз», қазақты да «қырғыз» деп атау басталады. Сонан бері бұл екі елдің шежіресін білмегенде, кейбір тарихшылардан бастап, қазақ-қырғызбен қатынасы кем жұрттардың көбі екеуін де «қырғыз» дейтін болған. Қазақты орыс «қырғыз» деп атайтын болған соң, қазақ орысқа бағынып, жазу-сызу, заң заңның бәрі орыс тілінде жазылғаннан кейін, күні бүгінге дейін қазақтың орысша оқығандарының өзі орысша жазғанда, сөйлескенде қазақты «киргиз» деп әдеттенген.

Қазақ-қырғыздың атын, тегін, қандай жұрт екенін зерттеп, алдымен жаза бастаған – басқа жұрттың тарихшылары. Қазақ жайын білуге еуропалықтар, айрықша орыс білімпаздары, ХҮІІІ ғасырдың орта кезінде қазақ жайынан жазған Г.Ф.Миллер, П.С.Паллас, И.Г.Георгий, Н.П.Рычков, Ф.Б.Фишер дегендердің кітаптары шыққан. Қазақ жайын өзгелерден жетік зерттеген: А.И.Левшин. Мұның кітабы 1832 жылы басылып шыққан.

Қазақ пен қырғызды бөтен жұрттар бұл күнге шейін дұрыс атамайды. Мәселен, орыс халқы қазақты «киргиз-кайсақ» деп бір сөз орнында айтады. Қырғыздың өзіне де жоғары да айтқандай «киргиз-кайсақ» деп, кейде «тағы қырғыз», «қара қырғыз» дейді. Қырғызды қытайлар юрут дейді. Қазақ өзін қашаннан «қазақ» деп, ал қырғыз өзін «қырғыз» деп атап келеді. Орыстардың «казак», «кайсақ», қытайлардың «хасах» деп жүргендері – «казак» деген сөзді бұзғаны.

Бұл жазбалардан біздің көретініміз қазақ халқы туралы айта отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, тұрмысын, шаруашылық деңгейінің өте төмен дәрежеде қарастырғандарын аңғарамыз. Ал бұның өзі қазақ бейнесін «өзге» ретінде қабылдауының бір белгісі болып табылады. Сол кездегі көшпелі қоғам мәдениетін түсінбей өз халқының мәдениеті мен теңестіре отырып қарастырулары «өзге» халыққа берген сипаттама болмаса не болғаны.

Қорыта келгенде, «өзге» деп қазақ халқын орыс деректерінде жазып қалдырмаса да, ол ХVІІІ-ғасыр аяғымен ХІХ-ғасыр басында жазылып қалдырылған күнделіктер мен естеліктерде бұл далаға, халыққа берген сипаттамасы өзге тілдегі, өзге ұлттағы, өзге діндегі, тіпті өзге территориядағы халықтар деп қарастырылуы осының негізі деп санаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Коментариев О. Образ “чужого” в контексте межэтнических коммуникаций. М.: «Наука», 2011. -115 с.
- 2 Иссерс О.С., Рахимбергенова М.Х. Языковые маркеры этнической ксенофобий (на материале российской прессы). (Политическая лингвистика. - Вып. 3(23). – Екатеринбург: 2007. – 96 с)
- 3 История Казахстана в русских источниках ХVІ-ХХ веков. Алматы: «Дайк Пресс», 2006ж. VII том. -452с.
- 4 Саид Э Ориентализм. Пер. А. В. Говорунов. М.: «Русский мир», 2006. -625 с.
- 5 Сұбханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов С. Қазақ. // Дулатов М. Қазақтың тарихы (Қазақ газеті). Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998. -486 б.
- 6 Алаш көсемсөзі. // Қазақ қалай қырғыз атанды. Т.2. Алматы: «Өнер» баспасы, 2010. - 242 б.

УДК 94.100

**Д.Ғ. Қаратаева**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*  
[dkarataeva@bk.ru](mailto:dkarataeva@bk.ru)

#### ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ КЕҢЕС ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫНА ӘСЕРІ

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес халқының қасіреті мен ауыр хал-жағдайы сипатталған. Кеңес әскері мен халықтың соғыс жылдарындағы ауыр халінің себептері анықталған. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысының ауыр зардаптары көрсетілген.



В статье показан весь трагизм советского народа в годы Великой Отечественной войны. Вскрыты причины тяжелого положения Советской Армии и народа, особенно в первый период войны. Также рассматривая тяжелые последствия войны в целом, извлекаются уроки этого страшного явления.

The article shows the tragedy of the Soviet people during WWII. Discover the causes of the plight of the Soviet army and people, especially in the first period of the war. Also, considering the dire consequences of war in general, learn of this terrible phenomenon.

**Тірек сөздер:** Отан, соғыс, фашизм, коалиция, халық.

Ұлы Отан соғысы, екінші дүниежүзілік соғыс – Германия мен оның одақтастарының басшылығына, Кеңес Одағына қарсы соғысы. 1940 жылғы 18 желтоқсан – фашистік Германия басшылығы «Барбаросса» соғыс жоспарын жасады. Мақсаты: КСРО-ға қарсы соғыс ашу. «Қауырт соғыс» идеясы бойынша соғысты 1941 жылдың күзінде аяқтау. Бұл соғыс жоспары бойынша фашистер КСРО-ны: Сансыз көп ұлттың жасанды және тұрақсыз бірлестігі; Ішкі бірліктен жұрдай этникалық конгломерат ретінде қарастырды.

Құрлықтағы әскерлердің шабуылы әуе және әскери теңіз күштерімен күшейтіліп, Кеңес Одағының шығысындағы өнеркәсіп орталықтарына, ең әуелі Орал өнеркәсіп орталығына әуеден соққы беру және Балтық түбегінде үстемдікке жету көзделді. Гитлершіл Германия КСРО территориясын, бірнеше рейхкомиссариатқа бөлуді көздеді: Остланд-Беларусь пен Балтық жағалауы, Украина, Ресей жері, Кавказ, Еділ-Орал, Үлкен Түркістан отарына енетін аймақтар: Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шыңжан, Ауғанстанның солтүстігі. Фашистік Германияның қуыршақ мемлекет құрудағы көздеген экономикалық және саяси мақсаттары:

Ұлы герман империясы үшін қуатты шикізат және азық-түлік базасын жасау. Кеңес елін отарға айналдырып, халықтарын құлдыққа түсіру. 1941 жыл 22 маусым – фашистік Германия КСРО-ға тұтқиылдан соғыс ашты. Барбаросса жоспарын жүзеге асыру үшін, Германияның жоғары басқармасы 153 дивизия бөлді, оған одақтастары КСРО-ға қарсы 37 дивизия қосты. КСРО шекарасына барлығы 190 дивизия шоғырландырды. КСРО-ға соғыс бастар алдында өзінің әскери-экономикалық қуатын нығайтып алды, Еуропадағы жеңілген елдердің көптеген қару-жарақ, оқ-дәрі, көлік құралдарын пайдалануға мүмкіндігі болды. Германияның қарулы күштері құрамында 7,3 млн. адам қызмет атқарды.

1941 жылдың ортасында неміс фашист қарулы күштерінің саны 8,5 млн.-ға жуық адамды құрады, соның ішінде 1,2 млн. адам ерікті жалданушы құрам болатын. Фашистік Германияның Қарулы Күштері Кеңес Қарулы күштерінен 1,6 есе көп еді. Неміс-фашист армиясында 5639 танк, 10 мыңнан астам әскери ұшақ, 61 мыңнан астам қару-жарақ пен миномет болды. Әскери теңіз флотындағы соғыс кемелелерінің саны-276, соның ішінде 212 суасты кемесі болды.

Соғыстың болатынын алдын ала біліп отырғанымен, Кеңес Одағы оған дайын болмай шықты. Соғыстың алғашқы күндерінде көптеген қателіктерге жол берілді. Басқыншыларға алғаш кеңес шекарашылары қарсы тұрды. Аса қиын жағдайда қалғандарына қарамастан, кеңес жауынгерлері ерлікпен шайқасты.

Кеңес Армиясы өте қолайсыз жағдайда қалды, көп адам, техника мен қару-жарақ шығыны болды. Алғашқы 6 аптаның ішінде фашистер 300-600 шақырымдай еніп, Латвияны, Литваны, Белорусияның, Украина мен Молдавияның көптеген жерлерін басып алып, Киев, Смоленск қалаларының іргесіне жетті. Кеңес армиясы қарсыласқанымен, көп ұзамай қалған қалалар да жау қолында қалды. Шегінген Кеңес армиясын адамдармен және қажетті материалдармен жабдықтау қиынға соқты. 1941 жылғы 22 маусым мен 1 желтоқсан аралығында қосымша 397 дивизия мен 94 бригада жасақталды /1, 53-59 б.б./.

Ұлы Отан соғысы өз алдына азаттыққа қол жеткізуді мақсат етіп алып, төмендегі міндеттерді шешуді көздеді:

- әлемдік империализмнің қарулы соққысына Отанымызды – сол кездегі Кеңес Одағын қорғау, сақтап қалу және нығайту, жауға тойтарыс беру;
- еліміздің аумағына басып кірген гитерлік Германия әскерін жою, КСРО-ның фашистер басып алған аумағын азат ету;
- Еуропа халқына фашистік құлдықтан арылуға көмек беру, «фашистік жаңа тәртіпті» жою, басқа мемлекеттерге өз ұлттық тәуелсіздіктерін қалпына келтіруге жәрдемдесу.

Отанымызды қорғау мақсатында мемлекеттен орасан көп шығынды талап етті. Әрбір азамат еңбек майданында еңбек ете жүріп бар күшін ортақ жеңіске қосудан болды. Тіпті әр ай сайын екі және үш күндік табысын мемлекеттік қорға аудару үйреншікті әдетке айналды, жер-жердегі ұтыс ойындарының табысында майданға жөнелтілумен болды. Мемлекет аумағындағы колхоз еңбекшілері демалыссыз еңбек етіп олардың еңбек күні саналымсыз түрде есептеліп, аз күндік табыспен жанбағуға тура келіп тек қана егістікте тамақтанған күні бүкіл соғыс уақыты қайталанып тұрды. Майдан даласында әке-шешесінен айрылған балалар саны көбейіп олардың көп бөлігі аштықтан өліп, қалған бөлігі Германияға еңбек жұмысына айдалып кетті, тек аз бөлігін ғана кеңес әскері аман сақтап қалып, елдің ішкі аймағына «балалар үйлеріне» жіберді. Бұл балалардың көбісі Украина мен Беларусьсиядан эвакуацияланған еді.

Соғыс басталған уақыттың бастапқы кезінде кеңес жұртшылығы майдан даласындағы хал-ахуалмен таңсық болмай, тек кеңестік пропаганданың бас құралы Бас радиодан ғана жақсы пікірлер естумен болып шынайы жағдайдан мүлдем мақұрым болды.

Соғыстың алғашқы апталарындағы сәтсіздіктер бірнеше миллион кеңес адамдарының фашистер тұтқынына түсуіне себепкер болды. Кеңес жауынгерлері соңғы демі біткенше шайқасты, ал тұтқынға жараланғандар түсті. Жаппай қырып-жою саясатын ұстанған фашистік Германияның концлагерлерінде адамдарды айуандықпен өлтірудің сан түрлі әдістері қолданылды. Адамдар «циклон-А» және «циклон Б» деп аталатын улы газбен уландырылды, тұтқындарды өлтіру үшін газ камералары, крематорий пештері пайдаланылды, тіпті өлген адамдардың сүйектерін ұсатуға арналған диірмендер де болды. Осыларды өздері «өлім машинасы» деп атады /2, 8-б./.

Фашистік командованиенің арнайы бұйрығы бойынша саяси қызметкерлер мен кеңес белсенділері түгелдей жойылуға тиіс болды. Соғыс жылдары 3,9 млн. кеңестік әскери тұтқын жойылды. Тұтқындардың бір бөлігі азаптауларға шыдай алмай, Власов армиясының бөлімдерінде қызмет етті.

Мұндай жағдайлар кеңестік репрессиядан жапа шеккен ұлттық аймақтарда жиі-жиі қайталанып тұрды. Литва, Эстония, Латвия, Украинада ұлттық тәуелсіздікті желеу еткен ұлтшылдар Герман-фашистерімен ауыз жаласып соларға қызмет етті. СС құрамында ұлттық құрамалар ретінде құрылған бұл жасақтар бейбіт халықты қанауда елеулі рольге ие болды. Бұл жасақтардың екі жақтық әрекеттері партизандардың жұмысына кедергі жасап, соғыстың тез аяқталуына кедергі келтірді.

Бейбіт халық та фашистерден қатты азап шекті.

Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағы халқының тікелей және жанама шығыны 50 млн-ға жуық адам болды, Қазақ халқының осы соғыста қаза тапқан адамдарының саны 350 мың. Бұл шығын ұзақ жылдар бойы елдің демографиялық жағдайына ықпал етті.

Адамзат тарихында Ұлы Отан соғысы ең қантөгісті соғыс болып табылады. Еліміз соңғы жүзжылдықта мұндай көп адам құрбандығын көрген емес. Тіпті екі соғыстың – Бірінші дүниежүзілік соғыс пен азамат соғысы қаза болғандар саны (осы кезеңдегі тиф, сүзек, т.б. эпидемияларынан, жарақат пен аурудан қоса алғанда) осы Ұлы Отан соғысында қаза болғандар санынан екі есе кем болды. Бірінші дүниежүзілік

соғыс және азамат соғысында адам шығыны 10,3 млн. адам болса, Ұлы Отан соғысындағы адам шығыны -27 млн. адам.

Ұлы Отан соғысын төмендегі кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

Соғыстың бірінші кезеңі:

- Ұлы Отан соғысының басталуы
- Смоленск шайқасы
- Одесса қорғанысы
- Севастополь қорғанысы
- Киев түбіндегі шайқас
- Ленинград қорғанысы
- Ленинград блокадасы
- Москва үшін шайқас
- Кавказ үшін шайқас
- Сталинград қорғанысы

Соғыстың екінші кезеңі:

- Кеңес әскерінің Сталинград түбіндегі қарсы соққысы;
- Курск шайқасы
- Днепр үшін шайқасы
- Ленинград блокадасының бұзылуы

Соғыстың үшін кезеңі:

- Украина мен Қырымдағы азат ету
- 1944 жылдың жаз айларындағы Кеңес әскерінің шабуылы
- Оңтүстік-шығыс және Орталық Европа елдерін азат ету
- Фашистік Германияның талқандалуы

Екінші дүниежүзілік соғысқа баға беруде сол кезеңде Кеңес Одағының тек фашистік Германияның басты соққысын өзіне алып қана қоймай, онымен болған сұрапыл соғысқа төтеп беріп, жеңіп шыққандығын ерекше атап өткен жөн. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ кеңес-герман майданы барлық көрсеткіштері бойынша екінші дүниежүзілік соғыстың барлық майдандардан асып түсті. КСРО үшін ең қауіпті болған 1942 жылы болған кеңес-герман майданының ұзындығы 6 шақырымды құраса, 1941-1945 жылдар аралығындағы соғыс қимылдарының жалпы аумағы 3 млн. шаршы шақырымды құрады, бұл Австрия, Англия, Бельгия, Дания, Германия, Голландия, Греция, Италия, Норвегия, Финляндия, Франция, Югославия – барлығын қоса алғандағы ауданға тең.

Әлемдегі тарихта Ұлы Отан Соғысы тарихы – дүниежүзі елдеріне ортақ, қайта қарастыруға жатпайтын баршаға ортақ тарих, екінші дүниежүзілік соғыстың бір бөлшегі. Қазіргі кездегі екінші дүниежүзілік соғыстың тарихи шешімдерін қайта қарастыру әрекеті арқылы фашистік әрекеттерді ақтап алу шарасы мен ортақ жеңісті өздеріне меншіктеу мемлекеттер арасында түсінбеушілікті тудыруда. Дегенмен, Кеңес Одағының жеңімпаз армиясы мен антигитлерлік коалиция мемлекеттерінің күш-құралдары күшімен фашистік Германияның құлауы, сөйтіп адамзат баласын фашистік құлдық пен өлімнен азат еткендігі талас туғызбауы тиіс.

Ұлы Отан соғысы Жеңісінен бері 67 жыл өтті. Бірақ бүкіл дүние жүзі гитлеризмнің айуандығы мен жауыздығын ұмыта қойған жоқ. Қазіргі кезде де әлемде агрессивті күштер жетерлік. Екінші дүниежүзілік соғыс пен Ұлы Отан соғысының сабақтары бізден қашан да қырағы болуды талап етеді.

Біз соғысты қаламаймыз, біздің қалауымыз – бейбітшілік. Бейбітшілікті, қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл қазіргі күннің өзекті мәселесі.



#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы. - 2001. - 570 б.
2. Ни давности, ни забвения... По материалам Нюрнбергского процесса. – Москва: Юридическая литература.- 1984.-430 б.
3. Сүлейменова Д., Х.Сүлейменов // ҚазҰУ тарих сериясы. -2005. №2.-37б.
4. Көшербаев Б. // ҚазҰУ тарих сериясы. 2005. №2.-26 б.
5. Нурсултанов Л. // ҚазҰУ тарих сериясы. 2004. №2.-23 б.

УДК 94.100

Д.Ғ. Қаратаева

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*  
[dkarataeva@bk.ru](mailto:dkarataeva@bk.ru)

#### МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІКТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Мақалада Ғази Мұстафа Кемал Ататүріктің өмірі мен тұлға ретіндегі қалыптасу жолы қарастырылған. Түрік халқының ұлы күрескері бола отырып және тұңғыш Президент атанған Мұстафаның жүргізген реформаларына талдау жасалған. Сондай-ақ оның мемлекет пен қоғамды дамытудағы рөлі анықталады.

В статье рассматривается жизнь и становление личности Гази Мустафы Ататюрка. Дается анализ великого реформам борца турецкого народа и первого Президента Турецкой республики. Также дается анализ его роли в развитии общества и государства.

This article discusses the life and the personality of Gazi Mustafa Ataturk. The analysis of the reforms of the great fighter of the Turkish people and the first President of the Turkish republic. It also provides an analysis of its role in the development of society and state.

**Тірек сөздер:** тұлға, түрік, қоғам, реформа, республика, мемлекет.

Тарих - ол болып өткен, жасалып қойған оқиғалар мен фактілердің жиынтығы. Тарих сан қилы парақтардан құралады. Оның жарқын әрі қаралы, қуанышты немесе қасіретті парақтары бірін-бірі алмастырып жатады. Ал оның әрбір парағы әр халықтың баға жетпес құндылығы болып табылады. Тарихты қарапайым жасаушы немесе сырттан бақылаушы деген болмайды, тарихты жасауға қоғамның әрбір мүшесі өзінің сан алуан қызметі арқылы қатысады.

Мындаған жылдар бойы жер бетінде осы тарихты жасауға ат салысқан көптеген қайраткер тұлғалардың бірі адамзат тарихына өзіндік үлес қосып жатса, бірі жаңа өзгерістер енгізіп, тарихтың жаңа бетін ашуға мүмкіндік туғызса, енді бірі тарих сахнасында өзінің жағымсыз іс әрекеттерімен тарих бетінде ұмытылмай қалып отырған.

Осы бір тарих беттерін ақтарып отырып, көптеген танымал тарихи тұлғаларға кезігіп, олардың өмірі мен қызметіне қарап таң қалуға болады [1; 3-б.] .

Осы көшбасшылардың ішінде дүние жүзі тарихында ерекше орны бар, өзін әлемге ұлы тұлға деп танытқан, шығыстың кемалы, түркі халықтарының аса құрметті перзенті, соның ішінде түрік халқы, Түркия Республикасының тұңғыш Президенті – Мұстафа Кемал Ататүрік. Бұл тұлғаның өмірі мен қызметін қарап отырып таң қаласың және қызығасың, оның халқы үшін істеген әрекеттерінен алатын тәрбиелік тәлім, үйренетін нәрселер өте көп.

Мұстафа Кемал Ататүрік туралы Түркияда да, шет елдерде де көп жазылған. Отанында оның есімі бүгінгі күнге дейін үлкен құрметке ие. Түркияда ғылыми

зерттеулерді былай қойғанда, Ататүрік туралы жазылған естеліктердің, оған арналған өлең-жырлар мен дастандардың өзі том-том. Ол жайында көркем шығармалар, фильмдер, спектакльдер, музыкалық туындылар да жетерлік.

1990 жылдардың басынан бері Ататүрік жайлы ғылыми еңбектер мен мақалалар Қазақстанда да жарық көре бастады. Соның ішінде 1998 жылы Түркия Республикасының 75 жылдығына байланысты Срайыл Смайылдың «Ататүрік» атты кітабы жарық көрді. Бұдан ертеректе Мұстафа Кемалдың замандасы, қазақ баласы, Алаш қайраткері – Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Ататүріктің реформалары», «Ататүрік қазасы» сияқты Мұстафа Кемалға байланысты мақалаларын жариялап отырған. Сондай-ақ, қазіргі кезде Сейдахмет Құттықадамның «Служение нации» кітабында, Фадли Әлидің зерттеулерінде, Жансейіт Түймебаевтың «Ататүрік-түркі әлемінің ұлы перзенті», Мұртаза Бұлұтайдың «Жас ұрпаққа үлгі етерлік бір тұлға болса, ол – Ататүрік», Сауытбек Абдырахмановтың «Ататүрік» атты мақалаларынан Ататүрік өмірі мен қызметіне қатысты мағұлмат ала аламыз.

«Мен үшін ең ұлы қорғаныс ұясы, ең ұлы көмек көзі – ұлтымның кеудесі. Сондықтан да мен ұлтымның кеудесін ешкімге бастырмақ үшін барымды саламын!»,- деген ұстаныммен өмірінің соңына дейін өмір сүрген Мұстафа Кемал 1881 жылы 12 наурызда Осман империясына қарасты Грекияның Селаник қаласында дүниеге келді. Оның әкесі Әли Рыза бей ағаш материалдарынан сатуға көшкен бұрынғы орта деңгейлі кеден шенеунігі, анасы Зүбәйда ханым шаруа әйелі еді. Мақбүпә есімді қарындасы болған. Әкесі ерте қайтыс болып, анасының қолында өседі, анасы ұлының қаһармандыққа толы күрескерлік өмірінің куәсі болды. Орта әскери білімді Салоникте және Монастирде (Биола) әскери училищеде алған. 1905 жылы Ыстамбұлдағы Бас Штаб Академиясын бітіріп, жоғары әскери білім алып шыққан. Оқу жылдарында Мұстафа өзін қабілетті студент ретінде танытады. Жас бозбала білімге деген құшарлығымен француз тілінің мұғалімі Накиюддин бек Юджектің де көзіне түседі. Ұстаз бен шәкірт Ұлы француз революциясы мен Наполеон Бонапарт туралы, демократия мен тәуелсіздік жайлы ашық әңгіме құратын. Осы мұғалімнің әсерімен Кемал Вольтер, Руссо, Гоббс секілді көптеген ойшылдар мен философтардың еңбектерімен танысады. Осы кезден бастап ол бонапартизм рухымен «ауырады». Болашақта Ататүрікте Наполеон сияқты мемлекет тізгінін қолына алады, сол кезде оны Наполеонға ұқсататындар көп болады, ол сонда: «Наполеон кім? Тәж бен серуен соңында жүрген бір адам. Мен ондайлардан емеспін. Наполеон он түрлі ұлттардан көптеген адамдарды соңынан ертіп, серуенге шықты. Сондықтан мақсатына жете алмай орта жолда қалды. Мен бауырларыммен Отанымды азат етуге күш жұмсап келемін және мақсатыма жетемін» - деп жауап беріп өзін Наполеонға ұқсатуына қарсы болады [2; 29-б.].

Наполеон өз заманының керемет қолбасшысы болды, Ататүрік те солай. Алайда, ол одан асып түсті. Себебі, Наполеон соңында жеткенінің бәрінен айырылады. Францияның жағдайы нашарлайды. Ал Ататүрік жеңіске жетеді, мемлекет құрады. Наполеонның «Құдай мені алдыма мақсат қойып жіберген. Сол мақсатқа жетпегенше мені еш оқ алмайды» деген сөзі болса, Ататүріктің «Түрік деген- ең керемет халық. Түрік деген - мен» деген сөзі бар [3; 17-б.]. Жас бозбала шағында Ататүрік Наполеонға ұқсауға тырысқан да болар, кейін оны басқалар мемлекет, түрік халқы үшін атқарған қызметінен оның Наполеонға ұқсас қасиеттерін тауып, ұқсатқан да шығар, бірақ Ататүріктің өзі салған сара жолы, өзінің ешкім қол жеткізе алмаған өз биігі болды. Бұған ешкім таласа алмайды және онымен ешкім теңесе алмайды. Училищеде оқып жүргенінде, оның есіміне Кемал («кемел» - бұл түріктің де, қазақтың да «кемел, білімі толық, терең, жетік» деген мағынаны беретін сөзі) деген атау сөз сол кезде қосылған.

Оқу кезінде Мұстафа және оның достары революциялық идеяларды ұстанатын «Ватан» («Отан» ) қоғамының негізін қалайды. Бірақ ұйым мүшелері ойының ортақ



болмау салдарынан ол бұл жерден кетіп, жасырын түрде жас түріктердің «Бірлік және прогресс» партиясының құрамына кіреді. 1905 жылдың 5 қаңтарында (академияны бітірген, бірақ капитан шенін алмай тұрған кезі) оның бар мақсатын біліп қойған сұлтанның құпия қызметі Мұстафаны абақтыға жаптырады. Арада бірнеше ай өткенде академиядағы ұстаздары одан талантты офицер шығатынын айтып шығарып алады. Бірақ осы оқиғадан кейін ол Осман империясының дамыған еуропалық бөлігінде емес, артта қалған Дамаск қаласына жұмысқа жіберіледі.

Осылайша, Мұстафаның әскери карьерасы басталады. М.Кемал әскери адамның билік мансабына тез-ақ жеткен. Бұдан арғы Мұстафаның әскери жолы ғасырлар бойы алып империя болған Осман империясының ыдырау кезеңіне тұспа-тұс келді.

XI ғасырда көшпенді түркі халқының жер аумағы шығыста - Ұлы Қытай қорғанынан бастау алып, батыста - Дунай өзені, оңтүстікте - Жерорта теңізіне дейін созылатын аса зор жер көлемін алып жатқан. Негізінен қыпшақтар қоныстанған Ертістен Дунайға дейінгі, Қырымнан Ұлы Бұлғарға дейінгі аумақ Дешті - Қыпшақ деп аталды. Оғыздың Селжүк көсемі қалаған келесі патшалыққа Иран, Ирак, Кіші Азия, Оңтүстік Кавказ түгел енетін. Осылайша Орталық Азияны қыпшақтар мен оғыздар бөліп алған. Бұл алып аумақты ұлы түрік көсемдері найзаның ұшы, қылыштың жүзімен бағындырған. Міне, сол замандардан бізге «арабтар – пайғамбарлар елі, парсылар-ақындар, түріктер-көсемдер елі» деген мақал-мәтел жеткен.

XII ғасырда бұл алып кеңістікті әскерінің төрттен үші түріктерден құралған Шыңғыс хан әскері жаулап алды. Бірақ бұл моңғол билігін ғана мойындайтын жаңа түріктер еді. Әуелде түріктердің алғашқы толқыны тайталасқа түсті. Ескілер жеңіліске ұшырады, дегенмен көп ұзамай ескілер де, жаналар да өздерінің қандас бауырлар екенін түсініп, одақ құрды, бірлесті. Осының нәтижесінде екі түрік империясы пайда болды. Жошы ұлысына қарасты ел «Алтын Орда» аталды. Ал Осман империясы Шыңғыс ханның кенже ұлы Төлейдің ұлы Хулағудың қоластына қарады.

Алайда 1370 жылы Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ұлысына қарасты патшалықтан Әмір Темір империясы пайда болды. Оған Орталық Азия тарлық еткен соң, 1395 жылы солтүстіктегі Алтын Орданың ханы Тоқтамысты тас-талқан етті. Содан кейін оңтүстіктегі түрік сұлтаны Найзағай Баязиттің әскерін қирата жеңіп, оны 1402 жылы қолға түсірді. Егер түріктің осы екі патшалығы өзара қырқысқа түспей, бірігіп Еуропаға қол бастағанда, олар бүкіл дүниені түгел бағындыратын еді. Сондықтан Ақсақ темір «Еуропаның құтқарушысы» демеске амалыңыз жоқ.

1405 жылы ақпанда Әмір Темір қайтыс болған соң оның құрған алып империясы да көп ұзамай құрдымға кетті. Ал Осман империясы орнынан қайта тұрды. 1453 жылы 21 жасар түрік сұлтаны Мехмед II Константинопольді жаулап алады да, әлемнің ең ұлы империяларының бірі Византия өмір сүруін біржола тоқтатты. Осыдан кейін Мехмед II «Фатих» («Жаулап алушы») атағын алып, Константинопольді Ыстамбұл («енді бұл біздің астанамыз») деп атады. ХҮІІ ғасырдың басында Осман патшалығы Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Еуропаның Оңтүстігі мен Шығысы, Жерорта теңізінің шығысын түгел қамтыған алып аумаққа билік құрды. Қара теңіз бен Азов теңізі патшалықтың ішкі теңіздері еді. Осман сұлтандары мұсылман әлемінің дін басшысы - «Халиф» мәртебесіне ие болды. Әйтсе де, ХҮІІ ғасырдың аяғында ішкі тоқырау мен еуропалық державалардың сыртқы қысымдарының салдарынан алып империя ыдырай бастады. ХҮІІІ ғасырда оңтүстіктен Ресей патшалығы күшейіп, Осман империясына қысымшылық көрсете бастайды. ХІХ ғасырдың аяғында ол Еуропаның аграрлық-шикізат өндіретін бөлшегіне айналып, бірте-бірте ел экономикасы құлдырауға түсті. Барлық ыдырауға ұшыраған империялар сияқты мұнда да сатқындық пен жемқорлық кең қанат жайды.

Мұстафаның Сириядағы әскери өмірі дәл осы патшалықтың ыдырау үдерісінің шыңына жеткен кезеңмен қатар келді. Оның саяси көзқарасының қалыптасуына



басшылардың жағымпаздық және жемқорлық әрекеттері түрткі бодды. Бір кезде мақтаныш тұтқан империяның талан-таражға түсе бастағанын көріп, Мұстафаның жаны күйді.

1907 жылы Сириядан кетіп, өзінің туған жері Селаниктегі 3- армия корпусының штаб бастығы қызметіне тағайындалған соң, 1908 жылы Әнуар- паша мене Мұстафа Кемалдың жетекшілігімен жас түріктер ұйымдастырған төңкеріс басталады. Төңкерісшілер II Абдул - Хамит сұлтанның саяси режимі мен елдегі ол қалыптастырған конституциялық монархияны құлатты.

1912 жылдың 9 қазанында Түркияға қарсы Болгария, Сербия, Грекия және Черногория бірінші балқан соғысын бастайды. Бұл бірінші Балқан соғысында Түркия жеңіліске ұшырап, Ыстамбұл мен Шығыс Фракияның шағын бөлшегінен басқа еуропалық жерлерінің бәрінен айырылады. 1913 жылдың 29 маусымында Екінші Балқан соғысы бастау алды. Осы соғысқа қатысқан Мұстафа Кемал Диметокия менің Эдирненін Түркияға қайтарылуына үлкен еңбек етті. Болгарияны жеңген соң, Мұстафа подполковник шенін алып, сол елге әскери аташе қызметіне тағайындалды. Қарамағындағы дайындықсыз, білімсіз, қару-жарағы нашар әскерді басқарғанына қарамастан, бұл соғыстарда Мұстафа Кемал аса дарынды қолбасшысы екенін көрсетті.

1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Оның бір жағында Франция, Ұлыбритания және Ресей тұрса, екінші жағында Германия, Австро – Венгрия және Осман патшалығы тұрды. Мұстафа бұл тандаулы қателік деп есептеді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс бұрқ ете қалған кезде Мұстафа Кемал өзі шайқасқан майдандардың бірінде де сеніп тапсырылған іскерлерге шебер басшылық ете білді. 1915 жылдың сәуірінде Ол Галлиполи түбегінде британ қолын жарты айдан астам уақыт бойы ұстап тұрды, сол шайқастан кейін «Ыстамбұлдың құтқарушысы» деген атқа ие болды. Бұл түрік әскерінің бірінші дүниежүзілік соғыстағы сирек жеңісінің біреуі еді. Бұл соғыстан кейін Мұстафа Кемал дивизия генералы шенін, «Паша» құрметті атағын алады.

Осман армиясының Антанта Әскерлерін шайқаста жеңген жалғыз генералы Мұстафа Кемал десе де болады. 1916 жылы ол басқарған әскери бөліктер орыс әскерлерінің Эрзурум түбіндегі шабуылын тойтарған, Сакарья өзені бойындағы жеңістен (1921 жылдың 23 тамызы мен 13 қыркүйегінің арасы ) кейін Мұстафа Кемал ұлттық батырға айналды. Ұлы Ұлттық жиналыс оған маршал атағына қоса құрметті «Ғази» (Жеңімпаз) лауазымын берді. Мұстафа Кемал Ататүрік тарапынан құрылған ұлттық қорғану ұйымы түрік халқының ұлт-азаттық күресі тарихында жаңа бір ерлік дәуірін бастады. Алайда ұлтты құтқару күресі сыртқы жауды жеңіп, туған жерін азат етумен ғана шектелмейді. Ұлтты көтеру көбіне-көп ішкі реформаларға байланысты болатын да, реформаның қарқыны ұлттың бойындағы дерт-дербездің қандайлығына тәуелді еді. Мемлекетті қасіретке душар еткен дерт-дербезден құтқаруға бекем бел байлаған адам кез келген кедергіні жеңіп, алға қойған мақсатқа қарай батыл қадамдар жасауға тиіс. Ұлт күшін азаттық пен тәуелсіздіктен артық тағы қандай қасиетті нәрсе болмақ? [4; 208-б.].

1922 жылы түрік әскерлері барлық майданда шабуылға шықты. Басқыншылар туған жерден қуылды. Бейбіт бітім шарты жасалды.

1923 жылдың 24 маусымында Лозанн бейбіт келісімшартына қол қойылады. Бұл шарт Түркияның маскара капитуляция режимі мен халықаралық қаржылық бақылауға түсу кіріптарлығын жойды. Түркия жаңа шекарасын белгіледі. Оған шығыс Фракия, Измир және Севар келісімшарты бойынша бөлініп кеткен басқа да аумақтар қосылды. Осылайша, Түркия тәуелсіз державаға айналды. 1923 жылдың 29 қазанында Ұлы Ұлттық жиналыс Түркия Республикасын жариялады. Оның тұңғыш президенті болып Кемал-паша сайланды. Ұлттық жиналыс Мұстафа Кемал-пашаға «Ататүрік»

(түріктердің атасы) деген ататек берді. Елдің жаңа астанасы - Анкара болып жарияланды.

Түрік ұлтын, жаңа түрік мемлекетін заманауи өркениет деңгейіне жеткізу жолында Ататүрік жүзеге асырған реформалардың негізі принциптердің жиынтығы «ататүрікшілдік», «кемализм» деп аталады. Бұл-жалаң теория емес, Ататүрік құрған Түркия республикасы мемлекетінің практикалық тұғырдағы тұғырнамасы, идеологиялық арқауы, мыналар:

1. Республикашылдық (мемлекеттің және ұлттың тұрақты түрде республикалық құрылым жолымен басқарылуы);
2. Халықшылдық (мемлекеттің халық үшін қызмет етуі және оның халық тарапынан басқарылып отыруы);
3. Ұлтжандылық (ұлтжандылық, түрік ұлтының мүдделері мен мерейінің басты мақсаты болып табылады);
4. Мемлекетшілдік (барлық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени шаралар Түркия мемлекетінің мәңгі өмір сүруін және нығайтын қамтамасыз етуі керек);
5. Лаицизм (діни емес, зайырлы мемлекет жүйесі);
6. Революцияшылдық (тоқырауға жол бермеу, үнемі даму, жаңару үстінде болу, әлемдік өркениеттен артта қалмау).

1923-1937 ж.ж. Кемализмнің негізгі 4 принципі: этатизм, лаицизм (зайырлық), республикашылдық және халықшылдықтың жүзеге аса бастаған кезеңі болды [5; 74-б.].

Бұл принциптер 1937 жылы ресми түрде Түркия Республикасының Конституциясына енгізілді. 1960, 1986 жылғы конституцияларға енгізілген өзгерістер де бұл принциптерге нұқсан келтірген жоқ.

Осы принциптердің негізінде Түркияда Ататүріктің басшылығымен мынандай реформалар жүзеге асырылды:

- саясат саласында – сұлтандық жойылып, Түркия республика болып жарияланды. Түркияның жаңа парламенті – Ұлы Ұлттық Мәжілісі ұйымдастырылды, халифат таратылды, жаңа конституция қабылданды;

- құқық саласында – шарифат соттары таратылды, азаматтық кодекс және жаза туралы заңдар қабылданды, әйелдермен еркектерге тең құқықтар берілді, көп әйел алуға тыйым салынды;

- әліпбиі қабылданды, жаңа университеттер ашылды, білім берудің тұтас жүйесі қалыптастырылды;

- лаицизмге бағыт алу жолында – дін мемлекеттен ажыратылды, дәруіштердің ғибадатханалары таратылды. Әрине, дінге тыйым салынған жоқ;

- батысшылдық бағытында – сағат мерзімі мен күнтізбе өзгертілді (1926 жылдан бастап Түркияда еуропалық жыл санау жүйесі жүргізіліп келеді), ұзындық пен салмақ өлшемдері жаңартылды, фес орнына шляпа кию, басқа да еуропалық киім үлгілері енгізілді, фамилиялар (ататектер) туралы заң қабылданды және тағы басқалар;

- тарих ғылымы саласында - түрік тарихын шынайы тұрғыда жазу ісі қолға алынды, бұл үшін Ататүріктің өзі «Түрік тарихының басты бағыттары» атты бағдарламалық мәні бар арнайы еңбек жазды. Осы саладағы жаңа тұрпатты, жаңа идеологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіріп отыратын «Түрік тарих қоғамы» құрылды (1931 жылы) және ол күні бүгінге дейін жемісті түрде жұмыс жүргізіп келеді;

- тіл білімі саласында - түрік тілін араб - парсы элементтерінен мейлінше тазартып, бүкіл халық еркін түсінетін және қолданатын деңгейге көтеру басты мақсат етілді. Ататүріктің басшылығымен және тікелей араласауымен ұйымдастырылған «Түрік тіл қоғамы» (1932 жыл) өзінің тарихында бұл бағытта орасан көп жұмыс атқарды. Араб жазуының орнына латын жазуы енгізілді (1928жыл);



- экономикада – басқа елдердің капиталына арқа сүйеп, Осман империясы сияқты сол елдерге тәуелді, кіріштар болып қалмас үшін ұлттық капиталды ұлғайтуға, ұлттық экономиканы күшейтуге ден қойылды, «экономикалық тәуелсіздік- дербестіктің басты шарты» деп танылды;

- сыртқы саясатта-түрік ұлты мен Түркия Республикасы мелекетінің әлем шеңберінде құрметтелуі мақсатында шет елдермен әрі ұлттық, әрі адамгершілік негіздегі бейбіт қарым - қатынастар жасау көзделінетін болды [6; 4-б.].

Бұл ұлы адамның дарыны мен қабілеті соғыс майданындағы шайқастарда көбірек көрінді ме, жоқ әлде аяқасты болған Түркияның осы заманның жас та, салауатты ұлттық мемлекеттер қатарына қосқан реформалары көбірек көрінді ме? Ол жағын дәл басып айту қиын. Ататүрік басшылық еткен соңғы 10 жылдық реформа барысында Түркияда қол жеткен оң өзгерістерді, бәлкім, дүние жүзінде ешбір ел бастан кешірмеген шығар. Бұл реформалар елдің сыртын ғана емес, ең бастысы ішін, түрік халқының таным – түсінігін, ойлау жүйесін өзгертті .

Мұстафа Кемал құрған мемлекет жаңа түрік азаматтарын қалыптастырды. «Түрік азаматы кім?» - деген сұраққа Анкара университетінің студенттері былай жауап берген: «Түрік азаматы дегеніміз - Швейцарияның азаматтық құқықтары бойынша үйленетін, Италияның қылмыстық кодексі бойынша айыпқа тартылатын, Германияның процессуалдық кодексі бойынша соттасатын адам. Бұл адамды Францияның әкімшілік құқықтары негізінде басқарып, өлгенде ислам қағидалары бойынша жерлейді» деп жауап берген [1; 5-б.] .

Ататүріктің жеке өмірі басқа мемлекет басшыларыныңкінен өзгешелеу болды. Ол отбасылық өмірде бақытты бола алмады. Біріншіден, 42 жасқа келгенде, кеш үйленді. Оның әйелі Латифе Ушаклыгил хатшы болып қызмет ететін. Олардың некелік қатынасы екі жарым жыл өткен соң кенеттен бұзылды. Мұстафа Кемалдың балалары болмады. Алайда, оның балалар үйінен асырап алып, бауырға басқан сегіз баласы – жеті қызы мен бір ұлы болды. Қыздарының бірі Сабиха Гекчен түріктің тұңғыш ұшқыш әйелі болды.

1936 жылдың ортасында Ататүріктің денсаулығы сыр берді. Оның орасан зор еңбекке қабілеттілігі күннен-күнге төмендей берді, есте сақтау қабілеті нашарлады. 1938 жылдың наурыз аяғында дәрігерлер оған «бауыр циррозы» деген диагноз қойды. Бұл көп ұзамай «дүниеден өтесің» деген сөз еді. 1938 жылы 10 қарашада таңғы 9:05- те түріктердің атасы Мұстафа Кемал өзінің Долмабахче сарайында көз жұмды.

Осы жылы «Яш Түркістан» журналында Мұстафа Шоқай түрік бауырларының қайғысына ортақтаса отырып, былай деп жазды: «Түрік нәсілінің тарихында ең басты орындардың бірін иеленетін, ең ұлы тұлғалардың бірі Мұстафа Кемал Ататүрік сынды көсем-қолбасшының, ұлы реформатор және мемлекет қайраткерінің 57 жасында дүниеден өтуі қандай ауыр десеңші!»

1938 жылғы 26 желтоқсанда Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысы Ататүрікке қайтыс болғаннан кейін «мемлекеттің Мәңгілік басшысы» атағын берді.

Ататүрік өз халқын шексіз сүйетін еді. Өз халқын сүю деген сөз оның бойындағы кемшіліктерін, жаман, жат қылықтарын да сүю дегендікті білдірмейді. Ататүрік Түркия тарихының бағытын өзгертті. Оның реформалары Түркия тарихының жаңа бетбұрысына қызмет етіп, оның табыстан табысқа жете беруіне кепілдік беретіні шүбәсіз.

Ататүрік реформасының нағыз бағасын тарих өзі беріп келеді. Бұл күнде Түркияда болып жатқан онды өзгерістерге қарап бұл елдің болашағына енді ешқандай күдік- күмән жоқ екенін сеніммен айтуға болады. [4; 209-б.]

Мұстафа Кемал өзі басшылыққа келген кезінде паранжаға қарсы болды. «Әйелдердің бетін жауып ұстау әдеті біздің ұлтымызды күлкіге ұшыратады» деп



санады ол. Сөйтiп, паранжа жамылуға тыйым салынады. Ататүрiк - Аллаға сенiп, намаз оқыды, алайда фанатизмге қарсы болған.

Кемалшылардың Осман дәуiрiнен қол үзiнiң алғашқы қадамдардың бiрi ел астанасын Анкараға ауыстыру болатын. Алайда, Анкара ол кезде халқының саны 30 мыңнан да кем, шеткерi жатқан шағын қалашық едi. Сол кездерi бұл қаланың астана болатынына көбi күмәнмен қарады, Лондонның «Таймс» газетi келемеждеп көптеген мақала жазған болатын, алайда астана мәртебесi бәрiн де өзгерттi. Анкара қаласы Мұстафа күткендей шаһарға айнала бастады, қазiргi күнi әлемдегi әсем қалалардың бiрi.

Мұстафа Кемал Ататүрiк – бодан ұлттардың үмiгiн оятқан, қирандыдан шыққан елдiң еңсесiн тiктеудiң бағдарын жасаған аса iрi мемлекет және қоғам қайраткерi. Ол ұлттың Азат етушiсi, құтқарушысы, жауынгерi, мемлекеттiң ұйыстырушысы, дана әмiршi, нұрлы болашақ жолындағы күрескер, түрiктердiң атасы болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сауытбек Абдырахманов. Ататүрiк // Егемен Қазақстан. – 2006. – №17. – 5 б.
2. Әбдiуақап Қара. Ататүрiк Ақсақ Темiрдi ерекше мақтан тұтқан // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. – 2012. – №3. – 38 б.
3. Сейдахмет Құттықадам. Ататүрiк Наполеонға ұқсауға тырысқан // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. – 2012. – №3. – 17 б.
4. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. 2 т. – Алматы: «Қайнар». – 1999. – 517 б.
5. Шахнилер М. Кемализм: зарождение, влияние, актуальность. – М., – 1998. – 83 с.
6. Фадли Әли. Ататүрiк // Жас Алаш. – 2008. – №14. – 5 б.

УДК 930

Г.Н. Нұрланова

*И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қаласы, [Smuglianka81@mail.ru](mailto:Smuglianka81@mail.ru)*

#### КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ СОҒЫС ӨНЕРІНДЕГІ АҢШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ)

Мақалада көшпелі халықтардың дәстүрлі әскери өнерін қалыптастырудағы, ең алдымен, ұжымдық аң аулаудың функциясына көңіл аударылған. Ұжымдық аң аулау әдістерінің соғыс тактикасында қолданыс табуының заңдылықтары қарастырылған. Сондай-ақ мәселеге тарихнамалық талдау жасалады.

В статье рассматривая проблему становления военного дела кочевых народов, в первую очередь делается акцент на функции проведения коллективной охоты. Далее рассматриваются закономерности влияния методов проведения коллективной охоты на военную тактику кочевников. Также дается историографический анализ по данной проблеме.

The problem of formation of the military affairs of the nomadic peoples, primarily focuses on the function of collective hunting. The following sections discuss the methods of the influence of collective hunting nomad military tactics. It also provides a historiography analysis of this issue.

**Тірек сөздер:** көшпелілер, шаруашылық, аңшылық, соғыс, әскер, тактика.

Орта Азия көшпелі халықтарының дәстүрлі әскери өнерін қалыптастыруда, ең алдымен, ұжымдық аң аулаудың функциясы мен әдісіне көңіл бөлу қажет. Өйкені аң аулау көшпелілердің тұрмысы мен шаруашылығына ғана емес, сонымен қатар, әскери құрылысына да әсерін тигізді.

Соғыс және соғыс ісі ұланғайыр Еуразия территориясында өмір сүрген ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің өмірінде үлкен маңызға ие болған. Көшпелі халықтар ерекше әскери жүйені қалыптастырып, соның негізінде ғасырлар бойы Ұлы даладан шет аймақтарда өзінің қарсыластарынан әскери салада ылғи да басым түсіп отырған. Көшпелі өмірді өзіндік «әскерилендіру» ортағасырлық көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетіне де ықпалын тигізді.

Көшпелілердің әскери тарихының көп аспектілі мәселелері республикадан тыс жерлерде жан-жақты зерттелуде. Қазақстан көшпелілерінің соғыс ісі жайлы жекелеген маңызды еңбектер жақында ғана шыға бастады. Дегенмен Қазақстан тарихнамасындағы әскери - тарихи бағыт әлі де болса жүйелі зерттеуді талап етеді.

Зерттеушілердің пайымдауынша «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананың қалыптасу концепциясы және оның негізгі мақсаты бұл - көшпелілердің дүниежүзілік өркениетке тигізген пайдасы, Қазақстан тарихындағы номадизмнің орны мен рөлі және сонымен қатар әскери мәдениеттің зерттелуі болып табылады.

Көшпелілердің әскери - ұйымдасқан моделі үлкен тарихи кезеңде өмір сүрген ірі-ірі көшпелі тайпалардың қоғамдық-саяси құрылымына негіз болды. Көшпелі қоғамның эволюциясында әскери қоғамның орны ең біріншіден номадизмнің жалпы тарихында ғылыми зерттемелік тұрғыдан қаралады. Көшпелілердің соғыс ісінің қалыптасуын зерттеу қазіргі концепцияны тереңдетіп және сол кездегі өркениеттің құрылымын түсінуге, көз алдымызға елестетуге көмектеседі.

Көшпелілер тарихын зерттеуде ең басты бағыт бұл - әскери - тарихи тақырып болды. XIX ғасырдың өзінде - ақ монғолдардың әскери өнеріне қатысты еңбектер шықты. Солардың ішінде көшпенділердің әскери тарихы туралы зерттеулерге негіз болған генерал – лейтенант М. И. Иваниннің жазып қалдырған очеркін атап кету қажет. Сол кездегі барлық зерттеулер секілді, оның да еңбегінің әлсіздігі деректердің аздығында болып табылады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, неолиттік революция кезеңіне дейін қазақ даласында аңшылық пен терімшіліктің мәдени шаруашылық типі басым болған. Қазақстан және онымен шекаралас аймақтарда аңшылық үлкен роль атқарды. Бұны тұрақтардан табылған аң сүйектерінің 90 %- ы тұяқтылардікі болуы дәлелдейді.

Ерекше назар аудартатын еңбектің бірі бұл доктор Е. Хара - Даванның «Чингисхан как полководец и его наследие» атты кітабы. Еңбектің ерекшелігі монғолдардың XIII-XIV ғасырлардағы әскери жүйесіне толық сипаттама беріліп, жан-жақты зерттеу жүргізілген. Аң аулаудың номадтардың әскери құрылымында орны өте маңызды екендігі көрсетілген.

Б. Я. Владимирцов монғол тайпаларының қоғамдық құрылысын зерттеуде, өзінің көңілін көшпелілердегі аңшылықтың әскери және әлеуметтік - саяси өміріне тигізген әсерін қарастыруға аударды.

Зерттеуші Н.Ә. Масановтың пікірінше, «тайпалар жабайы аңдардың соңынан көшіп аулағанның есебінен көшпелі мал шаруашылығы қалыптасты» дейді. Ежелгі және ортағасырлардағы деректерде Орта Азияның көшпелі халықтарының аңды қаумалай аулауы жайлы көптеген мәліметтер жиі кездеседі. Мысалы, Н.Я. Бичуриннің еңбектерінде «хуннулар әдеттегідей малдарының соңынан көшіп жүрген және сонымен қатар аң аулап өздеріне азық ретінде пайдаланған...олар (хуннулар) бірнеше мың аттылар болып жиналып аң аулаған» - деген мәліметті кездестіруге болады. Гильом де Рубрук жазып қалдырған мәліметтерде: «Олар аңға шығар алдында, бір жерге көптеп жиналып, өздері

жақсы білетін және аңдары көп жерді қоршайды да бір-біріне аздап жақындай бастайды» - делінеді [1].

Ал Моңғол империясында аңдарды қаумалай аулау мемлекеттік құрылыстың маңызды бір бөлігі болып табылады.

Құбылай хан билік құрған тұста ханның аңшылығын ұйымдастыру үшін арнайы екі басшы - құншылар сайланады. Әр құншының қоластында - он мың адамнан болған, біріншілері қызыл түсті киім киген, екіншілері көк түсті киім киген. Ұлы хан аңға шыққанда қызыл түстілері бір жағында жүрсе, көк түстілері екінші жағынан орналасады. Осылай аңдарды қыспаққа алып аулайды. Аңшылардың түрлі - түсті киім киюінің себебі тізілген сапты бұзбай екі жақтан бірдей қоршау болып табылады. Мұндай аң аулау әдістері соғыс жүргізу барысында жиі қолданылған болатын.

Аңды қаумалай аулау дәстүрі Қытай мен Монғолияда XIX ғасырға дейін сақталған.

Аңшылық пен соғыс жүргізу тактикаларының бір-біріне ұқсас екі элементі бар:

- екеуіне де адамдардың үлкен контингенті қатысады;
- белгілі бір территорияны қоршау [2] .

Б. Я. Владимирцовтың көрсетуі бойынша, ортағысырлық моңғолдарда ханды тек соғыс жүргізумен аңды қаумалай аулау үшін ғана сайлаған, ал билік болса оның (ханның) шыққан руының күші мен байлығына байланысты болған. Аңды қаумалап аулау құрылымының жүйесінде қатысушылардың орны мен атқаратын ісі олардың руының, тайпасының немесе сол адамның қоғамдағы әлеуметтік статусы мен орнына байланысты болған. Қаумалап аулау құрылымының маңызды орындары болып – орталығында орналасу, қанаттарының соңындағы және тұтқиылдағы аңшылардың орналасқан жерлері саналды. Аңшылықтың бұл түріне тек жылқысы бар адамдар ғана қатыса алды. Мінер жылқысы жоқ кедей-кепшіктер аңшылыққа қатыса алмай көмекші ретінде жүрді (олжаны тасымалдау және т.с.с). Әрине көшпелі малшылардың мәдени-шаруашылық типі аңшылықтың әсерімен қарулы күштер құрылымында алдыңғы орынға атты аңшы мен ат мінген жауынгердің шығуына себеп болды.

Аңды қаумалай аулау түріне жасы сай келетін ер адамдар құқылы болды. Көшпелілерде толық құқылы аңшы болып 12-14 жастан саналатын, дәл осы жас аралығынан бастап жасөспірімдер әскери міндеттерін атқара бастайды. Аңшылар мінетін жылқыларды күтіп-баптауға ерекше көңіл бөлінген және оларды дайындаудың өзіндік әдістері болған. Ірі аңшылықтарға әр адам 2-3 жылқыдан алған [3] .

Аңшылықта қатаң тәртіп сақталған. Тарихи деректерде XVIII ғасырда моңғол құқығының ерекшелігінде аңды қаумалай аулаудағы заң бұзушылық жайлы бірнеше тармақтар бар. Мысалы, аңшылық кезінде абайсызда адам өлтіріп алғандай жағдай болса, адам құнының жартысын ғана төлеген, ал егер қаумалай аулау кезінде тізілген сап бұзылса, кінәлі айыппұл ретінде бес жылқы төлейтін болған. Шыңғыс ханның Ясса заңдар жинағы бойынша «аңдарды жіберіп алған аңшыны таяқпен ұру арқылы жазалаған, кей жағдайларда өлім жазасына кескен». Мұндай қатал тәртіп аңшылық кезіндегі заң бұзушылықты болдырмауға негіз болған.

Орта Азия көшпелілерінің аңды қаумалай аулау әдістері мен басқа халықтардың аңшылық дәстүрлерін салыстырсақ ұқсастықтарды көруге болады. Мысалы, үндістердің (Солтүстік Америка) жазды күні бизондарды аулауы өте ұқсас. Үндістердің аңшылығының құрылымы көшпелілердің аңшылығымен туыстас: екі қанатты басқаратын арнайы жетекшілер – «акациттер» деп аталды, сондай-ақ тәртіп



сақшылары, бизон тобының із кесушілері және тағы сол сияқты арнайы құрылымдар болды. Үндістердің қаумалай аулау тәсілінде Орта Азия көшпелілерінде секілді қатаң тәртіп сақталып отырған. Қазіргі кездегі зерттеушілердің көрсетуі бойынша аңды қаумалай аулау принципі өзгеріссіз қалған.

Көшпелілердің әскери ұйымдасу жүйесінде міндетті түрде ондықтарға бөліну болды (10, 100, 1000, 10 000). Мұндай әскери - иерархиялық принцип көптеген көшпелі халықтарға тән болды: ғұн, жужан, ежелгі түріктер, ұйғыр, енесей қырғыздары, кидан, моңғол, XVI ғасырдағы өзбектер, жонғар, қырғыз және қазақтар.

Көшпелілердің әскери тарихына арналған XIX ғ. мен XX ғ. басындағы ғылыми әдебиетте монғолдардың әскери өнері тақырыбы басты орында болды, себебі сол уақытқа дейінгі көшпелілердің ұлы жеңістері Шыңғыс хан мен оның ізбасарларының соғыс өнері мен жеке бас қасиеттеріне жатқызылды [4].

40-50 жылдардағы «әскери - көшпелі тарихнама» С.Н. Абрамзонның және А.А. Росляковтың бірнеше мақалаларымен толықтырылды. Алғашқысы қырғыз халқының әскери тарихын қарастыруда негізгі дерек көзі ретінде тарихи - этнографиялық материалдармен «Манас» эпосын алған, сол арқылы қырғыздардың әскери ісіне мінездеме берді. А.А. Росляковтың еңбектерінде зерттеу объектісі Орта Азия халықтарының (негізінен түркімендер) соғыс ісінің әр түрлі қырлары болды. Ол әскердің құрылымы, құрамы, қару-жарағы, әскери тактика, қорғаныс және тағы да басқа аспектілерді қарастырды. Азия көшпелілерінің әскери жүйесінің алдыңғы қатарлы жақтарын ашып көрсетті. Деректердің жеткіліксіздігі мүмкін Қазақстанның әскери тирахын жарыққа шығаруға кедергі болды, сонымен қатар көшпелі әлемнің әскери эволюциясын ( дамуын) салыстыруға, теңестіруге де мүмкіндік болмады. Осы жылдары В.Н. Кунның «Черты военной организации средневековых кочевых народов Средней Азии» атты еңбегі жарыққа шығады. Онда әскерилендірілген аңды қоршап аулау тәсілдері қарастырылып және алғаш рет көшпелілердің аңшылық пен соғыс ісінің өзара байланысының ұқсастығы көрсетілді. Біздің ойымызша көшпелілердің соғыс ісіне табиғи жағдайлардың әсер еткенін ашып көрсеткен және осы саладағы проблемаларды зерттеуге бағыт-бағдар берген алғашқы мамандардың бірі В.Н. Кун болып табылады.

60-90 жылдары КСРО-да ежелгі және ортағасырлық кезеңдегі әскери өнер жайлы көптеген жұмыстар шықты. Олардың үлкен бөлігі сақ-сармат көшпелі мәдениетіне арналған. Бұл зерттеулер 70-80 жылдары ірі монографиялармен, жинақтармен және мақалалармен толықтырылды. Олардың көбінде негізгі объект ретінде көшпелілердің қару - жарағы алынып, оған талдау жасалған.

Қазіргі қарутану жайлы еңбектердің ішінен фактілік материалға өте бай Ю.С. Худяковтің монографиясын бөліп көрсету қажет. Оңтүстік Сібір мен Орта Азияның ежелгі дәуірдегі және ортағасырлық кезеңдегі көшпелілердің қарулануын зерттей отырып, ол кидандар мен монғолдардың аңды қоршап алып аулау тәсілдеріне ерекше көңіл бөлген. Зерттеушілердің көбі, көшпелілердің соғыс ісін қарастыру кезінде олардың ерекше әскери жүйе мен тактикаларының шығу тарихына көп назар аудармайды. Ал соңғы 40 жылда шыққан еңбектерден біздің байқайтынымыз, соғыс ісінің генезисін қарастыруда негізгі назар жаңа қарудың шығуы, оның даму эволюциясы мен әскерді комплекстік қаруландыру ісін зерттеуге қойылған.

Шетелдік әдебиеттерді алатын болсақ (әсіресе ағылшын тіліндегі), әскери істің дамуының тарихы жете зерттелмеген, соғыс ісі онда тек жалпы тарихтың бір бөлігі ретінде ғана қарастырылған. Солардың ішінде батыстық зерттеушілерден

К.Д. /Оссен, Х. Ховард, Е. Паркер, Ф. Скрайн, Е. Россо, Дж. Скетлон, А. Хазановты атап өтуге болады.

Қазақстан тарихнамасында қазақтардың әскери тарихы жайлы бірінші әрі жалпылама еңбек ретінде А. Рязановтың «Советская Киргизия» атты журналда жарияланған мақаласын айтуға болады.

60-шы жылдардың аяғында Г.И. Семенюктің толығымен орыс деректеріне негізделген қазақтардың XVIII – XIX ғғ. әскери ісі туралы мақаласы жарыққа шықты. Мақалада Ресей империясының құрамына кірген қазақтардың қару-жарағы және соғыс тактикасы жайлы зерттеулер жүргізілген. Бірақ келтірілген деректерде қаруланудың деңгейі мен қазақтардың соғыс құрылымының механизмі толық ашылмаған.

70-ші жылдардың басында К. Смагулованың көлемі жағынан кішігірім «Оружие казахов XVI – XIX вв.» атты хабарламасы ҚазҰУ студенттерінің ғылыми жұмыстары жинақтамасында жарық көрді. Ол қазақтардың соғыс қаруын үш топқа топтастырды: суық қару, сермеп лақтыру және отты қару. Соның ішінде сол уақытта басым қару түрі суық қару болды деп көрсетеді.

Қазақтардың қару-жарағына қатысты проблемалар А.Т. Қайдаров пен В.П. Курылевтың мақалаларынан талдау тапты.

Қазақ деректерін қарастыра отырып, А.Т.Қайдаров жауынгердің жеке бас қару - жарақтарының көптеген түрлерінің (типтерінің) атауларын табуға мүмкіндік берді.

Санкт-Петербургтегі Ұлы Петр атындағы антропология және этнография мұражайында сақталған В.П. Курылевтің еңбегі қазақтардың қарулану тәсілдеріне арналған. Ол алғашқылардың бірі болып қазақтардың әскери іс-қимылдар кезінде пайдаланатын суық қару түрлері – айбалталарына, шокпарларына, садақ ұштарына, қылыштарына, мылтықтарына классификациялық күрделі талдау жасады, қарудың жасалу материалын көрсетіп, жекелей қарудың қолдану формасын жазды.

Шығыс деректерінің негізінде жазылған Т.И. Сұлтановтың «Казахстан: летопись трех тысячелетий» атты еңбегінде XV – XVII ғғ. қазақ әскерінің саны жайлы құнды материалдар келтіріледі. Қазақстанның кейінгі ортағасырлық әскери-саяси көрінісін толықтыратын сол кезеңдегі көшпелілердің әскери рәсімдеріне (әскери ту, байрақ, ұран) баса көңіл аударған. Дегенмен қазақтардың әскери өнері тарихында өзіндік тарихнамалық салт қалыптасқанымен, арнайы зерттеулер тек кейінгі жылдары ғана жүргізілуде.

Ондық жүйенің пайда болуы туралы әр түрлі пікірлер айтылды. Б.Я.Владимирцовтың пайымдауынша, бұл рулардың тайпа, айыл болып бөлінуіне байланысты болды, яғни көлеміне байланысты әскерді он, жүз, мың сарбаздан бөліп отырды. Ғалымдардың басқа тобы бұл жүйенің пайда болуын рулар мен тайпалардың әскери негізде бірігуімен байланыстырады.

Осылайша, көшпелілердің ұйымдасқан әскери құрылымымен аңды қаумалай аулаудың келесі ұқсастықтарын бөліп көрсетуге болады:

- 1) көп адамның қатысуы;
- 2) үштік болып ұйымдасу (оң, сол қанат және орталық);
- 3) иерархиялық принцип бойынша бөліну;
- 4) басқарушының болуы;

Көшпелілік пен аңшылықтың болуы дәстүрлі соғыс өнерінің қалыптасуына түрткі болды [5].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кушқумбаев А.К. Военное дело казахов в 17-18 веках. Алматы, 2001. 21 б.

2. Худяков Ю.С. Военное дело кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск, 1987.
3. Ахмежанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлар қару-жарағы, әскери өнері, салт- дәстүрі). Алматы, 1996.
4. Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. Алматы, 1997.
5. Кушқумбаев А.К. Военное дело казахов в 17-18 веках. Алматы, 2001. 24 б.

**ӘОЖ 94.100**

**Г.Н. Нұрланова**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*  
[Smuglianka81@mail.ru](mailto:Smuglianka81@mail.ru)

### **ДІНИ СЕКТАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ДЕСТРУКТИВТІ ЭЛЕМЕНТТЕР**

Мақалада ХХ ғасырдың ең жарқын ерекшеліктерінің бірі көптеген діни-философиялық ағымдардың, діни қозғалыстардың, рухани топтар мен ерекше мистикалық мектептердің пайда болуы жайлы қарастырылады. Өртүрлі діни ұйымдардың өзіндік діни сенімдері мен дәстүрлерінде әлеуметтік белсенділігі өзіне тән формаларда көрініс тауып, қазіргі таңда әр түрлі бағытта даму үрдісінде көрініс табады.

В статье рассматриваются о религиозно-философских течениях, о религиозных движениях, духовных групп и как образовались мистические школы ХХ века. У каждой религиозной организации есть свои верования и обычаи, и по этому сейчас они развиваются в разных направлениях.

The article discusses about the religious and philosophical currents, religious movements, religious groups, and how the mystery schools of the twentieth century were formed. Each organization has its own religious beliefs and manners, and on this they are now developing in different directions.

Адамзат тарихының барлық кезеңдерінде адамның жаратушы туралы түсінігі жалпы әлемді танып-білудегі іс-әрекетімен тығыз байланысты болды. Әрбір дәуірдің ойшылдары өз зерттеулерінің объектісі ретінде әлемдік өркениеттің үш феномені – дін, қоғам және мемлекетті жиі қарастырды.

Жер бетіндегі көптеген адамдар үшін дін алға жетелеуші күш «үміт сәулесі» болып табылады.

Негізінен конфессиялардың барлығы дерлік, махаббат, әділдік, бейбітшілік, үміт секілді жан-жақты жалпы адамдық құндылықтарға негізделеді. Дегенмен, осындай жалпы қасиеттерге негізделе отырып, әртүрлі діни ұйымдардың өзіндік діни сенімдері мен дәстүрлерінде әлеуметтік белсенділігі өзіне тән формаларда көрініс тауып отырады. Олардың ықпал ету аясы өте кең, яғни әлеуметтік реформалар жүргізуден бастап, діни тұрғыда негізделе отырып, қоғамдық құрылысты революциялық тұрғыда қайта құру болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, дінде бір-біріне қарама-қайшы келетін үрдістер қалыптасып дамиды.

ХХ ғасырдың ең жарқын ерекшеліктерінің бірі көптеген діни-философиялық ағымдардың, діни қозғалыстардың, рухани топтар мен ерекше мистикалық мектептердің пайда болуы. ХХ ғ. культтарын сондай-ақ дәстүрлі емес конфессиядан тыс альтернативті діндер немесе жана діни қозғалыстар деп те атайды. Бүгінгі күнде әлемдік діндермен қатар 30 мыңнан астам басқа да діни ағымдар мен культтар бар. Бұл ағымдар өздеріне таңылған сынға қарамастан және конфессия ретінде



мойындалмағанмен, әлі де өздерінің ізбасарлары мен қолдаушыларын табуда. Бұрын мүлдем белгісіз пайғамбарлардың айналасында ірі діни орталықтар қалыптасты.

Қазақстан осындай діни ұйымдардың назарынан тыс қалған жоқ. 1990 ж. бастап, 2006 ж. дейінгі аралықта біздің еліміздің территориясында осындай ұйымдардың саны 671-ден 3 420 – ға жетті. Мұны республиканың электронды үкіметінің сайты дәлелдейді. Бір ескеретін жайт, секторлардың, діни ұйымдардың басым бөлігі ТОО, НПО немесе әр түрлі салада көмек беретін қорлар ретінде тіркелуі. Ал, діни сипаттағы ұйымдардың тізімінде олар тіркелмеген болып шығады. Осының есебінен сайтта көрсетілген және алынған әртүрлі ұйымдардың саны анағұрлым көп болуы мүмкін[1]. Осының негізінде заңды түрде келесі сұрақтар туындайды: бұл діни ұйымдар қызметінің сипаты қандай, әртүрлі культтардың тез қарқынды түрде көбеюінің себебі неде және оларға қалай қарау керек?

Қазақстандағы діни ұйымдардың сипаты әртүрлі: исламдық, православиелік, католиктік, протестанттық, буддистік және т.с.с. Қазіргі культтардың негізгі бөлігі, әсіресе христиандық культтардың қалыптасу тарихы кеңестік кезеңнен басталып, халыққа бұрыннан таныс болып келеді: Жетінші күн Адвентистері (61 филиал), Иегова куәгерлері (105 филиал), пятидесятниктер (50 филиал) және т.б. Бұлар ХІХ ғ. өзінде-ақ қалыптасып, қазіргі кезде дәстүрлі діндердің қатарында тамырлары терең әрі берік орныққан. Алайда, олармен бірге посткеңестік кезеңде жаңбырдан кейін шыққан саңырауқұлақтай көптеген экзотикалық топтар, секталар, қозғалыстар пайда болып, дәстүрлі діни ағымдардың бағытынан алшақ дами бастады. Мысалы: Сайентология шіркеуі (Дианетика), Аум Синрике, Кришна санасының Халықаралық қоғамы (кришнаиттер), Бірігу шіркеуі(мунистер), «Грейс» (рахымдылық), «Аллы-Аят», «Ата жолы» және т.б. Олар әртүрлі діндер элементтерінің және ғылыми немесе ғылыми емес білімнің синтезін іске асырады.

Отандық және шетелдік дінтану саласында осындай көптеген культтардың жалпыға ортақ типологиясы жоқ. Бұл негізінен сан-алуан діни ағымдардың мәндік белгілерін анықтауда, олардың қызметінің әдістерімен әлемге деген көзқарасын білудегі туындайтын қиындықтармен түсіндіріледі.

Діни доктриналардың мазмұнына қарайтын болсақ дәстүрлі емес діндердің басым бөлігі неохристиандық ағымдарға жатады – «Христос шіркеуі», «Жанаапостолдық шіркеу» және т.б. Осы топтардың басшылары өздерінің «көздерінің ашылғандығын» алға тарта отырып, христиандықты «қайта оқу» қажет деп санайды. Сондай-ақ негізінен Шығыстан ала отырып, индуизмнің, буддизмнің әртүрлі варианттарын модернизациялау арқылы пайда болған жаңа бағыттағы бірлестіктер де назар аударарлық – кришнаиттар, «Ананда Марга», «Жаратушы жарығының миссиясы» және т.с.с. «Бірігу шіркеуі», «Сайентологиялық шіркеу», «Аум Синрике» секілді қозғалыстарды синкретикалық және универсалды қозғалыстар қатарына жатқызады. Себебі, олар барлық шіркеуді бірігуге шақырады немесе адам психикасының құпияларын ашуға талпынады. Әсіресе оккультті-мистикалық ағымдар мен мектептердің белсенділігі жоғары – «Нью Эйдж», «Грейс» және т.б. Олар әртүрлі діндер элементтерінің синтезін іске асырады. Сонымен қатар жаңа пұтқа табынушылық бағыттары да көрініс табады. Мысалы: Порфирий Ивановтың уағыздары.

Діни мазмұнды әдебиетте және мемлекеттік құжаттардың түпнұсқаларында жоғарыда аталған діни ағымдарды көп жағдайда «тоталитарлық немесе деструктивтік культтар» деп сипаттайды. Тоталитарлық немесе деструктивтік деп сипаттаудың критерийлері ретінде олардың шын мәніндегі өз мақсаттарын жасыруы, адамның санасын толығымен жаулап алуы, адам денсаулығына зиян келтіруі сияқты белгілері келтіріледі.

Адамдардың жаңа ағымдар мен секталарға қосылуының себептері әртүрлі. Біріншіден, бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Біздегі көптеген

экономикалық мәселелер шешілмей және әрбір адам өзін материалдық тұрғыда тәуелсіз деп сезінбей, Қазақстан сектанттар үшін қолайлы ел болып қала береді. Екіншіден, қоғамның қоғамдық – саяси және рухани тынысы. Күнделікті дәріптелген демократиялық құндылықтар мен іс жүзіндегі олардың іске асуы арасындағы сәйкессіздік қоғамның идеологиядан көңілі суып, жаңа өзгерістерге рухани жол табуына итермелейді және сол арқылы көпшіліктің көңілінен шығатын қоғам құруға мүмкіндік туады деген сенімді қалыптастырады. Үшіншіден, дәстүрлі наным-сенімдердің әлеуметтік жаңару жолы. Жаңа келген пайғамбарлардың адамның іс-әрекетін сынға алуы, әлемді шынайы түрде жақсылыққа итермелеу деген түсінік қалыптастырады.

Мұндай діни қоғамдарға қалай қарау керек? Оларды жабу қажет пе? Бірақ саяси салада да осындай қатаң сынға лайық шындық жатыр. Барлық мемлекеттерде билікке оппозиция танытушы топтар бар және бұл мемлекеттің тұрақтылығына әсер етпейді. Саяси партиялардың арсеналында көптеген популистік әдістер, демагогия және алдаушылық (жалғандық) бар. Сол арқылы олар өз қолдаушыларын табады, ал заң бұған қауқар тынытпайды. Діни культтардың әдіс-тәсілдері жалпы алғанда құқыққа қайшы келмейді. Мәселе басқада, яғни бұл ұйымдар қызметінің сипаты, олардың мақсаты мен міндеттері, экономикалық, әлеуметтік, психологиялық салдары. Сондай-ақ республика үкіметінің сайтында тіркелген 3 мыңнан астам ұйымдардың барлығы бірдей мемлекет пен қоғамға зиян келтірмейді. Бұдан келіп шығатын қорытынды, осы секталарды, топтар мен бірлестіктерді тарихи діндердің шеңберіне кірмейді деген себеппен айыптап, тыйым салу ешбір нәтиже бермейді. Жалпыға бірдей адам құқықтары туралы Декларацияның 18 бабы кез келген адамның еркін ойлауға, сөз бен дін бостандығына ие болуға құқығы бар дейді. Сондай-ақ декларация тұлғаның негізгі-құқықтарын дәріптей отырып, ешкімнің де оларды бұзуға немесе күш көрсетуге құқығы жоқ деп көрсетеді. Осы ережелерге сәйкес қалыптасып, ресми тіркеуге алынғандарды емес, заңға қайшы іс-әрекет етуші ұйымдарға шектеу қою қажет.

Қазақстандық құқық қорғаушы органдар БАҚ-ның мәлімдеуінше, діни ұйымдардың іс-әрекетін бақылай отырып, олардың заңға қайшы іс-әрекеттеріне шек коюда.

Осылайша, мысалы, «Алия-Аят» және «Ата жолы» атты оккультті-мистикалық топтардың іс-әрекетіне тыйым салынды [2]. 2009ж. шілде айында ҚР Бас прокурорының тапсырысы негізінде Астана соты экстремистік деп тауып 207 ақпараттық мәні бар материалдарға тыйым салды. Бұлар негізінен, «Хизбут-Тахрир» діни партиясының, «Мұсылман ағайындыларының Ассоциациясы», вахабистердің брошюралары, кітаптары мен листовкалары [3]. Республикалық газеттер Қазақстандағы сайентология піркеуінің, «Грейс-Благодать» атты миссионерлік орталықтың жасырын іс-әрекеттерін әшкерелейді.

Жоғарыда аты аталған ұйымдардың барлығы тек құқық қорғаушы органдардың ғана емес, сонымен қатар ҚР Үкіметінің жанындағы діни бірлестіктермен байланыс Кеңесінің де бақылауында болып отыр. Кеңес болашақта экстремистік іс-әрекеттерді болдырмау мақсатында және азаматтарды деструктивті күштердің ықпалынан қорғау мақсатында үнемі діни қозғалыстардың, топтар мен секталардың мониторингін өткізіп тұрады [4].

Діни ұйымдардың экстремизмі мен деструктивтілігі неден көрінеді?

«Хизб-ут-Тахрир аль-Ислами» («Ислам қайта өрлеушілігінің партиясы») атты діни-саяси партия халықаралық деңгейде белгілі. Бұл партия Израильдік сионизмге қарсы күресу және Палестинаны шетелдік оккупанттардан құтқару мақсатында 1953 ж. құрылды. Алайда уақыт өте келе бұл партия өз қызметінің аясын кеңейтті. Қазіргі уақытта бұл ұйымның басты мақсаты ең алдымен мұсылман елдерінде, біртіндеп әлемдік масштабта «Дүниежүзілік ислам халифатын» қалпына келтіру арқылы



исламдық емес үкіметтерді жойып, исламдық билікті орнату. Партияның бағдарламасына сәйкес осы мақсатқа жету үшін кезеңнен өту қажет. Бірінші және екінші кезеңдерде іс-әрекеттердің антимемлекеттік сипаты байқалмайды, ол тек үгіт-насихат арқылы жер-жерлерде халықтың сана-сезіміне ықпал ететін ошақтарды құру арқылы және листовкалар мен кітапшалар тарату арқылы іс-әрекет ету. Үшінші кезеңнің міндеті билікті басып алуды көздейтін саяси күрес. Күрес әдісі – бейбіт түрде, яғни ұйымға жаңа мүшелерді тартуды жеңілдету үшін ыңғайлы күш қолданусыз «хизбуттықтардың» билікке келу жолы. Партия құрамына негізінен өмір тәжірибесі аз 17-25 жас аралығындағы жастар кіреді. Алайда «Хизб-ут-Тахрир» өз қатарына мемлекеттік шенеуніктерді де тартуды немесе мемлекеттік органдарға өз адамдарын кіргізуді көздейді. «Хизбуттықтардың» назарында сондай-ақ спортшылар мен криминалдық орта да бар.

Ұйымның материалдық базасы оның мүшелерінің күш салуы арқылы көптеген коммерциялық фирмалар мен кіші өндіріс орындары арқылы қалыптасады. Топтың әрбір мүшесі өз кірісінің 20%-н жалпы қазынаға аударады. Бұл ақша материалдық жағдайы төмен ұйым мүшелеріне көмек ретінде таратылып отырады.

Кірісі төмен және жұмыссыздық деңгейі жоғары аудандардағы экономикалық қиындықтарды шешудің осындай дәстүрлі қоғамдық принципі «Хизб-ут-Тахрирды» жақтаушылар қатарының көбеюіне қолайлы жағдай тудырды.

Беделі жоғары мұсылмандық улемдердің мәлімдеуінше, «Хизб-ут-Тахрирге» мұсылмандарды халифат құруға шақыруға не құқықтық не шарифаттық құқық берілмеген және партияның барлық іс-әрекеттері мұсылман қоғамын ыдыратуға бағытталған.

«Хизб-ут-Тахрирмен» күш қолдану арқылы күресу еш нәтиже бермейді, себебі бұл ұйым терең тамыр жайған бір-бірімен байланысы алшақ ұсақ топтар мен ұйымдарға бөлінген және бір немесе екеуін тұтқындау жалпы ұйымның өзін жойып жібере алмайды.

Кейбір «Талибан», «Түркістанның исламдық партиясы» (бұрынғы «Өзбекстанның исламдық қозғалысы»), «Исламдық джихад-моджахедтер джамааты», «Аль-Кайда» секілді исламдық діни ұйымдар мен «Таблиги Джамаат» секілді діни-миссионерлік қауымдастық күрестің ең агрессивті әдістерін, тіпті террорлық әдістерді де қолданады. Идеологиялық тұрғыда олар радикалды исламды белсенді түрде дәріптеуді, діни фанатизмді қалыптастыруды көздейді. Орталық Азия мемлекеттерінің территориясында, оның ішінде Қазақстанда олардың мақсаты – ислам мемлекетін құру.

Исламдық діни ұйымдардан басқа да жаңа христиандық, буддистік діни бірлестіктер, әртүрлі мистикалық секталар да қауіпті саналады.

Өткен ғасырдың 90 ж. Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Шонжы елді-мекенінде Фархат Абдуллаев атты адам өзін «Жаратушы Алла» деп атап, «Алля-Аят» атты секта құрды. Ф. Абдуллаев қайтыс болған соң үгіт-насихат жұмыстарын оның әйелі (жесірі) Нина (Қасиетті Нина, Нина-апа) жалғастыруда. Бұл сектаның мүшелері не Құранды, не Библияны, не дәстүрлі діндерді мойындамайды.

Сектаның негізін қалаушылар сектаның жаңа мүшелерін негізінен кез келген ауру мен сырқаулардан жеңіл және нәтижелі түрде жазуға, емдеуге уәде беру арқылы тартып отырды. Бұл үшін күніне бірнеше рет күнге 3 минут уақыт бойы қарау, арнайы тұнбаларды ішіп, «Звезда Селенной» атты журналды оқу қажет. Осындай емдеудің нәтижесінде адамдар психикалық және соматикалық ауруларға ұшырайтын.

Осыған ұқсас әрекеттермен «Ата жолы» атты («Ақ жол») ұйым да айналысты. Бұл ұйымдастырушысы К. Тарыбаев атты азамат «Ата жолы» атты және тағы да басқа басылымдарды жариялап отырды.

К. Тарыбаев белгілі бір төлем ақы үшін кез келген адамды әулие жасауға уәде берді. Ұйым мүшесі К. Тарыбаевтың кез келген аурудан жазу және емдеу қасиеті бар



деп сендірілді. Сайентология шіркеуі (Дианетика) бұдан да терең әрі нәтижелі түрде жұмыс жасайды. Сайентологияның негізін салушы Л. Р. Хаббард.

Сайентологияның үйретуінше – біз рухани жанбыз, біздің денеміз бен санамыздан басқа тұлғаның өзіндік негізгі элементі – «тетан» бар. Ол адамның рухы немесе өмірлік қуатты білдіреді және шексіз тылсым мүмкіндіктерге ие. Бұл толығымен рухани бостандыққа апаратын жол немесе «әрекет етуші тетан» қалпына ену болып табылады. «Әрекет етуші тетан» қалпына ену мәңгілік өмірдің кіті деп түсіндіріледі.

Шіркеу қауіпті тоталитарлық қылмыстық ұйым болып табылады. Сондай-ақ өз оқушыларының (адепттер) психикасына өте қатаң әрі агрессивті формалар арқылы ықпал етумен ерекшеленеді. Ықпал етудің әдістері тұлғаны толығымен бақылауға алып, оны жаншып тастауға бағытталған. Адепттің арбалғандығы соншама, ол сайентологиясыз өмір сүре алмайды, әйтпесе жынданып кетуге бар [5].

Көп жағдайда бұл шіркеу діни ұйым ретінде емес, коммерциялық ұйым (мысалы Германияда) ретінде немесе әлеуметтік реабилитациялық орталықтар ретінде тіркеуге тұрады. Павлодар қаласында сайентологтар алкогольизм мен нашакорлықтан емдейтін «Наркокон» орталығын құрды. Сөз жоқ, бұл игі бастама, бірақ емдеудің астарында мұндай орталықтар потенциалды адапттерді идеологиялық тұрғыдан дайындап жатуы әбден мүмкін [6].

Қазақстанда неопятидесятниктер қозғалысы да сәтті түрде әрекет етуде. 1991-1993 жылдары Қарағанды мен Алматы қалаларында евангелиелік-христиандық миссионерлік орталықтар «Грейс» және «Благодать» тіркеуге алынды. Сол уақыттан бері «Грейс-Благодать» ұйымның көпсатылы жүйесін құра алды, яғни оның 240 филиалы бар және оған келушілердің саны 1995 жылғы 300-ден қазіргі кезде 15 мыңнан астам адамға дейін өсті. Қазіргі уақытта 126 культтік құрылыстары бар [7]. Зерттеушілер қозғалыстың белсенді прозелетизммен айналысатындығын да айтты (басқа діни сенім өкілдерін тарту). Негізінен, М.Ескендинова өз мақаласында шіркеуге мақсатты түрде бұрынғы мешіттердің имамдарын тарту фактілерін келтіреді. Ондағы мақсат – уағыздаушылық тәжірибесі бар имамдарды болашақта белсенді уағыздау жұмысына пайдалану. «Грейс-Благодать» ұйымы осы сенімді қабылдаған бұрынғы мұсылмандарды материалдық тұрғыдан қолдайды. Бұған «келіскендер» аз емес болып отыр.

Сондай-ақ, шіркеу тіпті кәмелеттік жасқа толмағандарды да өз қатарына шақырудан тартынбайды. Мұндай фактілер Павлодар мен Көкшетау қалаларында тіркелген.

Бір назар аударарлық жайт, соңғы екі жылда Қазақстанның құқық қорғаушы органдары тарапынан «Грейс-Благодать» басшылары мен мүшелеріне қатысты 8 қылмыстық іс қозғалған. Негізінен бұл мемлекетке сатқындық жасау, мемлекеттік құпияларды заңсыз пайдалану мен жариялау, ұлтаралық және дінаралық алауыздықты тұтандыру, біреудің мүлкін заңсыз иелену, адам денсаулығына саналы және мақсатты түрде ауыр зиян келтіру және жалпыға ортақ мемлекеттік салық төлемдерін төлеуден бас тарту фактілері бойыншағы істер. Қазіргі уақытта осындай тоғыз филиалдың іс-әрекеті тоқтатылған.

Сектаға жана мүшелерді тарту үшін арнайы әдіс-тәсілдер кешені жасалған. Әсіресе әр жас категориясына сәйкес әртүрлі әдістер қолданылады. Сол себепті сектаға мүше болу оңай. Мысалы сектаның жаңа мүшелеріне «Сәби» («Младенец») атты әдіс қолданылады, яғни секта мүшесіне алғашында балаға қарағандай қарап, біртіндеп ересек әрі тәжірибелі сектант деңгейіне дейін жеткізеді. Бұдан кейін сектантты адал әрі көнгіш қылу мақсатында оның жекедара ойлау қабілеті мен сана-сезімін өшіру жұмысы жүргізіледі.

«Махаббат арқылы ықпал ету»- топтың жаңа мүшесін барынша қамқорлық пен махаббатқа бөлей отырып, сектаға тәуелділікке үйретеді. Келесі бір әдіс топ мүшесін кезекпен бірде жазалап, бірде дәріптеу әдісі.

Кейбір секталарда сектанттарды «тәрбиелеу» үшін транстық техникалар, психотроптық дәрі-дәрмектер, нейролингвистикалық бағдарлау секілді әртүрлі әдістер қолданылады. Сондай-ақ ең ежелгі әдіс ретінде медитация (шынай медитациямен ұқсастығы аз) және біраз бұрмаланып өзгертілген даостық, буддистік психотехникалар да қолданылады.

Дүниежүзі бойынша психиатрия саласының қызметкерлері үшін өте таныс әдістердің бірі - «DDD-синдром» деп аталады. Бұл дегеніміз сектанттың сана-сезімін толығымен бақылауда ұстау үшін пайдаланылатын психотехника.

«DDD-синдром» әдісі белгілі бір сектаның шын мәніндегі мақсатын жасыру («махаббат арқылы ықпал ету») арқылы адамды болашақта қатаң түрде қанаушылыққа алу, сондай-ақ адамды жеке тұлға ретінде басып-жанышпау, толығымен бағынышпы қылу. Секта мүшесін толығымен қорқыныш сезімі билеп алады және ол өзін үнемі кінәлі ретінде сезінеді.

Сектадан шығу өте қиын, себебі - біріншіден секта басшылары кез келген секта мүшесінің өткен өміріндегі келеңсіз жағдайлар туралы мәліметтерді алғашында анкета түрінде немесе басқа әдістер арқылы да алып, кейін қарсы пайдалануы мүмкін;

-екіншіден сектаға қабылданған адам дәстүрлі қоғамдық және ар-ождандық қасиеттерге қайшы келетін (ата-анасынан бас тарту, кей жағдайда жазбаша түрде өткен өмірінің барлығы қате деп мойындау және т.б.) іс-әрекет жасауы қажет;

-үшіншіден сектадан шыққысы келетін адам бұрынғы «бауырларының» тарапынан қысым көрсетушілікке, қорқыту мен бопсалау әрекеттеріне тап болады.

Халыққа көптеген діни ұйымдардың шын мәніндегі мақсатын түсінуге көмектесу үшін бүкіл қоғам мен мемлекет тарапынан күш салумен қатар жоғары деңгейде ақпарат беруді күшейту керек. Европада деструктивті секталармен күрес жүргізу саласында тәжірибе баршылық. Францияда секталардың іс-әрекетіне мониторинг өткізетін және барлық ақпаратты жинай отырып мемлекеттік аппаратқа секта мәселелеріне қатысты ақыл-кеңес берумен айналысатын үш ұйым жұмыс жасайды. Біреуі тұрақты түрде жұмыс жасайды. Екіншісі – бұл секталармен күрес жүргізуден айналысатын Министрлік комиссия. Бұл ведомство тікелей Францияның премьер-министріне бағынады және есеп береді. Үшіншісі секта құрбандарына реабилитациялық көмек көрсетумен айналысатын консультативтік кеңес.

Германияда әртүрлі әкімшілік деңгейде тәжірибелі мамандардан құралған органдар белсенді түрде жұмыс жасайды (негізінен діни қызметкерлер). Сонымен қатар көптеген федералды жерлерде секта және дүниетаным мәселелерімен арнайы айналысатын тұлғалар бар. Осыған ұқсас Римдік-католиктік шіркеудің, әртүрлі протестанттық ағымдардың консультативті орталықтары Австрияда, Швейцарияда, Данияда, Англияда, Чехияда бар.

Сондай-ақ дін мәселесімен Европада Европалық парламенттік ассамблеяда, Европалық Кеңестік министрлер кабинеті де, Европарламентте, ПАСЕ министрлер Комитеті де, Европалық Кеңес Ассамблеясында, жалпы тоталитарлық секталар мен деструктивті культтармен күресуге ниет білдірген адамдар айналысады.

АҚШ-та ХХ ғ. 70-жылдарының өзінде-ақ қоғам өкілдерінің бастамасымен «Антикульттік қозғалыс» пайда болды. Осыған ұқсас қозғалыс Батыс Еуропада да құрылды. Нәтижесінде көптеген бағдарламалар, секта құрбандарына көмек көрсететін орталықтар, БАҚ құралдары қалыптасты.

Қазақстанда экономикалық проблемалармен қатар белгілі бір мақсатқа негізделген идеологиялық жұмыстар жүргізілмейді. Сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік бағдарламалар мен секта құрбандарына көмек көрсетумен айналысатын

орталықтар жоқ. Осыған байланысты үнемі ақпараттық іс-шаралар өткізіп тұру қажет, ашық кездесулер ұйымдастыру керек және осы жұмысқа психологтарды, әлеуметтанушыларды, заңгерлерді, философтарды, дінтанушыларды, теологтарды тарта отырып, діни тәрбие мен білім беруге баса назар аударған жөн.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Voice of Freedom. Http // ww.posit.kz/? lan = ru gid = 102 gpub = 10384
2. «Аллы-Аят»: лечит или калечит? // Огни Алатау, наурыз, 2009; Псевдоучение развенчано//Огни Алатау, сәуір, 2009; Разорвать паутину сектантства//Огни Алатау, маусым,2009
3. Экстремистские тексты попали под запрет // Казахстанская правда, тамыз, 2009.
4. Семенова О. Вера без фанатизма // Казахстанская правда, ақпан, 2009
5. Пушнова Ю. Б. История мировых религий: краткий курс лекций для вузов. М., 2005, 149-151 бб.
6. Лечение по методу сайентологов //Огни Алатау, қаңтар, 2009
7. Ескендиrowa М. Кто нуждается в «Благодати»? // Республика KZ , сәуір, 2009

#### ӘОЖ 2-41

**А.Ғ. Толамисов**

I. *Жансүгіrow атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*  
[ansarok@mail.ru](mailto:ansarok@mail.ru)

### ДЕСТРУКТИВТІК ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ОЙЛАРЫН АЛДЫН-АЛУ ТУРАЛЫ

Бұл статьяда бүгінгі таңда елімізде негізгі мәселелердің біріне айналған діни ахуал жағдайына шолу жасалып, оның алдын алу шаралары туралы айтылған. Соның ішінде деструктивтік діни ұйымдар мен экстремизм ойларын жастар арасында кең тарап кетпеуін алдын алу мәселелері қарастырылған.

Данная статья посвящена обзору религиозной ситуации в стране. Автором предлагаются конкретные рекомендации по регулированию этой проблемы. Особенное внимание уделяется профилактике нераспространения деятельности деструктивных религиозных сообществ и идей экстремизма среди молодежи.

This article deals with the religious situations in the country. It offers concrete recommendations for solve this problem. The great attention is given for stopping destructive religious organizations and extremism among young people and described preliminarily actions.

**Тірек сөздер:** дін, ислам, зайырлы, деструктивтік діни ұйымдар, экстремизм, фанатизм.

XX ғасырдың соңында елімізде орын алған түбегейлі саяси және экономикалық өзгерістер, қоғамның рухани және мәдени өмірін де қамтыды. Осындай, үлкен өзгерістерге ұшыраған тәуелсіздік жылдарындағы халқымыздың рухани және мәдени өмірі тарихы дінмен тікелей байланысты. Дін ұлттың рухани өмірінің маңызды салаларының бірін құрайтындығы белгілі.



1992 жылы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заңның қабылдануы Қазақстан халқына тек діни сенім бостандығын ғана беріп қойған жоқ, сонымен қатар, әр түрлі жат пиғылдағы діни ағымдардың елімізге еркін енуіне, мыңдаған жылдар бойы ислам дінін ұстанған ұлттың ұрпағын аздырып, басқа діндерге тартуға да жол ашты. Өйткені, аталған заң бойынша азаматтар Әділет министрлігінде тіркеуден өткізе болды діни бірлестіктер құра отырып, ұйымдасып қызмет атқара алады. Заңның осындай осал жерлерін сезген жатжұрттықтар, оны тезірек өз мүдделері үшін пайдаланып қалуға жанталаса кірісті. Көп ұзамай-ақ Қазақстан діни эксперимент алаңына, әр түрлі діндердің күрес алаңына айналды. Бұл да біздің ең жаңа тарихымыздың, тәуелсіздік тарихының басты ерекшеліктерінің бірі.

Егер, 1992 жылы қабылданған заңның салдары туралы Қазақстан мұсылмандары діни бірлестігінің төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің 2008 жылы жарық көрген «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері» атты кітабында: «1992 жылғы қабылданған заңымыздың солқылдақтығын пайдаланып түрлі тексіз жатжерлік секталар мен миссионерлер елімізге бақа-шаяндай қаптап, елдің рухани бірлігіне сына қағуда. Одақ тарап, экономика тұралап қалған кездері халқымыз бастан кешкен тұрмыстық қиыншылықтарды өз пайдасына пайдаланған олар, жастар ғана емес, жасамыстарды және тілі мен әдет-ғұрпынан да алыстап қалған бауырларымызды түрлі қулық сұмдықпен өз қатарларына тартты. Жатжерліктердің садақасына телміргендер олардың шырмауына түсті.

Мемлекеттің тұрақтылығы мен динамикалық дамуын нығайтудың маңызды бағыты оның конфессиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанда ұлтаралық және конфессияаралық келісімге төнетін қауіп-қатердің бірі - құрамына жаңа дәстүрлі емес діни қозғалыстар кіретін деструктивті діни бірлестіктер. Посткеңестік қоғамның идеологиясыздандырылуы коммунистік идеологияның күйреуінен кейін орын алған діни қайта өрлеудің, жаңа діни немесе жалған діни қозғалыстардың пайда болуына әкелді. Осы дәстүрлі емес діни қозғалыстардың негізінде жалған пайғамбарлар және жаңа шыққан мессиялардың діни бітім беруді және оқуды, жаңа ақиқат пен шындықты насихаттайтын, қарманы өзгертетін, сақтап қалуға тырысатын т.б. жалған ілім жатыр. Жаңа діни қозғалыстар, әдетте, әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің, ассоциациялардың, қайырымдылық қорларының, университеттердің, ағылшын тілі курстарының, психологиялық тренингілер мен сауықтыру орталықтарының атын жамылып әрекет жасайды. Олар өздерінің іс-әрекетін бүркемелеп, алдына қойған шынайы мақсаттарын жасырады.

Жаңа діни қозғалыстар нақты қандай мақсатты көздейді? Мұндай діни ұйымды ұстаз немесе лидер өзінің жеке бас мүддесін қанағаттандыру үшін, ақша алу үшін, ықпалға ие болу арқылы шексіз билікке қол жеткізу мақсатында құрады. Ұйым жетекшісі мен оның айналасындағылардың мөлшерсіз байлыққа ие болуы қатардағы мүшелердің өз жеке меншігі мен мүліктерін ұйымның меншігіне аударып, оларды пайдаланудан бас тартуы арқылы жүзеге асырылады. Сектаның бүкіл іс-әрекеті адамның өздігінше ойлауын тоқтатуға, тәлімгеріне сөзсіз және мүлтіксіз бағынуына бағытталады. Осылайша, кез келген адамға оның еркінен тыс әрекет жасатып, қолшоқпарға айналдыруға болады. Діни жаңа ұйымдар тоталитарлық, деструктивті культ немесе секта бола отырып, жеке тұлғаға және қоғамға, ұлттық қауіпсіздікке, оның әртүрлі салаларына қауіп-қатер төндіреді.

Жаңа діни қозғалыстардың адам денсаулығына келтіретін қауіпі оның адам психикасына жасайтын ықпалынан көрінеді. Адам психикалық сигналдардың әсерінен өз көзқарастарын, пікірлерін, сезімдері мен мақсаттарын басқаша түрде қайтадан құрады. Жалған діни қауымда мұндай ықпалға түскен адам кінәлі, әлденеге мазасызданған, топқа тәуелді, сәби тәрізді қауқарсыз кейіпте болады. Қауымның жаңа мүшесі (неофит) дербестігін, өзбетінше шешім қабылдау және сыни пікірлер айтып, өз

көзқарасын білдіру қабілетін мүлдем жоғалтады. Оның үстіне, мұндай тәуелділіктегі адамның бойында есаландық, шизофрения, өзіне-өзі қол жұмсап, зорлық жасауға бейімділік сияқты қасиеттері пайда болады. Мұндай психикалық әсер ету немесе адамды мәнгүртке айналдыру, бағдарлау, адамдардың «миын айналдыру», қоғамдық сананы басқарып, жетекшілік ету жаңа діни ұйымды басқарудың типі және ұйымға билікті жүзеге асырудың тәсілі болып саналады. Түңілгендік, шарасыздық, мазасыздықты басынан кешірген кез келген адам деструктивті культтің потенциалды құрбаны болуы мүмкін. Адаққан адамдар сектадан кәдуілгі өмірде өздері жоғалтып алған, айрылған нәрселерін тапқысы келеді: жақындары тарапынан түсіністік және қолдау, сенімділікке ие болып, перспективасының анықтығын білу, сонымен қатар бойындағы тәуелділік пен қорқыныш, сондай-ақ жауапкершілік және кінәлілік сезімінен арылуды жаңа діни қозғалыс мүшелері көп жағдайда ақиқатты тану ретінде, діни үйлесімділік ретінде қабылдайды.

Жаңа діни қозғалыстар іс-әрекетінің адамның өміріне, денсаулығына келтіретін қауіп жалған сауықтыру, жалған медициналық ілімдер арқылы, оккультті, эзотерикалық (Күн сәулесімен емдеуді насихаттайтын «Аллы-аят», Фархат ата, сонымен қатар рұқсат қағазы немесе тиісті медициналық білімі жоқ бола тұрса да емдік сеанстарын жүргізетін «Ақ жол» және оның «Ата жол» атты тармағы) жолдар арқылы жүзеге асырылады. «Иегова куәларының» сенушілері қан құйғызудан бас тартса, сатанистер ритуалдық өлтіру тәжірибесін қолданады, «Радостея» діни бірлестігі әртүрлі ырғақ, ритмдердің көмегімен адамға өзінің өмірін басқаруға, оны бағдарлауға т.б. үйретеді.

Экономикалық қауіпсіздік саласында мұндай діни қозғалыстар адамдардың материалдық игілігіне, олардың мүліктеріне қол сұғады, яғни олардың іс-әрекеті шын мәнінде халықтың ақша қаражатына ие болуына, алаяқтыққа келіп тіреледі. Діни қозғалыстар басшыларының баюның кең тараған әдістерінің бірі-әртүрлі оқыту курстары мен семинар-тренингілер ұйымдастыру болып табылады. Мысалы, Францияда Сайентология шіркеуінің өкілдері алаяқтықпен, жасырын фармацевтикалық тәжірибемен айналысқаны үшін айыпқа тартылып, сотқа берілді. Бұл іске сайентологтармен танысып, солардың ұйымында тұлғалық тестілеуден өткен, ұйымнан кітап, дәрі-дәрмек сатып алуға, сондай-ақ әртүрлі курстар мен тәжірибеден өту ақысы ретінде бірнеше айдың ішінде 140 мың франк жұмсаған әйелдің шағымы негіздеме болған [1].

Құқықтық жағынан алып қарастырғанда, жаңа діни қозғалыстардың мәні адамның бостандығын, ар-намысын қорлау, тұлғаның құқықтарын аяққа басып, таптау әрекетінен байқалады. Мұндай қозғалыстар еліміздің Конституциясына, қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде дін және мемлекеттің өзара қарым-қатынасына қатысты теріс көзқарас, пікірде болып, құқыққа қарсы әрекет жасап, тіпті қылмыстық әрекетке дейін барады.

Жаңа діни қозғалыстардың ілімі мен практикасы қоғамның адамгершілік бастаулары тұрғысынан қарастырғанда, дәстүрлі этникалық, ұлттық мораль, отбасы құндылықтарының бұзылуына, сондай-ақ барлық нәрсені жасауға рұқсат етілуі, шектен шыққан арсыздыққа, адамгершілікке жат (кәмелетке жасы толмағандарды зорлау, зәбірлеу, жезөкшелік) және т.б. теріс қылықтарға әкеліп соғады.

Мемлекеттің идеологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан алғанда, жалған діни ілімдердің прозелитизмі (адамдарды бір діннен екінші дінге ауысуға иландыру) қоғамға тән емес көзқарас, пікірді танады, қазақстандықтардың мәдени пара-парлық, ұқсастығы мен теңдігін бұзып, шайқалтады, қазақстандық патриотизм сезімін жояды. Жаңа діни қозғалыстардың іс-әрекеті еліміздің тұтастығына, мызғымайтын бөлінбестігіне нұқсан келтіріп, қоғамның «біз» және «олар», «өзіміз» және «дүшпандар» тәрізді бөлініп, жіктің пайда болуына әсерін тигізеді, идеологиялық қарама-қарсы тұруға, фанатизмді тудыруға, басқаларға төзімсіз болу және басқа сенім-наным өкілдеріне дүшпандық қарым-қатынастың тууына себеп болады (мысалы, «Аллы-аят» адептерінің дәстүрлі діндердің қасиетті кітаптарын отқа жағып, өртеуге шақыруы). Жаңа культтер мемлекеттің ішкі өміріне де араласады. Шетелдердің,



халықаралық құқық қорғау ұйымдарының Қазақстан Республикасының бүкіл посткеңестік кеңістікте ең либералды, ымырашыл болып табылатын «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңына өзгертулер енгізуге қарсы болуда белсенділік танытуы осыған куә. Жаңа діни қозғалыстар арқылы жүргізілетін кең діни экспансия кез келген мемлекеттің тарихи сипатын өзгерту тәсілі, оған ықпал етіп, өзінің стратегиялық ұлттық мүдделерін жүргізіп, іске асыру болып табылады. Діни идеологиялық экспансия әсіресе өтпелі кезеңде, қоғамның ішкі жүйесіндегі дағдарыс кезінде белсенді болады.

Жаңа діни қозғалыстар елдің саяси қауіпсіздігіне де айтарлықтай қауіп төндіреді, олар конституциялық құрылысты бұзуға, зайырлы мемлекетті шайқалтуға, діни теократтық билік орнатуға шақырады, діни және ұлттық араздықты қоздырып, мемлекетке адал емес, теріс ниетті, пиғылды қарым-қатынасты білдіреді. Жаңа діни қозғалыстар өздерінің азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартады. Мысалы, «Иегова куәлары» пұтқа табынудан бас тартуды уағыздайды. Олардың пікірінше, мемлекеттік рәміздерді - мемлекеттік ту, елтаңба, әнұран, мемлекеттік мейрамдарды құрметтеу - бұл да пұтқа табынудың бір көрінісі «Иегова куәлары» патриотизмді, азаматтық парызды - елімізді жаулап алушылардан қорғау қажеттілігін жоққа шығарады, олар тек қана өздерінің ұйымдарының мүдделерін қорғайды. «Иегова куәлары» бірлестігінің адептері жергілікті және орталық билік өкілдерін сайлауға қатыспайды, олар ешқандай билікті мойындамайды, олар үшін өз діни бірлестігінің билігін атайтынындай, құдай билігі ғана бар. Мұндай бағыт қазіргі уақыттағы көптеген дәстүрлі емес діндердің іс-әрекетінен байқалады.

Осылайша, ұлттық қауіпсіздіктің әртүрлі аспектілері тұрғысынан қарастырылған жалған діни ағымдардың іс-әрекеті мұндай ұйымдардың жеке тұлғаға, қоғамға, мемлекетке қауіп-қатер төндіретін деструктивті, экстремистік мәніне дәлел болады. Осыған орай, мемлекет жай ғана жанама бақылаушы позициясын ұстап отырмай, нақты шараларды қабылдауы тиіс. Атап айтқанда:

- діни жағдайға, ахуалға тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отыру, дер кезінде, жедел реакция жасап, деструктивті діни қозғалыстардың құқыққа қарсы барлық әрекеттерінің жолын кесіп отыру;

- діни бірлестіктердің әрекетіне қатысты заңнаманы, соның ішінде «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңды жетілдіру. Бұл заңға «деструктивті және тоталитарлық секта» деген ұғымдарды енгізіп, жаңа діни қозғалыстарға тиым салудың негіздемесін анық және нақты көрсету;

- жаңа діни қозғалыстардың жарғылық құжаттарына, олардың баспа, аудио және бейне өнімдеріне жасалатын дінтану сараптамасының сапасын арттыру;

- тұрғындар арасында білім беру орындары, ғылыми мекемелер, дін, БАҚ, қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар арқылы (Ресейлік «Діндер мен секталарды зерделеу орталықтары ассоциациясының» Қостанайдағы өкілдігі тәрізді) діни ағарту, алдын алу, түсіндіру жұмысын жүйелі түрде жүргізу.

Демократиялық, зайырлы мемлекет азаматтардың діни наным-сенім бостандығын қамтамасыз етуі тиіс екендігі сөзсіз. Сонымен қатар, мемлекет өзінің ұлттық мүдделерін табандылықпен қорғап, жат идеалдар мен құндылықтарды тануға жол бермеуі қажет. Қазақстан Республикасының азаматтары ешқандай сыртқы қысымсыз өз елімізде саясатты анықтауға толық құқығы болатындай егемен демократия қажет, олай болмаған күнде демократия да, Қазақстан да қалмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлтаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесі: ЕҚЫҰ үшін ұсыныстар: халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ. 25 ақпан 2009ж) – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2009.



2. Қазақстан және қазіргі заманғы жаһандық қауіп-қатерлер: ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ. 19 мамыр 2010ж) – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2010.

3. Жуманова Г. Жаңа діни қозғалыстар – ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан //Қоғам және дәуір: ғылыми – сараптамалық журнал, - №2 (26), Алматы, 2010.

**ӘОЖ 94(574)**

**Г.Б. Глеубекова**

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, [tleubekova@mail.ru](mailto:tleubekova@mail.ru)*

### **КӨНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЕТІСУ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР**

Мақалада Жетісу территориясындағы ортағасырлық мемлекеттердің тарихы қарастырылады. Түрік, Батыс Түрік және Түргеш қағанаттарының тарих сахнасындағы саяси рөлі айқындалған.

В статье рассматривается история средневековых государств на территории Жетысу. Определена политическая роль Тюркского, Западно-Тюркского и Тюркешского каганатов.

History of medieval governments on Zhetysu region is shown, the political role of Turkic, Western Turkic and Turgesh Kaganates are determined in this article.

**Түйін сөздер:** Жетісу, Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты

Жетісу өлкесі әр тарихи кезеңде өте маңызды орынға ие болды. Көне заманда бұл территорияда алғашқы адамдар қоныстанып, ал түркі дәуірінде ірі мемлекеттер өмір сүрген.

Көршілес шығыс елдеріне Жетісу сонау көне заманның өзінде-ақ белгілі болған. Біздің дәуірімізге дейінгі 128 жылы қытай чиновнигі Чанг-Киень Тянь-Шаньда және Ыстықкөлде болып, осы сапары туралы жазба деректер қалдырған. Одан кейін бірнеше ғасырлар бойы бұл өлкеде болған саяхатшылар туралы тарих беттерінде із жоқ. Тек VIII ғасырдың бірінші жартысында Азия елдеріне ұзақ саяхат жасаған мисонер Сюань-Цзанның еңбегінен Буан аңғары мен Ыстықкөл аттарын кездестіреміз. Осы кезде шетелдіктердің қауіп-қатері мол алыс сапарға тәуекел етіп, Жетісу жеріне көңіл бөлуінің үлкен себебі де олды [1, 29 б.].

VI ғасырдың орта шенінде Жетісу Түрік қағанатының құрамына енді. Бұл мемлекеттің билеушілері түрік тайпасының ашина әулетінен шығып отырған.

«Түрік» этнонимі алғаш рет 542 жылы қытай жылнамаларында аталады. Қытайлар түріктерді сюннулардың (ғұндардың) ұрпақтары деп санаған. Деректерде бұл кезде қытайдың Вэй князьдігінің солтүстік өңірлеріне солтүстік-батыс жақтың бірінен келген түріктер (туцзюе) жыл сайын шапқыншылық жасап, ойрандап кететін болды деп хабарланады [2, 296 б.].

«Түрік» сөзі мықты, күшті деген мағына береді. А. Кононовтың пікірі бойынша, алғашында бұл саяси термин болып, Ашина әулетінен шыққан дала ақсүйектері отбасының мүшелерін білдіретін, кейін Түрік қағанатына кірген барлық тайпалардың атауы болды.

VI ғасырға дейін Жетісу мен Шығыс Қазақстан жуань-жуань мемлекеттің шет аймақтары болатын. Осы аймақтарда орналасқан теле тайпалары 492 жылы жуань-жуаньдарға қарсы шығып, тәуелсіз мемлекет құрады. 516 жылы жуань-жуаньдар

жаңадан құрылған мелекетті тағы да өздеріне бағындырады. Алтайдағы түркі-ашина тайпалары ірі тайпа бірлестігін құрып, 545 жылы Солтүстік Қытай мемлекеттерінің бірі Цзиньмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатады. IV-V ғасырларда осы бірлестікке кірген көптеген тайпалар Еуразия даласының батыс жағында да пайда болды. Олардың негізгі аумағы Жоңғария мен Хинган жоталары болған еді. Өздеріне оғыздарды бағындырып, күшейген түркі-ашина тайпалары жуань-жуаньдарға қарсы шықты. 551 жылы түркілердің көсемі Бумынь қаған Қытаймен бірігіп, жуань-жуань мемлекетін талқандап, Түрік қағанатын құрады.

Бумынь қаған қаза болғаннан кейін, оның інісі Қара-Еске қаған билікке келеді. Оның бастауымен түркілер Орхонның жоғары жағындағы Букрат (Мула) тауларында жуань-жуаньдарды толығымен талқандайды. Қытай деректерінде Қара-Ескенің мұрагері оның інісі Иркинді (Ицзинь) атайды, ол қағандық тағына Мұқан-қаған деген атпен отырады. Бұл саяси оқиғалар 553-554 жылдар аралығында болды. Мұқан-қаған (553-572 жж.) билік құрған кезеңде Түрік қағанаты Орта Азияда саяси үстемдікке ие болады. Олар Маньчжуриядағы кидандарды, Енисейдегі қырғыздарды бағындырды. Шығыстағы Корей түбегінен батыстағы Каспий теңізіне дейінгі, оңтүстіктегі құмды даладан (Алашань және Гоби шөлінен) солтүстіктегі Солтүстік теңізіне (Байқал) дейінгі аралықтың бәрі Мұқан-қағанның билігінде болды. 555 жылдың өзінде түркі тайпалары батысқа қарай жылжи отырып, Жетісу жерін, Қазақстанның Сырдария және Арал өңіріне дейінгі бүкіл қалалы жерлерін басып алады. Хорезм де оған тәуелді болды. Түркілердің батысқа жылжуы тек жаулап алу ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге түркі тілді тайпалардың бұл қоныс аударуы Орта Азияның солтүстігіндегі таулы-далалы аймақтар мен Қазақстан далаларына қоныстануы болып шықты.

Мұқан-қағанның тұсында Түрік қағанаты солтүстік Қытай мемлекетінің екеуінде – Солтүстік Ци және Солтүстік Чжоуды өзінің бағынышты елдеріне айналдырды. Бұл мемлекеттердің тәуелділігі Мұқан-қаған мұрагері – Таспар қаған тұсында тіпті күшейе түсті. Түрік қағанаты өте қысқа мерзім ішінде Сары теңіз бен Қара теңіз арасында мекендеген тайпаларды біріктіріп, бір орталыққа қаратады.

Отырықшы тайпалар байлығына ие болу үшін түркілер Орта Азияға қарай ұмтылады. Бұл арада олар қарауындағы жерлері Каспий теңізінен Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан эфталиттермен кездеседі. 564 жылы түркілер Иран шахы Хосрав I Ануширванмен эфталиттерге қарсы одақ құрды. Түркілер қағанның оңтүстік аймағын билейтін Бумынь қағанның ағасы Естемидің қызын Хосравқа әйелдікке береді. Иран шахы Хосрав I Ануширван эфталиттерге салық төлеуін тоқтатып, соғысқа дайындалады.

Естеми Византия императорынан батыс түркілерге көмек беруін сұрап елші жібереді. Ал оның әскері батыста иран әскерінің қолдауымен эфталит жеріне шығысынан басып кірді. Шешуші шайқас Бұхара түбінде болып, Эфталит патшасы Гатифара жеңіліс тапты. Амударияның оңтүстігіндегі эфталит жерінің бәрін Хосрав өзіне қосып алды.

Түрік-эфталит соғысы біткеннен кейін Шығыс пен Батыс арасындағы керуен жолдары бойында жатқан жерлерді бөлуге келгенде Түрік қағаны мен Иран шахының арасында жауласу басталды. Орта Азияны жаулап алғаннан кейін түркілер Қытайдан Жерорта теңізінің елдеріне келетін сауда жолдарының елеулі бөлігіне яғни Ұлы Жібек жолына билік етті. Жібек керуенін алып өтушілер мен делдалдар (Орталық Азия мен Орта Азия билігіндегі жолдарда) соғдылықтар мен парсылар болатын. Олар Пайкенттен (Бұхараның маңайы) Сырдарияға дейінгі жолға бақылау жасайтын. Жібек маталарды сатып алушы Византия елі болды. Жібек саудасы соғдылық түркі хандарына орасан зор пайда түсіретін. Сонымен бірге соғдылықтар IV ғасырдың аяғында өздері жібек өндіріп, тоқыма кәсіпорнын салған. Соғды жібегін батыс қана емес, Шығыс Түркістан мен Қытайда да алушылар көп болды. VI ғасырда сырттан әкелінген және



өздері шығарған жібек матасының мол қорын соғды қалаларында сатып өткізу қиын мәселеге айналды. Иран, Византия империясында, әсіресе Сирия мен Египетте жібек матасын шығару жоғары дәрежеде дамыды, бірақ шикізат Шығыс Түркістан мен Орта Азиядан әкелінетін. VI ғасырда Византияда, Иранда өзіндік шикізат көзі пайда болып, Иранда жібек қоры молайып кетті.

Соғды елшісі Маниах 566-567 жылдары Түркі қағандығының өкілі ретінде Иранға тауар әкеледі. Хосрав өз еліне түркілердің еркін келуінен қорқып және Иран рыногы шет жерлік жібектің көбеюіне мүдделі еместігіне байланысты Маниахқа ерген саудагерлер әкелген тауарды сол жерде өртеп жіберді. Бұл жағдайда түркілер тікелей Константинопольге, Византияның императоры II Юстинге сөз салуды дұрыс көрді. 567 жылы Маниах Константинопольге жіберілген Түркі қағанының елшілігін басқарады. Елшілік енді Кавказ арқыл жүруге мәжбүр болды. Византия да Иран сияқты соғды жібегіне аса мұқтаж болмағанмен, ол парсыларға қарсы бағытталған түркілермен одақтасуға мүдделі болды. Константинопольдің сыртқы саясатының дәл осы қырын пайдаланып соғдылықтар сауда келісін бекітуге ұмтылды. Түркі елшілері император сарайында үлкен құрметпен қабылданып, түркілер мен Византия арасында Иранға қарсы әскери келісім шарт бекітілді. Византия империясының «шығыс қалаларының» стратегі Земарх Киликецпен бірге Маниах Түркі қағанының ордасына келді. Қаған Земархты Тянь-Шаньдағы «Алтын тауға» жақын жердегі өз қонысында қабылдады, осы келген саяхатшыға бірден Иранға жорыққа аттанатын түркі әскерлеріне қолбасшы болуын ұсынды. Шахтың дипломатиялық жолмен түркі шабуылын тоқтатпақ болған талпынысы сәтсіз болып, түркілер Гургандағы бірнеше бай қалаларды жаулап алады. Алайда, 569 жылы түркі әскерлері Соғдыға қайта оралды.

Иран түркілерге жыл сайын 46 мың алтын теңге салық төлеп тұруды және олардың сауда-саттығына кедергі жасамауды міндетіне алады. Осыдан кейін түрік әскері Амударияның арғы бетіне әкетіледі. Бұл жәйт византия-түрік одағына әсер етеді. 571 жылға қарай Естеми Солтүстік Кавказды жаулап алды және көп ұзамай аландар мен утигурларды бағындырып, Боспорға (Кречь) шықты.

Византия тарихшысы Менандар 568-576 жылдары түркілерге византиялықтар жеті рет елші жібергенін еске алады және әрбір елшілік түркілер, соғдылықтар, хорезмдіктер қосылып отырғанын хабарлайды. Мысалы, 576 жылы Валентиннің елшілігіне 106 «түркі» яғни Константинопольге әр кезде келген қағанның бағыныштылары қосылған. Олардың көпшілігі көпестер болатын. Византиямен жүйелі сауда байланысының болғанын Орта Азиядан көптеп табылған VI ғасырдағы византиялық ақшалар қуаттай түседі. Дегенмен, 575-576 жылдары түркі-византия арақатынасы шиеленісе бастады. Бұл Естеми қаған өлген соң таққа отырған ұлдарының бірі Түріксанфтың кезі еді. Ол II Юстиннің аварлармен жүргізген бейбіт келіссөзі көңіліне жақпағандықтан, Византия одақтастық келісімді бұзды деп айыптайды. Түріксанф Керчині басып алып, 576 жылы Қырым жеріне енеді, бірақ көп ұзамай жартыаралдан кетіп қалады.

Өзара қырқыс пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Күшейіп алған Иран 588 жылы Герат түбінде түркілерді жеңіп шығады. Византия 590 жылы Боспорды қайтадан жаулап алады.

Түркі аристократиясы үздіксіз соғыстар жүргізіп, басып алған жерлерінде жеке билік орнатуға ұмтылу саясаты қарапайым көшпенді халықты қалжыртты. Оған 581-583 жылдардағы жұт келіп қосылды. Осының бәрі қағандықты дағдарысқа алып келді.

Суй Қытайының қағанат шекараларына 582-603 жылдары шабуыл жасауынан, мемлекеттің батыс (Орталық Азия) және шығыс (Орта Азия) болып екіге бөлінуі түпкілікті аяқталды. 603 жылы Батыс түрік қағанатына Шығыс Түркістанның көгалды аймақтарынан бастап Амударияға, Еділ өңірі мен Терістік Кавказ далаларына дейін созылып жатқан байтақ жер қарасты болды.



Батыс түрік қағанатының этникалық саяси өзегі «он тайпа» (он оқ будун) болды, олар Қаратау баурайынан Жоңғарияға дейінгі аралықта жатқан ежелгі үйсін жерін жайлайды. Шу өзенінің шығыс жағында дулының бас тайпасы, ал оның батыс жағында бес тайпалы нушебилер тұрып жатты.

Қағанаттың астанасы және қағанның қысқы ордасы Шу аңғарындағы Суяб қаласы (Қырғызстандағы Токмақ қаласы маңында) болды, ал қағанның жазғы ордасы Мың бұлақ (Түркістан қаласы жанында) еді. Саяхатшылардың хабарлауынша, Суябқа жақын жазғы резиденция – Цзедань қағанның ордасы болған.

Батыс түрік қағандары Шегуй (618-619 жж.) мен Тон-ябғу (619-630 жж.) тұсында қағандық біраз күшейіп, өз жерін кеңейтуге, әскери-тайпалық тәртіпті нығайтуға және олардың басын біріктіріп, жорықтар жасауға мүмкіндік алды. Шегуй қаған мемлекеттің шығыстағы шекарасын Алтайға дейін жеткізіп, бүкіл Тарим мен Памирге дейінгі ұлан-ғайыр аумақта өз билігін жүргізді. Ал Тон-ябғу қағандықтың аумағын кеңейту жөнінде саясатты одан әрі жалғастырып, әкімшілік орталығын Суяб қаласына көшірді.

Жаңа жорықтар қағандық аумағын Гиндукуш пен Амударияның жоғарғы ағысына дейін кеңейтті. Оңтүстікке (Тохаристанға) билік жүргізуді Тон-ябғу өзінің ұлы – Тарду-шадға берді. Оның әкімшілік басқару орталығы Құндызда еді. Тянь-Шанның оңтүстігіндегі, Мауараннаһрдағы, Орта Азия жеріндегі отырықшы аймақтар мен қалалар Батыс Түрік қағандығына тәуелді болды. Византиямен дипломатиялық қарым-қатынас туралы келісімді жүзеге асыра отырып Тон-ябғу император Ираклидің Закавказьеге жасаған үшінші жорығына (627-628 жж.) қатысты. Түркілер өздері жаулап алған жерлерден көп мөлшерде енші алды. Ол жерлер – Чоре мен Тбилиси. Тон-ябғу жетістіктерінің нағыз салтанатты шағы Ираклидің Тбилиси қамалының түбінде Тон-ябғуға өз тәжін кигізіп, қызы Евдокияны оған әйелдікке беретінін мәлімдеген кез еді [2, 300 б.].

Бұрын өзіне алым төлеумен ғана келген Орта Азия мемлекеттерінің үстінен Тон-ябғу қатаң саяси бақылау орнатты. Өзіне түгелдей бағынған солтүстігіндегі Исфиджаб пен Шаш (Ташкент), Оңтүстік Ауғанстан мен солтүстік-батыстағы Пакистан территорияларына қаған өзі бекіткен бақылаушылар – тудундар жіберілді. Олар қағанның қазынасына түсетін алым-салықты жинап, бақылау орнатты. Жергілікті билеушілерге түркі титулдары беріліп, олар қағанның басқару-әкімшілік аппаратының құрамына алынды. Сонымен қатар, Тон-ябғу жергілікті ықпалды билеушілермен жақын қарым-қатынаста болды. Қаған Орта Азияға ықпал етуді көздеп Самарқан билеушісіне өз қызын ұзатты. Тон-ябғудың билік жүргізу стратегиясын: «Батыстағы көшпенділер бұған дейін ешқашан мұндай қуатты болған емес» дейді қытай жалнамашысы.

Қаған тек билеуші ғана емес, сонымен қатар қағанаттың барлық жерінің иесі де болуы мүмкін. Алайда көшпелі қоғам жағдайында билік, негізінен алғанда жерге емес, ол жерді пайдаланатын адамдар ұжымына жүргізілді. Сонымен қатар ол Түрік қағанатының Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы (Самарқанд, Маймург, Кеш, Нахшеб, Ишпихан, Кушания, Бұхара, Амұль және Андхой) отырықшы-егіншілік шұраттарындағы басып алған барлық жерлерінің мұрагері болды. Батыс түріктеріне тәуелді деген аты ғана болған Соғды мен Бұхарада да қағанның өкілдері болды.

Батыс түрік мемлекетінде жоғарғы билеуші, әскербасы қаған болды. Қаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси істерінің бәріне басшылық етті, ру басшыларын тағайындады. Ол әулеттік фратриялардан шыққан шонжарларға сүйенді.

Қытай деректерінде көрсетілгендей, елге ханды жариялаудың күрделі рәсімі болған: бекзаттар оны ақ киізге отырғызып, күн жолының ыңғайымен қаумалаған қалың жұрттың құттықтаған айқай-кикуы үстінде шеңберді тоғыз рет айналып шығады екен. Сосын оны акбоз атқа мінгізіп, мойнына дереу жібек бұғау салып, оны қолма-қол босаңсытып, одан: «неше жыл хан болғың келеді?» - деп сұраған. Бірақ сұрақтың ел

басқару мерзімін анықтау ісінде қандай рөл атқарғаны түркіттер тарихында онша мәлім емес: бәрінен де дұрысы, бұл әдет, әсілі хан тайпа көсемі болып сайланатын кездің салты есебінде сақталып қалған тәрізді.

VII ғасырдың бас кезінде Батыс түрік қағаны Ябғудың ордасында болған будда монахы Сюань Цзанның жазғандары қаған руының байлығы туралы біраз мәлімет береді. Қағанды аң аулап жүрген жерінде кездестірген саяхатшы аңшылар киімдерінің сәнділігіне таң-тамаша қалады. «Қаған жасыл жібек желбегей киген, – дейді ол. – Оның қасына ерген екі жүзден астам тарханы бар, олар қамқа желбегейлер киген, шаштарын бұрымдап өрген. Басқа сарбаздары аң терісінен тігілген ішік киген, бөріктері жұмсақ матадан тігілген, қолдарына айбалта, садақ, ту ұстаған. Аттары өңшең сайгүлік. Түйе, ат мінген адамдардың көптігіне көз сүрінеді». Одан әрі қағанның киіз үйі туралы айтқанда, оның алтынмен сәнделгені соншалық, тіпті «көз қаратпайды» дейді ол.

Батыс түрік қағанатының халықаралық шаруашылық және саяси байланыстар аясына тартылуында Соғды мен Жетісудың соғдылық көпестері ерекше рөл атқарды. Қытай мен Византия арасындағы Ұлы Жібек жолы бұл елдерді басып өтетін. Жетісудағы отырықшы аудандар мен қалаларды мекендеген соғдылар егіншілікпен, қолөнермен, сауда-саттықпен айналысты. Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналымы жарыққа шықты. Сауда мен қолөнердің орталық қалалары Құлан, Неуакент (Шу алқабы), Тараз, Мерке болды. Қалада өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын темір кәсібі, қыш-құмыра өндірісі, тоқымашылық, тері өңдеу, қолөнер кәсіптері өркендеді.

Жібек жолы бойында үстемдік орнату үшін мемлекеттердің арасында жиі соғыс болып тұрған. Сауда жолы үшін талас VII ғ. 20-жылдары барлық ортағасырлық мемлекеттерді екі коалиция бөлді. Бір жағынан – Батыс түрік қағанаты, Византия, Қытай, екінші жақтан – Шығыс түрік қағанаты, Иран және Ауар (Авар) қағанаты. Екі коалицияның арасындағы шайқас, мемлекеттерді әлсіретіп, ешқайсысына да жеңіс әкелген жоқ. Дегенмен де, осы соғыстардың нәтижесінде, дулы тайпалары 630 ж. түркі қағанатының патшасын өлтіріп, оның орнына дулының арасынан шыққан Сібір-ханды таққа отырғызады. Осы кезден басталған, дулы мен он-шадпы тайпаларының арасындағы билікке күрес ұзаққа созылады. Сонымен, қарауындағы халықты ұстап тұруға, бағындыруға Батыс түрік қағанатының орталық үкіметінің шамасы жетпейтін болғандықтан, Батыс түрік қағанаты өзінің саяси және әскери күшін жоғалтуға мәжбүр болды. Бұл жағдайды қытайдағы Тань империсы пайдаланып, Батыс түрік қағанатына қарсы соғыс жариялайды. Өзара (640-648, 656-657, 658-659 жж.) соғыстар, қырқыстар Жетісуға қытай әскерінің баса-көктеп кіруіне әкеп соқты. Олар өздері қалаған адамдарын Батыс түрік қағанатын билетуге тырысты. Барлық Батыс түрік қағанатының аймақтары екі губернаторлыққа бөлінді. Жаулап алынған жерлерде қаған орынбасарлары алым-салықтың алынуын қадағалады.

Қатаң тәртіп орнатып, шексіз билік жүргізген Тон-ябғу өз байлығын молайта беру үшін бағыныштыларын қанаушылықта ұстады. Мұның ақыры үлкен шиеленіске айналып, ықпалды әскербасы Кюльбагатур Удельдер арасындағы соғысты тоқтату керек деген желеумен жиені қаған Тон-ябғуды өлтіріп, өзін қаған деп жариялайды. Бірақ басқалар да қағандыққа таласып, тайпалар арасында соғыс басталады. 630-634 жылдары қағандық өзінің Орта Азиядағы, Сырдария аймағындағы территориялардан айырылады. Батыс түрік қағанатының құрамындағы екі тайпалық одақ – дулы мен нушеби билік үшін тартысқа түседі. 634 жылы қағандық нушебилердің қолдауына сүйенген Ышбара Эльтерши Ширдің қолына тиеді. Ол «он оқ будун» кезіндегі әскери әкімшілікті жаңғыртып, ілгері дамытуға күш салады. Жаңа реформалар тайпа көсемдерін қағанға тікелей бағынуға мәжбүр етеді. Сонымен бірге әр тайпаны бақылап-басқаруға өз руынан шыққан шадтарды ғана жіберді. 638 жылы дулы тайпасы өздеріне келген шадтардың бірін қаған сайлауы дулы мен нушебилер арасында қантөгіс соғыстың тууына себеп болды. Осы оқиғадан кейін қағандық екіге бөлінеді. Олардың



арасындағы шекара Іле өзені арқылы өтті. Тайпалар арасындағы соғыс және династиялық күрес 17 жылға (640-657 жж.) созылып, бұл қытай әскерлерінің баса-көктеп кіруіне қолайлы жағдай туғызды. Он оқ будун елі жеңіліске ұшырады. Олардың тәуелсіз соңғы қағаны Нивар Ышбара-ябғу қаған тұтқынға алынып, содан екі жылдан соң (659 ж.) қайтыс болады.

Батыс түрік қағанатының ішінде өзара тартыс үздіксіз жүріп, билеушілер жиі-жиі ауысып жатты. Он алты жылға созылған тайпалар арасындағы соғыс пен әулеттік ішкі қырқыстар (640-657 жж.) Жетісуға Тань империясы әскерінің баса-көктеп кіруіне әкеліп соқты.

Тань империясы өзінің қағандық ішіндегі қолдаушыларына сүйене отырып Батыс түрік қағандығын билеуге тырысады. Олар біраз уақыт өз үстемдігін жүргізеді, бірақ батыс түркілері тәуелсіздіктерін сақтап қалуға әрекеттене береді. Батыс түрік қағанатын сақтап қалып, байырғы қуатын қалпына келтіруге әрекет жасаған қағандықтың соңғы дербес қағаны Ашина Хэлудің 658 жылы өз бауырлары – теленің атты әскері мен Тань мемлекеті әскерінің біріккен күшінен жеңіліс тапты. Себебі батыста түркілер шығысқа қарағанда аз болды. Олар Жетісу, Шу өлкелерінде, Кубаньда, Еділ өзенінің төменгі ағысында, Ертіс пен Есіп жерлерінде қоныстанып, бір-бірінен байланысын үзіп қалған еді.

679 жылы Қытай саясатына қарсы Монғолия мен Жетісуда шамамен бір уақытта көтерілістер болады. Монғолиядағы көтерілістің нәтижесінде, Шығыс түрік қағанаты қайта орнайды. Ал Жетісудағы көтерілісті қытай әскері күшпен басады. Енді барлық күштерді Шығыс түрік қағанатын қайта бағындыруға салған кезде, Жетісудағы түргеш тайпалары халықты басқарады. Түргештер дулы тайпа құрамының ішіне жатады, түргештердің өзі - кара және сары түргеш болып бөлінгені белгілі.

Тань губернаторлары Батыс түрік тайпаларын қаған әулетінен өздері қалап қойған сыбайластарына қарсы жүргізілген тынымсыз күресі түргештердің күшейіп көтерілуіне, Жетісуда олардың саяси жетекші күш болып шығуына себепші болды. Сөйтіп 704 жылы Батыс түрік қағанатынан соң Түргеш қағандығы тарих сахнасына шықты.

Арабтар жаулаушылығы басталған кезде Қазақстан және Орта Азияның басым бөлігі Батыс түрік қағанаты өкіметінің билігінде болатын. Арабтарға қарсы күрес жүргізу ісінде Жетісуда билік басына келген түргештер күшейіп, олардың билеуші әулетінің атасы Үш-Елік қаған (699-706 жж.) болды. Ол Жетісудан Бөрі-шадты қуып шығып, Ташкенттен бастап, Тұрфан мен Бесбалыққа дейінгі жерде өз билігін орнатты.

Шу және Іле өңірлерінде Үш-Елік құрған мемлекетті нығайту мақсатымен қағандықтың басқару орындарын күшейтті, бүкіл елді 20 түтікке бөлді, олардың әрқайсысында 7 мың адамнан бар еді. Бұрын Шудың солтүстік-батыс жағында болған өз ордасын ол Суябқа көшіріп, оны Үлкен орда деп атады; Күнгі қаласында оның Кіші ордасы болды. Күнгі және солай аталатын тайпа Іле өзені аңғарында орналасқан (олар мұнда XI ғасырда да тұрған, мұны Махмұд Қашғари атап көрсеткен). Шежіреде айтылғандай, батыс түрік жерлері «шығыста солтүстік туцзюйлермен (яғни Шығыс түрік қағанатымен), батыста – хулармен (соғды князьдіктерімен) шектесіп, шығыста тікелей Сичжоу (Тұрфан) және Тинчжоу (Бесбалық) аймақтарына дейінгі жерді алып жатқан».

Түргеш қағанатының қоғамдық құрылымы әскери-феодалдық мемлекеттік құрылым болды. Л.Н. Гумилев оны «әскери демократия» деп атады [3, 255 б.]. Түрік қағанаты кезіндегідей түргештердің ең жоғарғы билеушісі қаған болды. Қаған елдегі барлық қарулы күштердің де бас қолбасы болып табылды. Мемлекетті құрғаннан кейінгі билік жүйесінде ең төменгі қызметке дейін әскери шенді адамдар басқарып отырды. Түргеш қағанаты тұсында Батыс түрік қағанатынан мұра болып қалған



лауазымдар онша көп емес. Қаған, кіші қаған, ябғу, тегін, еркін, шор, тархан, елтебер, түтүк лауазымдары әртүрлі деңгейде сақталып қалды.

Қағандықтағы билік әкеден балаға немесе ағадан-ініге мұрагерлік жолымен қалып отырды. Дегенмен, түркештердегі мұрагерлік тәртібі өзінен бұрынғы Түрік қағанаттарындағыдай тұрақты сипат ала алмаған. Түркештердің қоғамдық құрылымы күрделі, әрі тым өзгермелі сипатта болды.

705 жылы арабтар Мауараннахр облыстарын басып алуға кірісті. Хорасанның уәлиі-орынбасары Кутейба ибн Муслим Балхты жаулап алып, 706 жылы Бұхараға таяу жердегі Пайкентке қарай беттеді. Түргештер дереу соғдыларға көмекке келеді. Түргештер мен соғдылардың бірлескен қолы араб әскеріне ойсырата соққы береді. Кутейба ибн Муслим әккілік жолымен одақтастарды алдап, оларды бір-біріне айдап салып, өзі қоршаудан құтылып кетеді. 709 жылы Кутейба тағы да Мауараннахрға аттанып, Бұхара маңына дейін жетеді. Түрік-соғды одағы араб әрекетіне талай рет соққы береді. Кутейба соғды патшасы Тархунды түріктер көмегін алудан бас тартқызады, соның салдарынан араб әскері Бұхараны басып алады.

Түргеш қағанатында Үш-Еліктен кейін оның мұрагері болып, баласы Сақал-қаған (706-711 жж.) таққа отырады [4, 75 б.]. Түргеш мемлекетінде ішкі бірлік болмайды. Мемлекеттің сыртқы жағдайы да аса қиын еді. Олар батыста соғдылармен бірге арабтарға қарсы күрес жүргізіп жатты, оңтүстікте оларға Тань әулетінің әскері қауіп төндіріп тұрды, ал шығыс жағынан Орталық Азия түріктері айбат шегумен болды. Шығыс түріктер қағаны Қапаған 711 жылы Болучу түбінде (Жоңғария) өткен соғыста түргештерді күйрете женеді. Шығыс түрік әскері батысқа беттеп бара жатып, Сырдариядан көктей өтеді. Сол кезде араб уәлиіне қарсы самарқандықтар және Орталық Азия түріктерінің қағаны көтеріледі.

Бірақ Кутейба дәл мерзімінде келіп, араб гарнизонын талқандаудан сақтап қалады. 712-713 жылдары арабтармен күреске түріктер мен соғдылардың, шашпықтар мен ферғаналықтардың бірлескен қолы шығады. Кутейба қалың әскер жинап, Ферғана мен Шашқа (Ташкент) аттандырады. Шаш маңындағы қыстақтардың көбі өртелді. Түргештердің Орта Азия халықтарымен одағы арабтардың Мауараннахрдағы билігіне қандай қауіп төндіретінін жақсы түсінген ол 714 жылы Исфиджабқа жорық жасайды.

Түргеш қағанатының ішкі саяси жағдайы бірнеше жылдар бойы тұрақсыз болып тұрған, бірақ Сұлық-қаған (715-738 жж.) таққа отырғалы бері ол күшейе түскен еді. Әскери-әкімшілік билік «қара» түргештердің қолына тиіп, олардың ордасы Таласқа (Тараз) көшірілген болатын. Сұлық-қаған кезінде Түргеш билеушілерінің Тань патшалығымен қарым-қатынастарының жиі болғандығы жайында қытай жылнамаларында деректер кездеседі. Оның тұсында түргештер екі майданда күрес жүргізді. Батыстан арабтар, шығыстан Тань әулеті күш көрсетті. Елшілік жолымен (неке байланысы) және әскери шаралар арқылы Сұлық шығыстан келетін қатерді болдырмады. Бұл жағдай түргештердің батыста белсенді әрекет етуіне мүмкіндік туғызды.

Сұлық-қаған 717 жылы Тань империясының астанасы Чананьға аттанады. Ол Ашина руының Батыс түрік қағанатының тұқымынан шыққан қызға үйленеді. Қапағанның орнында Шығыс түрік қағандығының тағында отырған Білге қағанның қызын екінші әйелдікке алады. Сұлық-қаған үшінші рет Тибет патшасының қызымен некелесті. 726-727 жылдары Түргеш армиясы Күше қаласына екі рет шабуыл жасап, екіншісінде тибеттіктермен мәмілеге келіп, бірігеді. Сұлық-қағанның негізгі әскери күші батыс жақтан төнген жауға қарсы тұруға тиіс болды, ол Орта Азия елдерінің арабтарға қарсы күресінің белсенді қатысушысы болатын. 720-721 жылдары Сұлық-қаған армиясының қолбасшысы Кули-Чор Соғдыда арабтарға қатты тойтарыс береді.

Арабтар Түргеш қағаны Сұлықты Абу Музахим деп атаған. Өйткені Соғдыда арабтарға қауіпті қарсылас Сұлық болды.

728-729 жылдары Самарқанд пен Бұхара тұрғындарының қатысуымен Соғды арабтардан арылып, тек Самарқанд басшыларының билігінде қалады. 730 жылы арабтар біраз жеңістерге қол жеткізгенімен, шамамен 731 жылы Күше мен Самарқанд аралығындағы тауларда, кейін Кермин түбінде түргештерден жеңіліс табады. Тек 732 жылдың аяғында ғана араб қолбасшысы Джунейд Абдаллах түргештерді жеңіп, Бұхараға кіреді.

Арабтар Бұхараны алғаннан кейін арада бір жыл өткенде түргеш армиясы Амударияның жоғарғы беткейлеріне тағы да келеді. Мұның себебі соғдылар Тохаристан жағынан бас көтерген арабтар қыспағынан арылу үшін түргештерден көмек сұраған еді. Алайда Сұлық-қағанға соғдылықтар батыл қолдау көрсетпей, түркілер жағы ауыз бірліксіз жағдайда болып, Сұлық тас-талқан болып жеңіледі.

Құжаттар сол кездегі Түргеш қағанатында әлеуметтік өзгерістердің болғанын көрсетеді. «Жаңа Тань тарихында» былай делінген: «Шығындар (аксүйектердің) күн сайын өсіп жатты, ал қор дегенің болған жоқ. Соңғы жылдары ол (қаған) тапшылықты сезіне бастады, сондықтан талап алынған олжаларды бірте-бірте бөліске салмай, өз қолында ұстады. Міне, осы кезде бағыныштылар да одан бөлініп шыға бастады». Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түгештердің билеуші топтары арасындағы күреске ұласты. 738 жылы Сұлық-қаған өлген кезден бастап бұл күрес өте шиеленісе түсті. Шежіреде айтылғандай, Түргеш қағанатында «Сөгенің (Сақалдың) ұрпақтарын сары рулар (сары түгеш) деп, ал Сұлу (Сулуқ) ұлысын қара рулар (қара түргеш) деп атайды, (олар) бірімен-бірі жауласады, біріне-бірі сенбейді» [5, 21 б.].

Араб шапқыншылығы Орта Азия халқының, сонымен бірге Түргеш қағандығының саяси, шаруашылық өмірін қиындата түсті. Түргеш билеушілерінің өз ішінде үкімет билігіне таласқан қиян-кескі қырқыс өрістей берді.

Сұлық-қағанды өлтірген соң, Кули-Чор Суяб қаласына келіп, қаған тағына отырады. Тань әскерлері Түргеш қағандығының астанасы Суяб және Талас қалаларына шабуыл жасап, басып алады. Хорасаннан жаңа араб басшысы Кули-Чорды қамауға алып, өлім жазасына кесіледі. Сұлық тағына түргештің қара және сары тайпаларынан шыққан әскер басылар мен орда уәзірлері таласып, ел ішін алашапқын бүлік жайлады. Түргеш елінде 739 жылы бірден үш қаған пайда болды, қара түргештер қағанның ұлы Ерой тегінді қолдады. Тек Бага тархан ғана сары түгештерді қолдап шыққанымен өз күшіне сенбей Таң ордасынан көмек сұрауға мәжбүр болады. Таң патшалығы алғашында сарылар жағын қолдайды. Өйткені, Сұлық пен Таң патшалығы арасы әлдеқашан ашылып соғыс жағдайында тұрған болатын. Таң патшалығының жазалаушы әскері 739 жылдың тамызында Түргеш қағандығының астанасы болған Суяб пен Талас қаласына шабуылдап басып алады. Қара түркеш ханы Еройды өлтіріп, Тоқсанды тұтқындады. Таң патшасы түргештердің негізгі әскери күшін талқандап болғаннан кейін, өзіне қолайлы қуыршақ басшы қарастырып, ақыры тұтқындағы тоқсанға кешірім жасағансыды да оған «қолбасы» және «князьдік» атақ беріп еліне қайтарады. Таң патшалығының түргештердің сары және қара әулетіне ұстанған саясаты тым құбылмалы болды.

Тань патшалығы 742 жылы Ашина тайпасының бір адамын түгештерге «он оқ қағаны» деп тағайындайды. Одан кейін Түргеш қағандығына Елеңміш Құтлық білгі қаған (747-753 жж.), Тәңірі Ілміш қаған (753-756 жж.), Ата Бойша қаған (756-766 жж.) билік жүргізді. VIII ғасырдың ортасына дейін Орта Азияның біраз бөлігін жаулап алған араб әскерлері Түгеш қағандығының жеріне төніп келе жатты.

Сары түргештер мен қара түргештер арасындағы 20 жылға созылған тақ таласы Түргеш қағандығын құлатуға мәжбүр етті. Ішкі, сыртқы соғыстар Түргеш қағандығын әлсіретті. Бұл жағдайды пайдаланған Қытай империясы Жетісу жеріне еш кедергісіз кірді де, 748 жылы Суяб қаласын, 749 жылы Шашаты басып алды. Бірақ Қытай әкімдерінің бұл өңірдегі билігі ұзаққа бармады. 751 жылы Тараз жанындағы Атлах

қаласы түбінде аббасидтердің әскербасы Зияд ибн Салих пен Қытай қолбасшысы Гао Сяньжи арасында орасан зор арпалыс болды. Айкас бес күнге созылды. Шешуші сәтте қарлұқтар көтеріліс жасап, арабтар жағына шығады. Қытай әскері толық күйретілді. Атлах түбіндегі соғыстың Жетісу мен Мауараннахр халықтары тағдыр-талайында үлкен тарихи мәні болады. Тань әскері енді Жетісу шебін ғана емес, Шығыс Түркістанды да тастап кетуге мәжбүр болады. Талас алқабында арабтар да көп ұзамай, Шашқа шегініп кетеді. Бірақ ішкі тартыстардан, 756 жылы түрік тілді қарлұқтар тайпаларының шабуылынан Түргеш мемлекеті құлады.

Жетісу территориясында түркі кезеңінде ірі саяси маңызды мемлекеттер болды. Осы алғашқы ортағасырлық мемлекеттердің саяси-басқару құрылымы кейінгі мемлекеттерде көрініс тапты. Сонымен қатар, Жетісу өңірі батыс державалардың да қызығушылығын тудырды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есмағамбетов К. Тарих таңдақтары. Екінші кітап. – Алматы: Арыс, 2008. – 426 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. I том. – Алматы: Атамұра, 1996. – 544 б.
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
4. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім, 1996. – 272 б.
5. Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 68 б.



**ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ**

ӘОЖ 796.011

**Қ.Е. Берікболов, Б.А. Мұздыбаев, Е.А. Данабеков, Е.Е. Берікболова**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы.  
E-mail: berikbolovk@mail.ru*

## **ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ, СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі жоғары оқу орнында студенттердің азаматтығын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және практикаға ендіру әдістемесін жасау болып отыр. Ұлттық спорт ойындарының әлеуметтік-педагогикалық маңызы туралы пікірді біз тек қазақ айналасында ой қозғаумен шектелуден аулақпыз. Олай болатыны ойын әр кезде, әр уақытта жалпы әлемдік маңызға ие. Сондықтан ол әр кезде интернационалдық маңызға ие болып қала бермек. Ойында шекара деген жоқ. Ойнаушының көңіліне қонса болды, тіл білуді қажетсінбей-ақ ойнай береді.

The the present the height founding scientific-theoretic aspect creation citizenship to the point students occupation and in the practice induct technique create. The national sport about social-the pedagogic sense plays thought we round the Kazakh family restrict move the thought . was the play each when, the master always generally world sense. That is why he each when the internationality have in sense town are going give. The devil play not said. Was sink in the attention, will lose қажетсінбей-flow linguistics.

Ұлттық спорт ойындары арқылы студенттердің азаматтығын қалыптастыру психологиялық-педагогикалық проблема.

Азаматтықты жеке тұлғаның оқуға, еңбекке қарым-қатынасы мен елінің, өзінің жетістікке жетуіне үлес қосуға даяр болуы ретінде қарастырады. Г.Л. Смирнов азаматтықтың мәнді белгіазаматтық ісі идеологияның мақсатымен принциптері– қоғамдық мүддені мойындау, өмірдің биік мәні ретінде қоғам игілігіне еңбек ету, ар-намысын, абыройды жоғары ұстау, қабілет-азаматтық іскерлігін дамыту, адамдармен бауырластық, ұжымшылдық, интернационалдық таныту[1].

Сонымен, азаматтықты тәрбиелеу дегеніміз – ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау көрсеткендей, адамның қоғамның, мемлекеттің мүшесі ретіндегі сапалық қасиеттердің жиынтығын тәрбиелеу болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде «азаматтық тәрбие» және «азамат тәрбиелеу» синонимдер ретінде қолданылады[2].

В.Дальдің түсіндірме сөздігінде: «Азамат-бір орталықтан басқарылатын қауымның немесе халықтың мүшесі, халықтың, жердің, мемлекеттің құрамына кіретін әрбір адам...» (Даль В.И толковый словарь живого великого русского языка. В 4 томах-Т.1.-М: Гос. Издательство иностранных словарей – С. 389). С.И. Ожоговтың сөздігінде: азамат дегенге тап осы мемлекеттің территориясында тұрақты тұратын, оны паналайтын және басқа да құқық пен міндеттермен иеленетін адам деп анықтама берген (Ожогов С.И словарь русского языка Под. ред. Н.Ю.Шведовой. 16 издание., испр.-М: Русский язык, 1984-С.-123). Міндеттерге ие бір қоғамға яғни , азамат өз құқығы мен міндеттері бар, белгілі бір қоғамға, мемлекетке тән адам[3].

*Азамат тәрбиесіне қатысты зерттеулер* (Гаязов А.С, Мамонтов В.И, Кузнецова Л.Ф, Игнатова Г.Ш, Ростовцева Е.В, Волжина О.И, Якобсон М.А және т.б) негізінен жеке тұлғаның мемлекет үкімет, оның саясатына қоғамға, қоршаған ортаға, сол қоғамда алатын өз орнына саналы қарым қатынасын қалыптастыру мәселелеріне арналаған.

Оларға жасалған талдау, проблеманың күрделі әрі тапқырлы сипатын көрсетеді.

Ғалымдар азаматтық тәрбиесіне қатысты проблемаларды саралай келе, қоғам дамуындағы әлеуметтік-экономикалық саяси жағдайларға тығыз байланысты

қарастырады. Осы аспектіде ғылыми еңбектердің басым көпшілігі азаматтық тәрбие жөніндегі идеялардың оның теориясы мен практикасының даму тарихын (Волжина О.И, Мамонтов В.И, Кузнецова Л.Ф, Игнатова Г.Ш, Ростовцева Е.В, Волжина О.И, Якобсон М.А және т.б) қарастырса, бір қатары азаматтық тәрбиенің теориясы мен практикасын (Гаязов А.С), Білім беруді ізгілендіру жағдайында оқушылардың азаматтық тәрбиесі оның жекелеген аспектілеріне В.И. Кожокорь, Н.А. Шатунова, Н.А. Вахтрушева, Т.М. Абромьян және т.б. назар аударған. (Ростовцева Е.В т.б.) проблемаларын зерттеген. Солардың ішінде А.С. Гаязовтың еңбегі біз үшін қызығушылық тудырады[4].

А.С. Гаязов, азаматтық тәрбие процессінің әлеуметтік саяси, заңгерлік моральдық, белгілерін ажырата отырып азаматтық тәрбиені бүгінгі жаңа жағдайындағы тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде тұжырымдайды және азаматтық тәрбие процессінің мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, азаматтық іс-әрекеттік, талдау-реттеушілік компоненттерін қарастырады. Жүйе ретінде азаматтық процесінің мақсаты, мазмұны, міндеттері, принциптері, қозғаушы күштері, әдістері, ұйымдастыру формалары, шарттары және тәрбие процесінен басқа да салалары мен байланысы жан-жақты сипат алған, біздер өз зерттеуімізде ұлттық спорт ойындары арқылы колледж оқушыларын азаматтық тәрбие беру проблемасын қарастыруда басшылыққа аламыз[5].

Зерттеуші жеке тұлғаның түрлі азаматтық іс-әрекеттерінің (оқу-танымдық, еңбек және т.б.) азаматтық тәрбие берудегі мүмкіншіліктерін талдап ашып- көрсетуге де зер салған автордың пайымдауынша зерттеуші азаматтық сапа қасиеттердің жиынтығын процесстің басты үш қырынан (концептивтік азаматтық іс-әрекеттік, практикалық, баға берушілік) қарастырып, азаматтық сапа-қасиеттердің 16 белгісін ұсынады: азаматтық парыз, жауапкершілік, ұят белсенділік азаматтық құқығы мен міндеттерін құрмет тұту мен қабылдау, сана-сезім, азаматтық іс атқару әрекет етуге қажеттілік мемлекеттің заңын қастерлеу, патриотизмдік және интернационализмдік сезім, мемлекет азаматтық ісі мен өз азаматтық істеріне бара-бар қарым-қатынас, тек бостандық сезімі, ар-намыс, саяси-мәдениет, азаматтық сана-сезімімен, мінез-құлықтың бірлігі сияқты белгілерін ажыратып көрсетеді. Ал азаматтық тәрбиелікті адамның қоғамға, мемлекетке өзін қоршаған адамдарға және әлеуметтік саяси құбылыстарға белсенді қарым-қатынасымен сипатталатын, күнделікті азаматтық іс-әрекетінде көрініс беретін сапа қасиеттерінің жиынтығының қалыптасуы[6].

А.С. Гаязовтың зерттеу еңбегіндегі біздің зерттеуіміз үшін құнды жағы, автордың азаматтық тәрбие мазмұнын аймақтық және ұлттық компоненттерін ажыратып бергендігінде. Зерттеушінің пікірінше, адам-азамат мемлекет, мемлекеттік құрылым туралы ұғым түсінігі. Халық есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырады. Автордың пікірінше жеке тұлғаның азаматтық тәрбие процесі бұрынғы одақ ыдырағаннан кейінгі елдердің тәуелсіз мемлекет болып, қалыптасуы: ұлттық сана-сезімнің және ұлттық қоғам өмірінде маңызын ұғынуы, ұлттық мәдениеттердің өз-ара азаматтық ісі мен ұлттық төл ерекшелігін сақтап қалуға талпынысы; ұлттың ұғым-түсінігінде жинақталған азамат идеясын жеке тұлғаның бойына дарытуға талпынысы; азамат идеясын түрлі азаматтық іс-әрекеттерде, азаматтық тәрбиеде нысана етіп ұстау; жеке тұлғаның еркіндігінің кеңейуі, оның құқығы мен міндеттерінің нығаюы сияқты факторлармен тығыз байланысты[7].

Проблема өткен ғасырдың 70-80 жылдары ғана ғалымдардың нысанасына айнала бастады. Ғылыми еңбектерге жасалған талдау азаматтық тәрбиенің сан қырлы, көп мағыналы, күрделі проблема екендігін айғақтайды және олардың басым көпшілігі азаматтық тәрбие (гражданское воспитание) азаматтыққа тәрбиелеу (воспитание гражданственностью), азаматтық сапа қасиетке тәрбиелеу (воспитание гражданских качеств) мәселелеріне арналған.



Зерттеушілердің назарынан азаматтық тәрбиенің түрлі аспектілері болып табылатын азаматтық кемелдену (зрелость) жауапкершілік (ответственность) белсенділік (активность) абырой (гордость), тұғыр (позиция) сана-сезіммен мінез-құлық бірлігі (единство сознания и поведения) сондай-ақ, азаматтық тәрбие беруге болашақ оқытушы даярлығы, азаматтық тәрбие идеяларының даму тарихы мәселелеріде тыс қалмаған.

Сонымен, педагогика классиктерінің бүгінгі тәлім-тәрбиенің негізі болып саналатын іргелі теориялық идеяларын талдау «азаматтық тәрбие» мәселесі не байланысты арнайы зерттеу еңбектері орындалмағандығын көрсетеді [8].

Ұлттық спорт ойындарына келсек, оны да жасаушылар аға ұрпақ. Алайда ұлттық спорт ойындарының жан-жақтылығы сондай, ол адам жастардың қимыл қозғалысына ғана емес, ақыл-ойының бірдей дамуына, қиялын, жеңіске деген құмарлығына негізделген. Мұнда адамдық қасиеттің бәрін дамытуға негізделген идея ғана емес, адам мінез-құлықты шыңдауға арналған психологиялық-педагогикалық негіз қоса қалыптастырылған.

Ұлттық спорт ойындарының негізгі ұтымды тұсы осымен дәлелденеді. Ұлттық ойындарды, оның ішінде оймен келетін ойындарды аудиторияда, аудиториядан тыс тәрбие жұмыстары барысында дидактикалық материал ретінде оның элементтерін дұрыс қалыптастыру, жеке тұлғаны өзін-өзі сезінуге, өзгелерден өзін ажыратып алуға, өзінің жеке тұлғалық эмоциясын шыңдай түсуге жол табады. Сөйтіп, ұлттық спорт ойындарының бұл жүйесіне енетін ойын саласы жеке тұлғаның дара, өзіндік ой санасын қалыптастырып, жеке тұлғалық іс-әрекетін шыңдап, оны шығармашылық ізденіске бастайды.

Бұл жүйедегі ұлттық спорт ойындарының тағы бір ерекшелігі азаматтық жауапкершілікке жаттығатыны. Бұл жастар үшін, студент үшін өте қажетті сала. Біз оқушыдан тәртіпті болуды, үлкендерді тыңдап, сабақты құлықпен оқуын қалаймыз [9].

Кенестер өкіметінің, әсіресе саясатқа негізделген, мектептегі жүргізген идеологиялық бағыт-бағдары, үнемі белгілі бір стандартқа негізделе отырып, тағы бәрі де бір деңгейде ойлау, бәрі де бір қалыпқа құйғандай болуға негізделген оқытушыны сөзсіз тыңдау, бұра тартпауға азаматтық тиісті болды. Мектепте, та тәртіп болуы әр кезде де қажет. Десек те, ол сөзсіз, көзсіз әрекетке негізделмей, саналыққа, өзбеттілікке, шығармашылық ойлылыққа тәрбиелеуі азаматтық тиіс.

Ұлттық спорт ойындарының тағы *бір ерекшелігі* ол өткен ұрпақтың еркін ойының нәтижесінде өмірге келген. Онда қатып қалған қағида жоқ. Сондықтан, ол әркезде негізгі жүйесін бұрмаламай қалыптастырушының ерік, жігерін тапқырлығына, кенеттен пайда болған, кедергілерді жеңіп, саналықпен оны өз мүмкіндігіне қарай өзгертіп қалыптастыруына толық ерікті [4].

*Біріншіден*, оқушыға еркіндік береді.

*Екіншіден*, ол тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында қалыптастыруға қолайлы, өйкені оның мазмұнын алып, оқытушы тәрбие жұмыстарының талаптарына сай қалыптастыруына қолайлы болып табылады.

*Үшіншіден*, ойынның бұл жүйедегі салаларын сабақта, аудиториядан тыс әлеуметтік оқу-тәрбие жұмысына қалыптастыру туралы сөз болғанда, біз ойынды сол қалпында тұтас қалыптастыруды айтпаймыз, ұлттық спорт ойындарының динамикалық ой орамдарын дидактикалық материал ретінде алып, қалыптастыруға қолайлы.

*Төртіншіден*, ұлт ойындарын оқу-тәрбие үрдісінің барысында қалыптастыру, егер ол сол қалпында тұтас пайдаланылса, онда ол оқушының назарын басқа жаққа аударуы сөзсіз.

Сондықтан оқытушы олай ете алмайды. Оқытушы ойынды, оның элементтерін немесе формаларын алып пайдаланғанда, сабақта, тәрбие жұмыстарының барысында оның қиын тұстарын оқушы санасына жеткізудің жеңіл, табиғи жолдарын іздейді. Бұл

оқытушы арқылы жастарына өз бетімен ойлау, іздену шығармашылық идеяны сіңіреді.

Ұлттық ойындардың «Оймен келетін ойындар» жүйесінің негізгі ерекшелігі мұнда ойын барысында ешқандай зат қолданылмайды. Осы саладағы ойындардың ішінде «Ақыл-ойды шынықтыруға арналған ойындарда» ғана зат қолданылады. Оның өзінде де қазіргі кезде оның тақтасын жасап қалыптастыру орын алуда. Ертеде ойын тақыр жерге сызып, ойып немесе жалпақ тастың үстіне ойып жасайтын болған. «Жастар тоғыз құмалағында» да осылай жерді тегістеп, тақыр жердің бетіне оның формасын сызып ойнаған. «Дойбы», «Шахмат» спорт ойындарына келсек, ол ертеден қазаққа сіңіскен ойындар, онымен әлем халықтары ойнайды. «Дойбы» ойынының тақтасын Ғ.Мұсабаев таудың жалпақ тасынан ойып жасалған суретін тауып; фотоға түсіріп, өзінің кітабында жариялады. Ол кісінің айтуынша, бұл сурет біздің заманымыздан бұрын жасалған. Олай болса «Дойбы» ойыны қазақ ұғымына өте жақын, тіпті төл ойыны деп те есептеуге болады [11].

Ұлттық ойындар адамдардың шындықпен өрілген алыс күндерді меңзейтін, болмыстың өзінен туындайтын және соны жастардың өмірді танып білуімен ұғынып, түсінуге арналған ақыл-ой, қиялынан өрелі өрісінің жемісті дамуы ретінде көрініс берген туынды. Олай болса, ол күнбе-күнгі адам тұрмысының көрінісі. Сондықтан адамның өзі, оның тұрмыс - тіршілігі қандай шындық болса, оның жасаған ойыны да болмыс шындығы. Ұлттық спорт ойындары - адам қиялы, фантазиясы арқылы өмір шындығының адам санасында түрленіп, қайта тууы болып табылады. Сондықтан - адамның өзі қандай материалдық болса, ол жасаған спорт ойындары да, материалдық дүниенің көрнісі. Өйткені ойын – адамның еңбек тәжірибесінің ойын арқылы қайталануы. Олай дейтініміз ол белгілі бір жүйеге негізделген адамның дене, ақыл-ой жаттықтырушысы болып табылады.

Бүгінгі таңда республика көлемінде мемлекеттік маңызы бар шаралар жүзеге асыруда.

Мемлекеттік құрылымдықтың, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың, шығармашылық одақтардың, бұқаралық ақпарат құрылымдарының азаматтық тәрбиеге бағытталған шаралары жүзеге асырылуда [12].

Студенттерге азаматтық тәрбие беруге азаматтық– идеалдарды насихаттауда БАҚ үлкен рөл атқарады. Республика көлеміндегі талдаушылық есептер, әлеуметтік зерттеу нәтижелері соңғы жылдары қоғамда етек алған жағымсыз процестер жастардың көпшілік арасында адалдық, адал ниеттілік ерлік жасауға даярлық, жаналық шыншылдыққа сену, идеяға танылу, қайсарлық, жанкештілік сияқты дәстүрлі адамгершілікті психологиялық қасиеттердің бүлінуіне, тіпті жоғалып кетуіне әкеп соқтырады.

Елімізде туып отырған тарихи мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, халқымыздың ғасырлар бойы айналысқа түспей жоғалтып келген рухани мұраларының бірі - ұлттық спорт ойындарын бүгінгі аудиториядан тыс іс-әрекеттерде азаматтыққа тәрбиелеу процесін бүгінгі күннің талаптарына сай жетілдірудің әлеуметтік-педагогикалық негізі ретінде пайдалана отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды тәрбиелеу мақсатын көздейді [13].

Ұлттық ойындар әр халықтың өзіндік ұлттық рухани өмірінің айнасы іспетті, олар адамның дүние танымы мен оның сыртқы дүниені қабылдауының нәтижесінде ішкі ой қорытындыларын жасауы арқылы өзін қоршаған дүниенің қыры мен сырын ұғуға жәрдемдесуде сандаған ғасыр айналысқа түсіп әбден сұрыпталған, әлеуметтік ортада өмір талабына сай өзгерістерге ұшырап бүгінгі адамдардың мақсат, мүддесіне жарап, оның жан-жақты дамуына әсер ететін қоғамдық құбылыс болып табылады.

Осы ретте жолдардың ұрпақ сабақтастығы, ұлттық намыс рухында тәрбиелеуге бағытталған ақпараттық – насихаттау жұмысы ерекше сипатқа ие. Сондықтан ағымдағы хал-ахуал, тарихи уақиғаларды баяндау туралы материалдарды кеңінен

насихаттап, азаматтық сапа-қасиеттерді дәріптеу өріс алуы тиіс[14].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елбасының «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» 2004 жылы 19 наурыз
2. Коменский Я.А. Избр. пед. соч., в 2-х т, Москва, 1982, Т.1, Т. 2,- С.576.
3. Руссо Ж.Ж. Пед. соч. в 2-х, Москва, 1981, Т. 1, 645 с. Т.2, -С.336 .
4. Ушинский К.Д., Пед. соч: в 8 т. Москва, 1988, ТД-С.350 .
5. Макаренко А.С., Пед. соч: в 8 т, Москва, 1983,-Т.5,-С. 490.
6. Сухомлинский В.А., Избр. пед. соч: в 3т-х, Москва, 1980, Т.1,-С357
7. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар, Алматы, 1955.-Б.266.
8. Белинский В.Г., Избранные педагогические сочинения: Москва, «Педагогика», 1982.-С.58.
9. Әл-Фараби қазақ даласының ойшылдары,
10. Қорқыт ата , Ә. Дербазаматтық ісалин.-Алматы: Қазақстан, 1993.-Б.64.
11. Жастарсағұн, Кұтты білік (Кұдағу білік)-көне түркі тіліне аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. Алматы, 1986.-Б.616.
12. Қашқари М., Диуани ұлығат-түрік. Алматы, 1996.-Б.237.
13. М. Уалихонов М., Собрание сочинении в 5 томах. изд. АН Каз.Алматы, 1961.2т. -Б.235.
14. Абай Құнанбаев [14], . Шығармалары 2 том. 1968 . Алматы, Б.193 .

УДК 79

Қ.Т. Джанабаев

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы.*

#### ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮРДЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Мақала халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар, қазақтың ұлттық ойындары мен халқымыздың салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысы.

В статье обосновывается мнение народной педагогики, связь «человек, семья, воспитание молодого поколения». Посредством казахских национальных игр в учебном процессе раскрываются педагогические идеи, рассматривается связь обычаев и традиций казахского народа.

The article substantiates the opinion of the people's pedagogy, communication «person, family, upbringing of the younger generation». By means of the Kazakh national games in учебном процесс disclosed pedagogical ideas, we consider the relationship обычаев and traditions of Kazakh people.

**Тірек сөздер:** қазақ ұлттық қозғалмалы ойындар, салт-дәстүр, көне тарих, ұлттық энциклопедия, эстетика-психология.

«Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа,



ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады. «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Қоғамымыздың ірге тасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлылық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Отбасы, өскелен жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ең алдымен, халық педагогикасы өскелен ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді.

Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақ-тар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген.

Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бақиға дейін, - Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, бала-лардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған». Аңға байланысты ойындар: ақсерек-көксе-рек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр. Малға байланысты ойындар: аларман

(қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-қотан, көксиыр, соқыр-теке, түйе мен бота. Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алақүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіт, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, камалды қорғау, караше, кимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хал қалай? Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұғнай, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де, егер..., жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты-ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике.

Соңғы кезде қалыптасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады. Ал енді қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар. Біз енді қазақтың ұлттық ойындарының негізгілерін талдап, тарқатсақ. Ақсүйек. Қыз-бозбалалар оны жазғы айлы түнде ойнаған. Ойын бастаушы жылқының бақай сүйегін, ол болмаса қойдың жілігін немесе жауырынын, жамбасын қолына алып, ойынға қатысушыларға көрсетіп, белгілеп алады да, ойыншыларды екі топқа бөліп, алысырақ барады да ақсүйекті лақтырып жібереді. Қай топтың ойыншылары ақсүйекті бірінші болып тапса, сол топ жеңген болып саналады. Сүйек еті мүжіліп, далада жатып күнге күйіп, әбден ағарған болуға тиісті. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бігіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баиі түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды, әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтастырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау



дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады. Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі. Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес 1949 жылы жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі М.Гуннердің толықтырып, өңделген кітабы. XX ғасырдың басында көшпенді халықтар: қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, калмақ, т.б. отар елдері туралы этнографиялық деректер жинақтап, олардың ұлттық мәдениетінің тармағы – халық ойындары, оның ішіндегі құрамдас бөлшегі болар ойынын жинап зерттеуді Түркістан генерал-губернаторы арнайы шенеуніктер мен миссионер ғалымдарға жүктеген. Орыс ғалымы А.Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында Ферғана және Сырдария аймақтарын мекендеген өзбек халқының ұлттық ойындарының бірнеше түрлерін ажыратып, топқа бөліп, нақты зерттеген. Ізденіс барысында автор Ферғана балаларының күнделікті ойнайтын ертеден келе жатқан дәстүрлі «Гимчук тушпы бошимга» ойыны Ташкенттегі сарт балаларына таныс емес екендігін айтады. Ал М.Гавриловтың авторлығымен жазылған «Перепелиный спорт у Ташкентских сартов» атты мақаласына өзбек халқының ойын түрлерінің айрықша маңыздысы жыл мезгілдерінің белгілері уақытында «Құстар ойынын» (тауық, қаз, т.б.) ойнаудың ережесі, ойын түрлері, тәртібі зерттеледі. Кеңес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болғанына қарамастан, сол тоталитаризм кезінде дәстүрлі ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркімбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Әсіресе, М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған. Ең бастысы, ол дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалаған М.Тәнекеевтің авторлығымен шыққан алғашқы туынды «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957). Бұл зерттеуінде ізденуші қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәртіптерін таразылап, халық ойынының қажетті



жақтарын ашып, сонымен қатар, басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп жіктеп, құнды мұрағат деректеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады. Ғалым негізінен Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде дене тәрбиесі мәдениетінің дамуын талдай отырып, тарихта тұңғыш рет, дене мәдениеті мен спорттың екі даму бағытын қара халықтық және аксүйектік деп көрсетіп, оны формациялық әдістемеге сүйеніп, яғни таптық тұрғыдан қарастырады. Сонымен бірге ғалым зерттеуіне әскери қолданбалы маңызы бар кейбір спорт және ойын түрлерінің өрлеуіне отаршыл Ресей патшалық өкіметінің саяси көзқарасын көрсетеді. М.Тәнекеевтің аталған еңбегінде таптық-формациялық идеологиялық көзқарас тұрғысынан сол заманға сай зерттелгеніне қарамастан, бүгінгі күні өз құндылығын жоймаған, ғылыми тұрғыдан аса жоғары еңбек болып табылады. М.Тәнекеевтің басшылығымен бұдан басқа да бірнеше ғылыми монографиялық еңбектер жазылды. Кеңестік кезеңдегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде дәстүрлі қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін дәлелдеп, ойын зерделеген. Аталған автор қаламынан халықтың этнопедагогика мен ұлттық ойындар арасындағы байланыс және ойындардың ертенгі болашаққа керекті қасиеттілігін зерттеген басқа да қомақты ізденістер дүниеге келеді.

Е.Сағындықовтың авторлығымен жазылған ғылыми монография «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (Алматы, 1993) деп аталады. Ғылыми еңбекте қазақ мектептерінде I-ҮІ сыныптарда қазақ халық ойындарын жекелеген классификацияларға топтап, оны сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістері анықталып, қазақ халық ойындарына педагогикалық талдау жасалып, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделеді. Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындардың ережесі қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985) атты еңбегіндегі ат спортына қатысты бәйгені бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйге, т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдау жасалады. Бала өміріндегі ұлттық және спорттық қимыл-қозғалыстың және ойынның алатын орны, формасы және мазмұны үлкен адамның тұрмыстық күйімен, еңбек түрімен және мазмұнымен салыстырылса, қаладағы қажеттіліктің бір тұсы адамды дағдыға үйрету екендігін байқаймыз. Ойын түрлері мен шарттарын бала жасына қарай бөліп классификация жасап, бірнеше халық ойындарын ұсынған. Олардың ішінде «Қояндар» (2-3 жастағыларға), «Аншы мен ит және қояндар» (4 жастағылар үшін), «Торғай мен мысық» (5-6 жастағыларға арналған) қозғалмалы ойындарын зерттеп, қолданысқа түсірген. А.Быкованың басшылығымен баспадан шыққан «Физическое воспитание в детском саду» кітабында балабақшаның әр тобында жас ерекшелігіне қарай өткізетін қарым-қатынас ойындарын ұйымдастыру және оны өткізу әдістері, т.б. мәселелер қарастырылған. Мысалы, қозғалып ойнау барысында алғашқы күннен бастап балаларды өзін-өзі тежеуге үйрету, сонымен қатар барлық баланың қабылдау қабілеті бірдей емес екендігі, яғни белсенділер мен жайбасар әлсіз балалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қасиеті, оларды әр түрлі ойынға тарту арқылы шыңдау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысындағы баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігінің артуы ғылыми еңбектің құндылығын жоғарылатады. Қазақ халқының өмірде болып жатқан сан қилы оқиғаларды бастан аяқ баяндап беретін ғасырлар бойы бірге жасасып келген әдет-ғұрып ойындары бар. Қазақ халқының ұлттық ойындары көпшілік жағдайда үлкен тойларда, мерекелерде, думандарда ойналатын болған. Осы ұлттық ойындардың негізгілері «Наурыз»

мерекесінде ойналатын ойындар болған. Ұлыстың ұлы күні ойналатын ойын-сауықты «наурызнама» деп атаған. Ол күнде наурыз деген бір жазғытұрым мейрам болып, халық наурызнама қыламыз деп той тамаша қылады екен. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын осы мейрамға келіп, көңілді ойын-сауықтар жасалады. Тойға ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт бәсекесі, айтыс түрлі ойындар мен ән, өлеңдер, наурыз жырлары айтылады. Наурызнама бұрын 3-9 күнге созылатын, халық ұлттық дәстүрмен әдет ғұрыптары кеңінен қолданылатын ерекше үлкен той. Қыз қуу — қазақ халқының ете көне ойындарының бірі. Ол республикамыздың халықтарының арасында кеңінен тараған ұлттық ат ойыны тобына жатады. Сонау ертеден келе жатқан спорт ойыны, ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталғаны болмаса, біздің заманымызға дейін оншама өзгеріссіз жеткенін атап өтуіміз керек. Бұл жарыс өзінің түрі жағынан біздің заманымыздан бұрын қандай болса, қазірде сол күйінде қалды. Сол заманғы тәртіп бойынша жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген (біздің заманымыздан бұрын VIII—VII ғасырларда Қазақстанның территориясын жайлаған кейбір рулардың арасында осындай тәртіп болған). Егер жігіт жарыста жеңілсе, ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін оның қызбен некелесуге құқы болмаған. Ертедегі аңыз-ертегілерге қарағанда, қазақтарда тағы бір мынадай әдет-ғұрып болған. Осы әдет бойынша жарысқа екі рудың қыз бен жігіті түскен. Жігіттің жеңілуі оған салынатын айыппен қоса, өз руында еті тірі жігіт пен жүйрік атының жоқтығы үлкен кемістік болып табылған. Егер қыз жеңілген деп табылса, оның жағының келісімі бойынша, ешқандай қалыңсыз-ақ ол жеңген жігітке тұрмысқа шығады. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды. Қазақ халқының ұлттық ойындарының зерттелуі. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Төтенаев Б. «Қазақтың ұлттық ойындары» – Алматы «Қазақстан» 1978
2. Төтенаев Б. «Қазақтың ұлттық ойындары» – Алматы, «Қайнар» 1994ж.
3. Аймауытұлы Ж. «Психология» – Алматы «Рауан» 1995 ж.
4. Жарықбаев Қ. «Психология» – Алматы «Білім» 1993 ж.
5. Казахи -Алматы: Казахстан 1995 г.
6. Казахская ССР, краткая энциклопедия. Том 3. с-457. Алматы 1989г.

**ӘОК 796.62**

**К.И. Дужасаров, А.К. Кожатаев, Е.Қ.Туғанбаев**

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*

#### **ҚАЗАҚСТАНДА ВОЛЕЙБОЛ СПОРТЫНЫҢ ДАМУЫ**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында волейболдың пайда болуы мен қалыптасуы туралы түсінік берілген.

В этой статье описывается история и развития волейбола в Республики Казахстан.



In this article to describe history and development volleyball sport in republic of Kazakhstan.

**Кілттік сөздер.** Волейбол, тор, доп, алаң, олимпиада, СССР, кубок, чемпионат.

Дене тәрбиесі – ол адамның денсаулығын жақсартуға, оның дене бітімін дамытуға, дене мүшелерін қалыптастыруға, қозғалыс жүйелерінің жан-жақты жетілуіне, өзі таңдаған спорт түрінде жоғары жетістікке жетуіне, жоғары өнімді еңбек пен әскери қызметке дайындалуына бағытталған арнаулы тәрбиелік үрдіс.

Ал волейболшылардың организміне түсетін салмақ мөлшері орташа деңгейде. Денеге аса күшті әсер ететін қимыл – жүгіру мұнда аз қолданылады. Волейбол ойнау реакция жылдамдығын, ептілікті, төзімділікті қалыптастыруға көмектеседі, тыныс, жүрек-тамыр, бұлшық ет жүйелерін нығайтады, ой шаршауынан арылтады, жалпы алғанда организмге игі әсер етеді, волейбол адамды коллективтік қимылға, жеке бас мүддесі команда мүддесіне бағындыра білуге, тәртіпті болуға, өзгелерге дер кезінде көмекке келуге үйретеді.

Дәрігерлер мен дене шынықтыру спорт мамандарының бірауызды пікірінше, волейболдың емдеу-сауықтыру мүмкіндіктері орасан зор.

1995 жылы әлемдік спорт шеберлері волейболдың 100 жылдық мерейтойын тойлады. Бұл ойынның ресми күні 1985 жыл деп есептелінеді. АҚШ-тың Массачусетс штатындағы белгілі Гелиокс колледжінде дене шынықтыру пәнінен сабақ берген американдық азамат Уильям Дж. 1897 жылы волейболдың 10 шартын ұсынған. Оның басты қағидалары төмендегідей:

- Алаңның ауқымы белгіленуі тиіс.
- Алаң аумағы: 25x50 фут (7,6x15,1 метр).
- Себеттің көлемі 2x27 фут (0,61x8,2 метр).
- Биіктігі: 6,5 фут (198 сантиметр).
- Доп резенке теріден жасалуы керек. Оның салмағы - 340 грамм.

Уильям Дж. Морган бұл ойынды «МИНТОНЕТ» деп атаған екен. Негізінен волейболдың тарихы он тоғызыншы ғасырдан бастау алады. Кейбір ақпараттарға сүйенсек, Еуропа, Орталық және Оңтүстік Америка халықтары осы тектес ойынды мыңдаған жыл бұрын ермекке айналдырған көрінеді. Ежелгі Рим жылнамаларында да біздің заманға дейін III ғасырда волейбол сынды фаустбол ойын түрі ұйымдастырылып тұрған. Олар әр командада 3-6 ойыншыдан бөлініп, допты аласа қабырғадан лақтыруға тырысқан. Фаустбол ойыны әсіресе, Еуропа халықтарына кеңінен танылған. Ойын 15 минуттан 2 таимға созылған [1].

Біздің елімізде волейбол Октябрь революциясынан кейін дамыды. Ол алғаш рет 1923 жылы «азаматтық правосын» алды. 1925 жылы Москва физкультура советінің спорттық ойындар секциясы өзінің алғашқы ережесін бекітті. Сол кездерден бастап жарыстар жүйелі өткізіле бастады.

1925 жылы Мәскеулік дене шынықтыру кеңесі бірінші волейболдан жарыс өткізу туралы ережесін құрып оны бекітті.

1927 жылы Мәскеу мен Харьков студенттері арасында бірінші достық қалааралық кездесу болды, Мәскеу студенттері жеңімпаз атанды. Сол жылы М.В. Сысоев және А.А. Маркушевич редакциясын басқаруымен «Волейбол и кулачный мяч» атты бірінші кітап жарық көрді.

1928 жылы Мәскеуде бірінші бүкілодақтық спартакиада бағдарламасына енген чемпионат өтті. Онда Мәскеу, Украина, Дальний Восток, Солтүстік Кавказ және Закавказье қалаларының командалары қатысты. Әйелдер командасы арасында Мәскеу құрама командасы бірінші орынға ие болды [2].

Қазақстанда алғашқы жарыс 1926 жылы Қызылордада ұйымдастырылды. Қазақстан волейболы 20 ғасырдың 60-жылдары жақсы дамыды. Ол спорт шебері,



КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың есіміне тікелей байланысты. Оның құрған «Буревестник» ерлер командасы 1969 жылы КСРО-ның, 1970 – 71 жылы Еуропа чемпиондарының кубогын жеңіп алды. Қазақстанда тәрбиеленген Валерий Кравченко, Олег Антропов, Надежда Смолеева 1968 жылы Мексикада өткен 19-Олимпиялық ойындардың, 1969 жылы Жәнібек Саурамбаев Еуропаның чемпионы атанды. Мұндай табысқа 1988 жылы Сеулдегі 26-Олимпиялық ойындарда Ольга Кривошеева, Елена Чебукина, Татьяна Меньшовалар жетті. Алматының АДК әйелдер волейбол командасы 1984 жылы КСРО-ның чемпионы атанды. Волейболшылардың халықаралық одағы 1924 жылы құрылған; 1992 жылдан осы одаққа Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясы мүше.

1932 жылы Алматы – Шымкент қалаларында өткен жарыста ерлер командасы (15:7 және 15:6) жеңіске жетті, қыздар командасының КазПи (Алматы) – Шамкент құрама командасының ішінен де Шымкент командалары жеңіске жетті.

Волейболдың дамуына «Динамо» спорттық қоғамы үлкен үлес қосты, 1933 жылда маусым кезінде әртүрлі ДСО командалары арасында үнеме жеңіске жетіп отырды. Сол жылы Қазақстан кәсіподақ құрама командасы СССР және УФАның кәсіподақ біріншілігінде Башкирия және Самара командаларымен жарысқа түсті. Қазақстандық волейболшылар командасы барлық ойындарда да команда бірде-бер рет жеңіліп көрген жоқ [3].

1933 жылы Алматыда 30 сентябрьден 6 октябрьге дейін өткен II бүкіл Қазақстандық Спартакиадада Ақтөбенің, ШҚО, Қарағандының, Алматы және басқа облыстарының волейбол командалары қатысты. Ерлер арасында бірінші орынды астаналық ерлер командасы жеңіп алды, ал екінші орынды Оңтүстік Қазақстан облысының қыздар және ерлер командасы жеңіп алды.

1948 жылдан бастап СКИФ командасының жүлдегерлері, «Авангард», «Медик» кезек-кезек бүкілодақтық жарыстарға қатысып, турнирдық кестенің соңғы жолдарын иеленді. Осылай 1950 жылдардың ортасына дейін жалғасты. Бірақта жеңіліп жүргендері бекер болмады. Осы уақытты әлемге Қазақстанды танытқан «Б» командасының негізі қаланды.

1953 жылы бұл команда көп қарсыластарын Бүкілодақтық жасөспірімдер біріншілігін іріктеу турнирінде қарсыластарының бәрін жеңіп шықты, тек қана Россия мен Украина құрама командасынан жеңіліп қалды. Екі жылдан кейін команданы дарынды волейболшы, керемет тренер, педагог, спорт ұйымдастырушы О. Жарылғапов ( бұрын астаналық «Авангард», «Медик» атты клубтардың құрамында болған) басқарды. О. Жарылғаповтың басқаруымен «Б» командасы республикада ең мықты командалардың қатарында болып, Кеңес өкіметінің алдыңғы клубтарының бірі болды.

1954 жылы Қазақстан волейболының дамуында жаңа бір этапқа көтерілді. Бірінші рет республика чемпионаттары өте бастады. Бір жылдан кейін Куйбышевта өткен «Б» классындағы СССР чемпионатына қатысты.

1955 жылы Жамбылда ауыл жастарының арасында волейболдан өткен ҚазССР біріншілігі есте қаларлық болды. Қазақстандық құрама команда бүкілодақтық жарыстарға қатысып, біздің волейболшыларымыз 2- орынға ие болды. 1960 жылда есте қаларлықтай болды. Жеңіске деген құшарлығымен, керемет ойын көрсетіп ДСО «Б» ерлер командасы 2-ші орын алып, класс «А» ойынына қатысуға мүмкіндік алады.

1961 жылы Алматыда «А» классы бойынша классификациялық турнир өтті, ол жерде біздің волейболшыларымыз барлығын жеңіп шығып, 1-орынға ие болды. Команда ойыншылары: О. Жарылғапов, З. Жаркешев, Ж. Саурамбаев, В.Кассин, Е. Пресняков, Е. Акунов, В.Дьяков, Д. Махмутов, Л. Щербаков «Мастер спорта СССР» деген атақ алды.

III СССР-дің халықаралық Спартакиадасында біздің волейболшылар командасы үлкен нәтижеге жетті. Алдын-ала ойындарында Азербайджан (3:1), Эстония (3:0),

Литва (3:1), Белоруссия (3:1) командаларын жеңіп, Украина(1:3) құрама командасынан ғана жеңіліп, финалда спартакиаданың алтын медальдары үшін күресті. Финалда РСФСР құрама командасынан 3:2 есеппен, Ленинградтан (3:1) есеппен жеңіп, Грузия (0:3) құрама командасынан, Москва (1:3) командаларынан жеңіліп 5- орынды иеленді. Қыздар командасы Қарағанды және Алматы командаларынан құрылған құрама командасы тек қана 12-орынға ілікті. СССР-дың халықаралық спартакиадалар ішінен СССР чемпионаты ең ірі болып саналатын. Қазақстан волейболшының намысын бұл жарыстарда ерлер арасында «Б» және «Дорожник», ал қыздар командасы атынан «АДК» командасы қорғады. Олар Қазақстан волейболшының алдыңғы қатардағы волейболшылары деп саналған.

1969 жыл бұл командалар үшін ең шыңы болды. «Б» командасы Санкт-петербургте өткен кәсіподақ спартакиадасы, сосын Совет одағының чемпионатының жеңімпаздары атанды. Бұл команданың ойыншыларына алтын медаль берілді: О. Антроповқа, Г. Гончаровқа, А.Кормановскийға, А. Портнойға, Н. Рагозинға, Ж.Сауранбаевқа, А.Султановқа, В.Устименкоға, Вячеслав және Виталий Шапранамға, Л. Щербаковқа.

1970-1971 жылдары «Б» командасы Европа чемпионатының Кубогын жеңіп алды. Финалда «Б» командасының қарсыласы екі рет Чехословакия клубның Брнодан «Збройовка Зетор» командасы болды. Біздің волейболшылар авторитетті клубтармен «Стяуа»(Бухарест), «Гонвед» (Будапешт), СК «Лейпциг»(ГДР) алаңға шықты. Европа чемпионатынан кейін жетекші ойыншыларымызды СССР құрама командасына шақыра бастады. В. Кравченко мен О. Антропов басқы құрама команданың ішінде олимпиадалық (Мехико, 1968) чемпиондары аталды, ал Ж. Саурамбаев, А. Портной, Н. Рагозин –Европа чемпиондары атанды.

1948 жылдан бері Бүкілодақтық арена Қазақстан қыздар командалары да «Строитель Казахстан» (қ. Балхаш), «Искра», «Авангард», «Большевик», «Металлург» (қ.Өскемен) бәрі де турнирдік кестенің соңғы жолдарында тұрды. Бірінші нәтижелі қыздар командасы арасынан атакты «АДК» командасы болды. Оны ұйымдастырушы және жаттықтырушысы 1959 жылы Б. Дмитриев болды.

1985 жылы алматылық волейболшылар тағы бір белестен өтіп, Европа чемпионының Кубогын, содан кейін үш мәрте Европа елдерінің Кубок иегерлері ішінде Кубокты ұтып алды: 1989,1990 және 1991 жылы. Қазақстан құрама командасында СССР-дің 7 ЗМС(О. Антропов, В. Кравченко, Ж. Саурамбаев, Н.Смолеева, Е. Чебукина, О. Кривошеева, Т. Меньшова), 24 МСМК, 60 астамы МС СССР атақтарын алды.

1959 жылдан бастап Қазақстанда 6 СССР-дің еңбек сіңген тренерлері бар (О. Жарылғапов, К. Войнов, З. Жаркешев, Н. Щербакова, Е. Кольченко, Е. Лавкин) 29-ЗТРК, 2 халықаралық категориядағы судьялар, 9 судья бүкілодақтық категориядан.

2004 жылға Қазақстан Республикасында 415 ДЮСШ, 19297 дайындалатын адам санымен, олармен 439 тренерлер жұмыс жүргізді. Алматының өзінде ғана 69 жаттықтырушы жұмыс істейді [4].

Қазақстанда алғашқы жарыс 1926 жылы Қызылордада ұйымдастырылды. Қазақстан волейболы 20 ғасырдың 60 жылдары жақсы дамыды. Ол спорт шебері, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың есіміне тікелей байланысты. Оның құрған «Буревестник» ерлер командасы 1969 жылы КСРО-ның, 1970 – 71 жылы Еуропа чемпиондарының кубогын жеңіп алды. Қазақстанда тәрбиеленген Валерий Кравченко, Олег Антропов, Надежда Смолеева 1968 жылы Мексикада өткен 19-Олимпиялық ойындардың, 1969 жылы Жәнібек Саурамбаев Еуропаның чемпионы атанды. Мұндай табысқа 1988 жылы Сеулдегі 26-Олимпиялық ойындарда Ольга Кривошеева, Елена Чебукина, Татьяна Меньшовалар жетті. Алматының АДК әйелдер волейбол командасы 1984 жылы КСРО-ның чемпионы

атанды. Волейболшылардың халықаралық одағы 1924 жылы құрылған; 1992 жылдан осы одаққа Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясы мүше.

Халықаралық волейбол жарыстарында Қазақстан республикасын әлемге танытып жүрген Қазақстанның ұлттық құрама командасы. Құрама команда 2005 жылы Азия чемпионында күміс жүлдегер болды, 2006, 2010 жылдары әлем чемпионатына, 2008 жылы Олимпиадалық ойындарға, 2007, 2008, 2011 жылдары Әлемдік Гран-при қатысты.

Кенес өкіметі дәуірінде Қазақстандық волейболшылар КСРО құрама штатында болды және әлем чемпионы, Олимпиадалық ойындар чемпиондары атанған. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған соң, Азия халықаралық жарыстарында және халықаралық волейбол федерациясын Қазақстанның құрама командасы қатысып жүр.

2006 жылы Японияда болатын әлемдік Азия чемпионатына 2005 жылы волейболдан әлемдік Гран приға құрама командасы бірінші рет қатысты және күміс жүлдегер атанды.

2007 жылы құрама команда бірінші рет волейболдан Әлемдік Гран-приға қатысты, нәтижесінде Домикин республикасының командасын ғана жеңіп 10- орынға ие болды. 2008 жылы команда екінші рет Гран-приға қатысты.

2008 жылы мамыр айында Қазақстанның құрама командасы олимпиадалық іріктеу турнирінде екі рет жеңімпаз болды, 2008 жылы Пекинде өтетін Олимпиадалық ойындарға қатысуға жолдама алды.

2009 жылы құрама команда тағы да 2010 жылғы Японияда өтетін Әлем чемпионатына қатысу құқығына ие болды.

#### Олимпиадалық ойындар

жылы	ойын	жеңістер	жеңілістер	партиялар	орындар
2008	5	1	4	4:13	9
барлығы	5	1	4	4:13	

#### Әлем чемпионаты

жылы	ойын	жеңістер	жеңілістер	партиялар	орындар
2006	5	1	4	8:12	17
2010	5	0	5	3:15	21
барлығы	10	1	9	11:27	

#### Әлемдік Гран-при

жылы	ойын	жеңістер	жеңілістер	партиялар	орындар
2007	9	1	9	7:26	10
2008	9	1	8	4:26	12
2011	9	0	9	5:27	15
барлығы	27	2	25	16:79	

#### Азия Чемпионаты

жылы	ойын	жеңістер	жеңілістер	партиялар	орындар
1993	7	4	3	14:10	5
1999	4	1	3	4:11	9
2003	7	3	4	11:13	7
2005	8	6	2	18:12	5
2007	9	5	4	18:11	5
2009	7	5	2	16:7	5
2011	7	5	2	16:8	9
барлығы	49	29	20	97:72	

#### Азия ойындары

жылы	ойын	жеңістер	жеңілістер	партиялар	орындар
------	------	----------	------------	-----------	---------



1998	3	0	3	0:9	6
2002	5	0	5	2:15	6
2006	7	4	3	17:10	6
2010	7	6	1	18:3	3
барлығы	22	10	12	37:37	

#### **Азия Кубогі**

жылы	ойын	жеңістер	жеңілістер	партиялар	орындар
2010	6	3	3	9:11	5
барлығы	6	3	3	9:11	

Қорыта келгенде, Қазақстанда волейбол ойыны дұрыс жолда дамып келеді. Болашақта біздің волейболшылардан күтетін жеңістеріміз әлі алдыда [5].

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Беляев М.В. Савин Ф.С. Волейбол. Москва, 2006.
2. Железняк Ю.Д., Портнова Ю.М. Спортивные игры. Москва, 2002.
3. Дүзжасаров Қ.И., Қожатаев А.Қ. Волейбол. Оқу құралы. Талдықорған – 2010.
4. Ильюшенко И.В. Волейбол в Казахстане. Алматы, 1996.
5. Қазақстан Республикасының волейбол федерациясы журналы. Алматы, 2011 ж.

## **ЮРИСПРУДЕНЦИЯ**

ӘОЖ 343

Б.А. Сериев

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талыдқорған қаласы*  
[seriev\\_bolat@mail.ru](mailto:seriev_bolat@mail.ru)

### ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

В статье рассматриваются вопросы борьбы с коррупцией в Республике. Борьбы с коррупцией является одной из основных проблем сегодняшнего дня Казахстана. Вместе с тем, проанализированы в большем объеме нормативно-правовые акты.

In the article examined problems of fight against a corruption in Republic. Fight against a corruption is one of basic problems of today of Kazakhstan. At the same time, normatively-legal acts are analysed in a greater volume.

Құқықтық мемлекетті құру және қоғамдық өмірдің демократиялық бастамаларының дамуы жалпы адамзаттық басымдылықты болжайды, бәрінен бұрын, жеке адамның өмірі, денсаулығы, бостандығы, құқықтары және мүдделері басты орын алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында үнемі жұмыс істеп, ахуалды жақсартып келеміз, алайда бірқатар қаржы-өнеркәсіп топтарының ақша ағыстарының ашық болмауы және олардың табысты жасыру, қаржы мен мүлкті шетелдерге шығару, салық төлеуден жалтару есебінен заңсыз баюы, сондай-ақ көлеңкелі экономика біздің дамуымыздың елеулі шектеулеріне айналып отыр. Нақ осы топтар өкілдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге шақырған ұрандары дүңкілдеп тұр. Сонымен бірге бюджеттің негізгі ысырабы да нақ осында жатыр. Сөзден іске көшетін уақыт жетті» [1, 23-24 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей «Біздің қалалардың көшелері мен ауылдардағы тыныштық сіздерге байланысты. Қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңдардың бұзылуымен табанды да қатал күрес жүргізу керек. Осы қиын кезде біздің азаматтардың, бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәрін де істеу керек» [2, 11 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей «Демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» [3, 12 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей «Сыбайлас жемқорлықпен бігіспес күрес жүріп жатыр. Қазіргі таңда халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы ең тиімділердің бірі деп танылған. Тек 2 жылдың ішінде қылмыстық жауапкершілікке 40-тан астам республикалық деңгейдегі жетекші, облыстық және қалалық ауқымдағы 250-ден астам



лауазымды тұлғалар тартылды, олардың арасында 39 әкім мен олардың орынбасарлары бар. Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау министрлерінің, статистика жөніндегі агенттік төрайымының, төтенше жағдайлар және қорғаныс вице-министрлерінің, «Қазақстан темір жолы» компаниясы басқарма төрағасының, «ҚазМұнайГаз», «Қазатомпром» компаниялары президенттерінің үстінен қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылды. Үш жылдың ішінде біздің еліміз әлемдік антикоррупциялық рейтингтегі көрсеткішін бірден 45 сатыға жақсартты. Осы индекс бойынша біз бүкіл ТМД-да үздік позицияда тұрмыз. Бұл жұмыс ымырасыздықпен жалғастырылады» [4, 5-6 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей «Сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту. Сот корпусын қалыптастыру тәртібін түбегейлі қарастыру қажет. Құқық қорғау және арнайы органдарды сапалы кадрлық жаңарту – маңызды мәселелерінің бірі болып табылады» [5, 1-2 б.].

Қазақстан Республикасында қалыптасқан демократиялық институттар жемқорлық фактіері, одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін мәселелері сыйыспайтыны даусыз. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы барлық деңгейлердегі күресте тиімді жұмыс істейтін жүйесіз мүмкін емес.

Қоғам мүлкіне, мемлекет байлығына көзқарас өзгеріп, адам психологиясының бұзылып, жеке меншіктің бөлінуі, «өзгені қойып, өзімде болсын» деген тоғышарлыққа бой алдырудың соңы қылмыс жасауға апарып соқтыруда. Әсіресе, осындай көңіл-күйдің жетегіне лауазым иелерінің ілігуі кешірілмейтін қылық болып саналады.

Қоғамдық қауіп - сыбайлас-жемқорлық қылмысының ажырамас, қажетті белгісі, оның материалды нышаны, ол әлеуметтік маңызын ашады. Жемқорлық қашан да болмасын қоғамда орын тауып отырған. Жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендететіні және елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіретіні белгілі.

Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдығы болып табылады. «Қазақстан 2030» бағдарламасында «лауазымына қарамай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу қажет. Басқару корпусы батыл тазаруға және жаңаруға тиіс» делінген. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ басталды. 1992 жылы 17-ші наурызда ҚР Президентінің «Ұйымдасқан қылмыс түрлерімен және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту шаралары» Жарлығы, 1998 жылдың 2 шілдесінде ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданды. Аталған заң негізінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға, кейіннен 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары» қабылданып, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жүйелі және кешенді сипат алды.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні және елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекетті ішнен жегідей жейтін, оның барлық әлеуметтік-экономикалық жетістіктерін жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін құбылыс екендігі күмәнсіз. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл құбылыс саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Жемқорлық қазақ қоғамында ғана емес, бүкіл әлемде қалыптасып отырған дерт. Еліміз алғашқы болып Достастық елдерінің ішінде «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңын қабылдады. Жемқорлықпен күрес жүргізу бағытында бірнеше бағдарламалар қабылданып, іске асуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011- 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламаны бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы № 308 қаулысы қабылданды [6].

Бағдарламаның басты мақсаты – мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының қызметін үйлестірудің тиімділігін жетілдіру арқылы қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін азайту. Бұл бағыттағы күрес жемқорлықты анықтап, оларға шара қолданумен қатар бұл құбылыстың алдын алуға негізделеді.

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқына әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауында «Демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ерекше мәнге ие болады» деп қадап айтты.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттердің алдын алу, түбірімен жою мақсатында жыл сайын халыққа қажетті құжаттарды алу жолдары жеңілдетіліп, түрлі лицензиялар мен рұқсатнамалар саны қысқартылып келеді. Мемлекеттің қызметшілердің ешкімге материалдық жағынан тәуелді болмай, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге бармай, мемлекеттік міндеттерді адал атқаруы үшін олардың жалақысын бизнестегі жалақы деңгейіне жеткізу мақсаты кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Мәселен мемлекеттік қызметкерлер мен бюджет есебінен жалақы алатын азаматтық қызметкерлердің айлық ақысы 2008 жылы 25 пайыз, 2009 жылы 25 пайыз, 2010 жылы 30 пайызға көтерілді.

2008 жылы қараша айында «Нұр Отан» ХДП бастамасымен сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі форум болып өтті. Елбасымыз, партия төрағасы Н.Ә. Назарбаев: «Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Оның тамырына түбегейлі балта шаппайынша мемлекетте тұрақты өсу-өркендеу болмайды. Жемқорлықпен күрес науқандық шара емес. Ол тек құзырлы мекемелердің ғана міндетіне жатпайды. Онымен бүкіл халық болып күресуіміз керек», дей келе жалпыұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жариялады. Елбасы алға тартқан міндет жергілікті жердегі құзырлы органдар мен қоғамдық ұйымдардың жұмысының темірқазығы болып отыр. Аталған форумда «Нұр Отан» ХДП жанынан Жемқорлықпен күрес жөніндегі Республикалық Қоғамдық кеңесі құрылды.

2008 жылдың 6 желтоқсанында астанада Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі форум өткендігін барлығыңыз білесіз. Елбасымыз, «Нұр Отан» ХДП төрағасы Н.Ә. Назарбаев « Қоғамдық сауалнамалардың нәтижесіне қарағанда, еліміздің мыңдаған тұрғындары өздерінің мәселелерін пара арқылы шешілетіндігін айтқан. Соның ішінде әсіресе, құқық қорғау, әділет, денсаулық сақтау жүйелерін ерекше көрсетеді» деп атап өтті.

2009 жылдың қантарынан бастап Біздің өңірде де облыстық, қалалық және аудандардағы филиалдардың жанынан жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық кеңестер құрылып, сәтті жұмыстар жүргізуде.

2009 жылы 22 сәуірде ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» жарлығы қабылданды.

Жарлықта «Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту, құқық қорғау қызметін одан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және



азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, кез келген құқық бұзушылыққа мемлекеттің жауап әрекетінің болуын қамтамасыз етіп және кінәлілерді заңда белгіленген жауапқа тарту – құқық қорғау органдары қызметінің басым бағыттары», - деп көрсетілген. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік ұйымдардың және мемлекеттің қатысу үлесі ұйымдардың басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимыл үшін дербес жауаптылық міндеті жүктелетіні баса айтылған [7].

Жемқорлықпен күресте тиімді тәсілдің бірі - жариялылық. Сот саласындағы жемқорлық жайларын болдырмау, алдын алу шаралары жасалуда.

Судьялардың қараған істері бойынша шығарылған сот актілері заңды күшіне енгеннен кейін соттардағы «бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық – талдау жүйесі» бағдарламасы арқылы жоғары соттың web – сайтында жарияланады.

Аталған сайтта «Сот істерінің анықтамалылығы» ашылған. Бұл бағдарлама арқылы келіп түскен істер судьяларға автоматты түрде жеребе бойынша бөлінеді, мұның өзі жемқорлыққа жол бермеу үшін жасалған әдіс, әрі нәтижелері де бар.

Қазіргі таңда сот жұмысы бейне жазба арқылы бақыланады, оның негізі мақсаты-сот талқылауындағы хаттамалардың сапасын жақсарту. Процесс аяқталысымен бірден істің хаттамасы тіркеліп, мазмұндалады және бейне жазба көпшілікке ашық түрде көсетіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес «Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды және оларды қызметінен босатады. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды» делінген [8, 18 б.]. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігі (Қаржы полициясы) Төрағасын тағайындалады [9]. Аталған мемлекеттік органдар жемқорлықпен күрес саласында үлкен рөл атқаратын мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Жемқорлықпен күрес саласындағы мемлекеттік органдарды қызметке тағайындау Елбасының жемқорлықпен күрес саласындағы рөлін айқындап бергендей.

Республика аумағында ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлық жөніндегі қылмыстардың бар екені мойындалған сәттерден бастап Қазақстандық ғалымдар дүние жүзіндегі осы бағыттағы теориялық және практикалық тәжірибелерге сүйене отырып, ғылыми терең ойлардың осы сыбайластық пен ұйымдасқандық қылмыс бағыттарына көңіл аударды. Талдаудың мақсаты мыналарды анықтауға бағытталған:

1. Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайластықтың құрылымының пайда болу негіздері, ұйымдастырушылық деңгейін анықтау;

2. Қылмыс жасаудың бағыттары, түрлері мен әдістерін ашу;

3. Ұйымдасқан қылмыстық топты немесе сыбайлас қауымдастықты (ұйымдық) құру және басқару, яғни қылмыс жасау бағыттарына біріктіру, сыбайластық сипаттамасын ашу, өзара міндеттерді бөлу, тәртіп орнату, нұсқаулар, жоспарлар жасау, қаруландыру, стратегия мен тактикасы, бүркемелеуші шаралар тағы басқа іс әрекеттерді саралау;

4. Құрылымның әлсіз элементтерінің тұстарын табу, сол арқылы онымен күрес жолдарын іздеу;

5. Қылмысқа қатысушы тұлғалар, олардың жеке басын зерттеу арқылы қылмыстық топқа қатысудағы ортақ мақсатты белгілерді табу;



6. Сыбайлас жемқорлықтың, қылмыстық қауымдастықтың (ұйымның) белгілерін анықтау;

7. Сыбайластық, ұйымдасқандық жолдары мен мақсаттарын анықтау;

8. Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлық туралы құқық бұзушылықты анықтап, олардың алдын алу, тәртіптік, әкімшілік жауапқа тарту мен тергеу әдістемелерін ғылыми жолмен шешу.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыруда ҚР Президенті жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссияны, сондай-ақ мемлекеттік қызмет істері жөніндегі облыстық тәртіптік кеңесті, экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер органдары, Кедендік бақылау комитеті, «Нұр Отан» ХДП жатады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтардың ғана емес, мемлекеттік органдардың, Үкіметтің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы.

Осыны адал орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан дүниесін ұдайы таза ұстау тиіс. Тек, сонда ғана оларға қарапайым халықтың сенімі артып, қоғам түзелер еді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Талдықорған газеті, 2006. – 4 наурыз.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Жетісу газеті, 2007. – 4 наурыз.

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Жетісу газеті, 2008. – 8 ақпан.

4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Жетісу газеті, 2011. - 28 қаңтар.

5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Талдықорған, 2012. - 27 қаңтар.

6 Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011- 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 308 қаулысы. ([www.fnpro.kz](http://www.fnpro.kz))

7 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 2009 жылы 22 сәуірдегі Жарлығы // Параграф құқықтық ақпараттар жүйесі, 2012.

8 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2011. – 56 б.

**ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА**

**Ә. Оспанқарыұлы**

*Қытай Халық республикасы. Құлжа қаласы. Іле Педагогикалық университеті, доцент  
e-mail: [abdhlh@163.com](mailto:abdhlh@163.com); [jaselkol@mail.ru](mailto:jaselkol@mail.ru)*

**ЕЖЕЛГІ ГРЕК-РИМ ӘДЕБИ СЫНШЫЛДЫҚ ОЙ-КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ  
АЛҒАШҚЫ ЖҮЙЕСІ**

Батыстың әдеби сыншылдық ой-көзқарастары ертедегі Грецияның шұғылалы мәдениетінің құрамдас бөлімі, батыстың әдебиет-көркемөнер теориясының дамуының қайнары болып табылады. Әдебиет-көркемөнер теориясы әдебиет-көркемөнер практикасынан қорытындыланады, әдебиет-көркемөнер жасампаздығындағы барлыққа келген нәтижелер әдебиет-көркемөнер теориясының дамуына негіз болған. Ертедегі Грецияның экономикасының дамуы жаратылыстық ғылымдардың дамуын ілгерлетті, демократиялық саясидың жарыққа шығуы сыншылдық, шешендік өнерін қоғамдық салтқа айналдырды. Адамдар құбылыстық дүниені тікелей тануды, түсінуді талап етумен бірге, құбылыстың астарындағы мән мен заңдылықты тануға да талпынды. Оған қоса сауда, соғыс қатарлылардың әсерінен туындаған халықаралық қарым-қатынас пен араластық Египет, Парсы философиясының еркін таралуына мүмкіншілік туғызды, осылайша біздің заманымыздан бұрынғы 5-ғасырдың соңғы кезінде Греция философиясының дамуына жол ашты, бұл әрине, әдебиет-көркемөнер жасампаздығы мен әдеби сыншылдық ой-көзқарастың еркін өрістеуіне жақсы шарт-жағдай жаратып берді.

Батыстың әдебиет сынының қалыптасуы мен дамуы ұзақ дәуірлерді бастан өткізді. Батыстың ең алғашқы әдебиет сыны ежелгі Грециядағы Платон мен Аристотельдің эстетикалық және әдебиет-көркемөнер теориясын баяндайтын еңбектерінен бастау алады. Аристотельдің «Поэтикасы» және Платонның «Арман Елі» атты шығармаларында «Илиада», «Одессея», «Эдип Патша» қатарлы эпос, мифтік аңыздар мен трагедиялық шығармаларға талдау жасап, баға беруінен, сондай-ақ олардың әдебиет сынының кейбір маңызды эстетикалық принциптерін де ортаға қоюынан көрінеді. Платоннан Аристотельге, одан 19 ғасырға дейінгі екі мың жылдан астам ұзақ уақыт барысында “еліктеу ілімі” әдебиет-көркемөнер көзқарасы және әдебиет сынында бастан-аяқ негізгі орында тұрып келді. Алайда, әрбір ағымдағы теорияшылардың еліктеу ілімінің өзіндік ерекшеліктері болғанымен барлығы да негізінен “дүние” тұрғысынан әдебиетті таниды, әдебиет дүниеге еліктеудің, оны қайталай бейнелеудің бір түрі, сондықтан көркем шығарманың барлыққа келуі, шығарманың маңызы мен құны қатарлы мәселелердің барлығы дүниемен байланыстыра отырып түсіндіріледі деп қарайды. Міне, бұл батыс әдебиет сын тарихындағы тарихы ең ұзақ, ықпалы ең терең әдебиет сын теориясы болып табылады. Ежелгі Греция оқымыстысы Демокрит біршама ертерек “табиғатқа еліктеу” дегеніміз адам жануарларға, жасағанға еліктейді дейтін көзқарасын ортаға қойған болатын. Платон (Plato біздің заманымыздан бұрынғы 427- 347 жылдар) осы негізде өзінің еліктеу теориясын кемелдендіре түсті. Платонның шығармалары негізінен диалог формасымен жазылған, ол диалогты бір түрлі дербес әдеби форма ретінде ғылыми көзқарастарын ортаға қоюға пайдаланды. Ол еліктеу теориясын шыт жаңа көзқарастармен байыта отырып түсіндірді. Ол әдеби шығарма: идеяға (Idea) үйлесу, шабыттан туған болуы, қоғамда қолданылмалық маңызға ие болуы керек дейтін үш өлшемге жетуі керек деп қарады.

Платон күрделі де қым-қуыт құбылыстық дүниенің астарында белгілі бір идеал дүние өмір сүреді, идеал дүние – мәңгі өзгермейтін және жалпы абсолютты дүние болып табылады. Идеал дүние реал дүниенің алғашқы тұлғасы ( прототипі ) және түп



нұсқасы, реал дүние идеал дүниенің еліктеме нұсқасы деп есептеді. Платон былай деп қарайды: драма, эпикалық өлең сияқты әдеби шығарма еліктеуден туылады, алайда, қандай еліктеу болсын нағыз шынайы еліктеу болуы мүмкін емес, өйткені нағыз шынайылық тек идеал дүниеде ғана болады, сондықтан еліктеу тікелей идеал дүниеден келуі мүмкін емес, қайта заттық дүниеден келеді. Ал заттық дүние идеалдың еліктемесі, олай болса реалдыққа еліктеген заттық дүние үлгі нұсқаның еліктемесі болып табылады. Сондықтан көркемөнер дүниесі үш түрлі (идеал дүние, реал дүние, көркемөнер дүниесі) дүниенің ішіндегі ең төменгі дәрежедегі дүниеге айналады. Әдебиет – шындықты бейнелей алмайды, тек қиялды ғана бейнелейді. Сондықтан ол идеал теорияны шығар түйін етіп, ең соңында әдебиет-көркемөнердің бейізгілік теориясына апарып соғады. Мұнымен қатысты Платон бір түрлі прагматизмдік әдебиет сын көзқарасын ұстанды: әдебиет оның арман елінің саясаты үшін қызмет істеуі, тәңірді, қорғаушыларды жырлауы керек. Осылай болғанда ғана ізгілік болады, осылай болғанда ғана керекке жарайды. Ол әдебиеттің ойдан құрастырылған әңгімелер арқылы тылсым қаһармандардың мінездемесін бұрмалап, адамдардың әр түрлі нәпсісін қоздыратындығына қарсы тұрды. Сондықтан ол акын мен әдебиетті арман елінен қуып шықпақшы болды. Платон өзінің әйгілі «Арман елі» атты шығармасында: “оған қажеттісі тек бір түрлі акын және әңгіме авторы, олардың шығармасы бізге пайдалы болуы керек, тек игі-жақсылардың сөйлеген сөзіне еліктеуі, сондай-ақ біз бұрын қорғаушылар үшін тәлім-тәрбие берген кезімізде белгілеген жүйеге бойсынуы керек” [1, 111] дегендерді ортаға қойды. Платонның әдебиетке белгілеген өлшемі - бір түрлі саяси өлшем, алайда, ол өзі әдебиетті терең түсінетін адам ретінде саяси нысая бүкілдей көркемдік бақылау қабілетін бүркемелей алмайды деп қарады. Платонның “шабыт ілімі” мұның бір мысалы бола алады. Оның шабыт ілімі үш жақты өз ішіне қамтиды: шабыттың қайнары, шабыттың бейнеленуі, шабыттың келу барысы. Ең алдымен Платон шабыттың қайнарын негізінен “тәңірдің сыйы” деп түсіндірді. Платон магниттің темір шынжырды тартуын мысалға ала отырып, әдебиеттің баурау қуатын образды түрде түсіндіріп, әдебиеттің мәні тәңірдің жарлығы, “акын тек тәңірдің жаршысы ғана” деп қарады. Ол көркем поэзия жасампаздығы бүкілдей шабытқа сүйенеді, ал шабытты тәңір сыйлайды. Екіншісі, шабыттың бейнеленуі – елігу (Mania желігу), оның қарауынша поэзия тәңірі ақынның жан дүниесіне сыйлаған мұндай көңіл күй оның делебесін қоздырғанда ғана жақсы өлең туындайды. Елігу (Mania желігу) – шабыттың бір түрлі күйі, мұндай күй рухтағы тән ұмыттырып кеткен танымды есіне түсіреді. Үшінші, шабыттың келу барысы – рухтың шындық, ізгілік, әсемдіктерді идеал дүниеде еске алынуы деп қарайды. Платонның әдебиет сыны идеясының асылы да, жасығы да бар. Оның әдеби сыншылдық ой-көзқарастары метафизикаға бейім. Оның объектив метафизикалық көзқарастары дәстүрлі “әдебиет-көркемөнер табиғатқа еліктейді” дейтін көзқарастың мәнін өзгертіп, әдебиет-көркемөнердің шынайылық сипатын және реал өмір әдебиет-көркемөнердің қайнары екендігін терістеді. Оның әдебиет-көркемөнердің функциясы жөніндегі көзқарасы – оның саяси мұратының әдебиет-көркемөнердегі бейнесі болып табылады. Ол әдебиет-көркемөнер – “мемлекетті қорғаушыларды” тәрбиелеуді шығар түйін етіп, ақсүйек құл иелерінің саясат үшін қызмет етуін талап етті. Платонның “шабыт ілімі” әдебиет-көркемөнердің мәндік ерекшелігін бейнелеп берді. Алайда, оны “тәңірдің сыйы” деп түсіндіруі шабытты тілсімдестіріп жіберді. Оның көзқарастарында кейбір дәуірлік шектемелік болумен бірге, дәуірден аса ойлаған көреген көзқарастары да бар. Бұл екі жағы да кейінгі дәуірлерге терең ықпал жасады, ұқсамаған кезендерде оның теориясына ой-көзқарастар қосылып үндестік тауып отырды.

Аристотельдің (Aristotle б. з. б. 384 – 322 жылдар) «Поэтика теориясы» Платонның идеясына сыншылдықпен мұрагерлік етуден келген. «Поэтика» - Аристотельдің әдебиет-көркемөнер теориясы туралы көзқарастарын баяндайтын

шығармасы. Оның мазмұны жинақы, материалы мол, ой-көзқарасы тереңдігімен көзге түседі. Ол жеке болмыстан тысқары және де бір шынайы идеал дүниенің өмір сүретіндігін теріске шығарды. Бұл Платон ортаға қойған теориясының негізін түбегейлі теріске шығарды. Ол әдебиет жасампаздығы үлгі нұсқаға емес, қайта реал дүниеге еліктейді деп есептейді. Жасампаздық барысынан алып қарағанда, әр түрлі көркемөнердің бәрінде еліктеу болады, алайда, дәнекер мен объектінің, сондай-ақ форманың ұқсамауына сай әр түрлі көркемөнер түрлері қалыптасқан. Әдебиет – адамның қимылына еліктеуі, адамның қимылынан оның мінезін бейнелеуі керек деген көзқарасты ортаға қойған. Сондықтан ол трагедияға: “келелі, кемелді бір өзіндік ұзаққа созылған қимылға еліктеу, оның дәнекері – тіл, драмалық шығарманың әр бір бөлігіне зер сала орналастырған құлаққа жағымды әуен, еліктеу формасы – баяндау әдісімен емес, қайта кейіпкердің қимылы арқылы бейнеленеді, жанашырлық және үрей тудыру арқылы сезімді кіршіксіздендіреді” деп анықтама берген болатын [2, 19]. Аристотельдің трагедия теориясы оның еліктеу сын теориясының нақтыластырылуы, әрі оның әдебиет сын теориясындағы ең даралық қасиетке ие бөлігі болып табылады. Ол трагедияны сюжет жағынан екі түрге бөледі, бір түрі карапайым қимыл және бір түрі күрделі қимыл, яғни тұйықсыз өзгеріс, байқау арқылы ең соңында азапқа толы уақиғамен аяқтайды, соңғысы ең үздік трагедия есептеледі, сондықтан трагедия үрей және жан ашырлық тудыра алатын уақиғаларға еліктеуі, осылай еткенде ғана адамдардың жан дүниесі мен сезімін кіршіксіздендіруге болады деп қарайды.

Бұл, әрине, Платонның көзқарастарымен карама-қарсы болып келеді. Платон адамдар драманы көргеннен кейін нәпсісі қозып, ақылдан айрылып, қоғамға зиян келтіреді деп қарайды. Ал Аристотель оның керісінше трагедиядағы үрей мен жанашырлық адамдарға ой салады, одан терең тәрбие алады, осылайша жан дүниесі кіршіксізденіп, өзін тежеу қабілетін жетілдіреді деп қарайды.

Жоғарыдағы талдаудан Аристотельдің еліктеу теориясы Платонның идеал еліктеу теориясына біртіндеп тойтарыс беру негізінде қалыптасқандығын көруге болады. Ол тарих жеке-жеке, болары болып, бояуы сіңген істерді баяндайды, поэзия жалпылық мәнге ие болатын немесе табиғи істерді баяндайды деп қарайды. Ол «Поэтикада» “ақынның міндеті – бұрынғы туылған істерді емес, қайта енді туылуы мүмкін болған істерді бейнелеу. Тарихшы мен ақынның парқы – біреуі қара сөзді, енді біреуі өлең сөзді істетуінде емес. Геродоттың шығармаларын өлең сөзбен жазып шығуға болады, бірақ ол және де тарих болып қала береді, өлең ұйқасының болу-болмауы оған бәрі бірдей. Екеуінің парқы – біреуінің әлде қашан туылған уақиғаларды, және біреуінің енді туылуы мүмкін уақиғаларды баяндауында” деген болатын [3, 65-64]. Аристотельдің көзқарасы Платонның көзқарасына қарағанда әдебиеттің мәніне барынша жақындайды деп айтуға болады. Ол ертедегі Грецияның реализмдік әдебиет-көркемөнер теориясының негізін қалаған. Оның әдебиет-көркемөнер және реалдық, әдебиет-көркемөнердің қоғамдық ролі қатарлы мәселелерге болған көзқарасы негізінен Платонмен карама-қарсы деп айтуға болады. Ол Платонның “идеал теориясын” тастап, жалпылық пен ерекшеліктің бірлігінен барлыққа келетін әдебиет-көркемөнер теориясын ұстана отырып, әдебиет-көркемөнердің шынайылық сипатын тұрақтандырып, әдебиет-көркемөнердің кейбір мәндік қасиетін біршама ғылыми түсіндіріп, “шабыт тәңірдің сыйы” дейтін көзқарасты теріске шығаруы, трагедия жөніндегі көзқарастары белгілі дәрежеде әлі күнге дейін құндылығын жойғаны жоқ. Сондықтан да оның «Поэтикасы» бірнеше мың жылдан бері бастан аяқ классицизмнің әдебиет сын теориясындағы классиктердің нағыз классигі ретінде орын алып келді.

Ерте заманғы Рим және Греция құлдық тізімдегі мемлекеттер еді. Грецияның гүлденіп-көркейген дәуіріндегі философиясы мен әдебиет-көркемөнері ерекше дамығандықтан батыстағы басқа ұлттар жете алмайтын биік өреге жеткен болатын. Сондықтан ертедегі Римнің Греция мәдениетінің ықпалын қабылдауы тарихи



кажеттілік еді. Мұндай ықпал әдебиет-көркемөнер жасампаздығында біршама тікелей бейнеленді. Ал ғылыми ой-көзқарастардың ықпалы мен ауыс-күйіс жасалуы, негізінен, Александрия оқымыстыларының дәнекерлігімен жүзеге асты. Міне, осының айғағы ретінде ертедегі Римнің әйгілі ақыны, әдебиет сыншысы Горац (Quintus Horatius Flaccus б. З. б. 65 жылынан б. З. 8 жылдары) тарих сахнасына -өзінің «Өлең өнері» дейтін әйгілі шығармасымен шықты. Оның көзқарастары Платон, Аристотельдің теориясымен негіздес болып, аталмыш әйгілі екі әдебиет сын теорияшысынан кейінгі батыс әдебиет сын тарихындағы үшінші әдебиет теорияшысы болып табылады. «Өлең өнері» оның сын теориясындағы уәкілдік шығармасы саналады.

Горацидың ең көрнекті үлесі – Аристотельдің еліктеу ілімін кемелдендіріп дамытқандығы. Ол әдебиет реалдыққа еліктеумен бірге классиктерге де еліктеуіне болады деп атап көрсетті. Горац ертедегі Грецияның әдебиет-көркемөнер жағындағы табыстарына тәнті болып, оған мұрагерлік ету және үлгі-өнеге алуды ерекше дәріптеді. Оның өлең жазуды үйренуде “сендер күндіз-түні Грецияның үлгі-өнегесінен үйренулерің керек” [4, 151-144] – дейтін әйгілі бір ауыз сөзі бар болатын. Аристотель әдебиет-көркемөнер өмірге еліктейді дегенді дәріптесе, Горац әдебиет-көркемөнер классикалық шығармаларға да еліктеуіне болады дейтін принципті ортаға қоюы әдебиет-көркемөнер көзқарасы жағындағы аса маңызды бетбұрыс болып табылады. Алайда, Горацидың бұл көзқарасты ортаға қоюдағы мақсаты – көнелікке көшу, кері шегінуді дәріптеу емес, қайта сол дәуірдегі әдебиет-көркемөнерге көңілі толмағандықтан осы бір тәсіл арқылы сол кездегі әдеби стильді өзгертіп, Римнің әдебиет-көркемөнер жасампаздығының өресін жоғарлатып, ұлттық рух пен дәуір рухын бейнелейтін жаңа поэзия стилін жарату еді. Ол ертедегі Греция шұғылалы әдебиет-көркемөнер жаратты, Римдіктер “олардан өз алдына дара бөлектеніп кейбір адамдар білмейтін немесе бұрын жазылмаған тақырыптарды жазбай, қайта Троя жырларын драмаға өзгертіп жазғанға жетпейді. Әлеуметтің мүлкінің ішінен өз мүдденді алуына болады” деп қараған болатын. Жинақтап келгенде, Горац Рим көркемөнершілері ежелгі Грециядан жалпы беттік үйренуі керек деп қарады [5, 151]. Горацидың «Өлең өнері» – теориялық тереңдігі жағынан Платон мен Аристотельдің әдебиет-көркемөнер теориясына жетпегенімен, онда аз болмаған көрегендікпен ортаға қойылған көзқарастар батыс ақынының поэзия туралы ойларын өлеңмен жеткізген алғашқы ғылыми шығармасы болып табылады. Оның құндылығы – дәуірдің қажетіне сай Римнің сол кездегі әдебиет-көркемөнерінің жағдайына, өзінің жасампаздық тәжірибелеріне негізделіп, Платон, Аристотельдің әдебиет-көркемөнер теориясынан нәр қабылдап, бұрынғылар ортаға қойса да нақтылы талдау жасамаған кейбір маңызды теорияларды ортаға қоюында.

Лангинус ( Longinus Dionysius Cassius) ертедегі Рим дәуіріндегі және бір әдебиет сыншысы, ол «Өскелеңдік туралы» деген шығармасымен аты әлемге тараған. «Өскелеңдік» те Горацидың «Өлең өнері» секілді хат формасымен жазылған. Бұл шығарманың дәуірлік астарын алып қарағанда автордың ертедегі Греция стилистикасының дәстүріне мұрагерлік еткендігі едәуір көлемде қандай стилистикалық тәсілдермен өскелеңдік стильге жетуге болады дегендерді талқылағандығынан байқалады. Лангинус те классицизмші, ол да Горац сияқты ертедегі Грецияның көркемөнерін үлгі етуді дәріштеген. Алайда, ол Горац сияқты Аристотельдің ой жүйесімен кете бермей, қайта шыт жаңа өскелеңдік дейтін эстетикалық категорияны ортаға қойды, әрі осы бір шыт жаңа эстетикалық категория тұрғысынан Римнің дара билеушілігін, қоғамдық орта мен көркемөнерді сынап, ертедегі Грецияның демократиялық түзімін, ол тудырған көркемөнерін қадір тұтты. Оның сын теориясы батыстың алдыңғы үш теорияшысымен ұқсамайтын бөлекше сыңай байқатты. Ең уәкілдік сипатқа иесі – өскелеңдікті нағыз тамаша көркем шығармада болуға тиісті стиль деп қарады. Ол “өскелең тілдің тыңдарманға етер әсері иландыру емес, қайта



өмешегі үзіле ұнату. Жұрт біткенді тәнті еткен барлық нәрселер тек айтқанының қисындылығы, құлаққа жағымдылығы ғана болса ондай нәрселердің өңі қашады” дей келіп [3,122], әдетте көркем шығарманың қабылдануы оқырманның ақыл таразысына салып салмақтап тұжырым жасауынан өтуі керек, ол қабылдануы да, қабылданбауы да мүмкін. Ал өскелең шығарма оқырманның тұжырым жасауына мұрса берместен, сөзсіз оқырманға өзін қабылдатқызады. Шығармада бейнеленген өскелең стиль автордың “ұлы жан дүниесінің жаңғырығы”, шығарма мен авторды осы тұрғыдан байланыстыра отырып, автордың әдебиет жөнінен алғанда қаншалық маңызды ықпалы бар екендігін атап көрсетті. Бұл шығармада өскелеңдік сынды эстетикалық ұғым ортаға қойылып, адамдардың әдебиет-көркемөнерге болған танымының маңызды түйінін объектінің ерекшелігінен субъектінің сезіміне қарай бұрылыс жасатты. Ол адамның ой, қиялының шексіздігін тұрақтандырып, адам баласының ұлы табиғатпен болған бәсекесін жырлап, адамды тәңірдің дәрежесіне дейін көтерді. Сондай-ақ, тұңғыш рет талант және қоғамдық ортаның байланысын атап көрсетіп, Римнің кейінгі дәуірлердегі құлдық түзімінің талантты тұншықтырғандығын, адамдық қасиетті шіркіктестіргендігін сындады. Алайда, ол ортаға қойған өскелеңдік туралы көзқарасы тек стильмен ғана шектеліп, бүкіл шығарманы автордың жан дүниесінің бейнесі деп қарай алмағанмен, кейінгі дәуірлерге ерекше ықпал жасаған. 18-19 ғасырлардың тоғысында романтизм ой-пікір ағымы Лангинустың өскелеңдік теориясымен ұзақ уақытты араға салып үндестік байқатты.

Плотинус - (Plotinus б. з. 204- 270 жылдары) ертедегі Римнің соңғы кезеңіндегі және әйгілі философ, эстетик. Оның шығармаларын ол дүниеден өткесін шәкірттері кітап етіп құрастырып «Тоғыз тараулы жинақ» деп атаған. Ол-батыстың ерте заманғы және орта ғасырдағы философия, эстетикасын жалғастырушы ойшыл, жаңа Платоншылдықтың негізін қалаушылардың бірі, орта ғасырдағы діни тілсімшілдіктің тіке қайнар көзі, кейінгі дәуірлерге ерекше ықпал жасаған адам. Ол Платонның идеал еліктеу теориясын мойындау негізінде еліктеу теориясын және де кемелдендіре түсті. Ол табиғат дүниесіндегі заттардың өзі идеял дүниеге еліктейді, алайда, әдеби шығарма күрделі заттардың тек сыртқы бейнесін ғана бейнелеп қана қалмастан, қайта табиғаттың арғы қайнарындағы көзқарасты іздеуі керек, осылай болғанда ғана әдебиет пен көзқарас дүниесінің байланысын орнатуға болады деп қарады. Ол және ішкерлей түсіп, әдеби шығарманы пішіндеуші жазушы өзінің жасампаздық қабілетіне сүйене отырып, қиялдау арқылы табиғат жаратылысының жетімсіз жерлерін толықтырады деп атап көрсетті. Плотинус және де реал дүниеде әсем заттардың болатындығын теріске шығармайды, ол әсемдікті – заттық ( сезімдік ) әсемдік, жан дүние ( рух ) әсемдігі, ақылдық әсемдік деп үшке бөледі. Бұл жағадағы дүниедегі әсемдіктің қайнары арғы жаға дүниесіндегі тәңірде деп қарайды. Ол “тәңір ғана әсемдіктің қайнары, әйтеуір әсемдікпен ұқсас түрдегі заттардың барлығы тәңір жақта туылған” дейді [6,57]. Ол тұңғыш рет эстетика мәселесін философия жүйесінің өзекті түйініне қоюмен бірге өзі бастамашы болып эстетика мен әдебиет теориясын дін тануға қарай жетеледі. Оның негізгі идеялық жүйесі метафизикалық тілсімшілдік болғанымен кейінгі дәуірлердегі әдебиет-көркемөнер теориясына, әсіресе христиан діні көркемөнер теориясына тікелей ықпал жасаған, керанау романтизм сондай-ақ қазіргі заманғы эстетика, көркемөнер теориясынан да Плотинустың көзқарастарының елесін байқауға болады.

Қорытып келгенде, батыстың, әсіресе, ертедегі Греция мен Римнің әдебиет сынының осы кезеңге дейінгі сыншылдық көзқарастарында алуан түрлі ой-пікір қатар ортаға шығып, өзінің жаңалығы, жасампаздығы арқылы сол кезеңдегі әдебиет-көркемөнердің теориялық жүйесін байытып, кемелдендіріп, әдебиет-көркемөнерге жол сілтеп, бағыт-бағдарын айқындап отырғанымен және бір жақтан дәстүрлі сананың ой-көзқарастарынан, оның әсер-ықпалынан бүкілдей қол үзіп, алшақтап кетпегендігін байқау қиын емес. Десе де, әрбір тарихи кезең қашанда алдыңғы дәуірден өзінің

ұқсамайтын эстетикалық және әдебиет-көркемөнер көзқарастарын ортаға алып шығып отырды. Әрине, мұны қоғамдық ой-сананың жаңалануынан, әдебиет-көркемөнер жасампаздығындағы алуан-түрлі өзгерістер мен жаңалықтардың жарыққа шығып, сыншылдық ой-көзқарастардың жаңалануына түрткі болғанынан бөле қарауға болмайтындығын ескеру керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Платон. Платонның әдебиет-көркемөнер туралы диалогтары (қытай тіліне аударған Жу Гуаңчян).-Бижин: Халық әдебиет баспасы, 1959.
2. Аристотель. Поэтика (қытай тіліне аударған Луо Няншиң), Бижин: Халық әдебиеті баспасы, 1962.
3. Уұ Лифу. Батыс әдебиет теориясынан таңдамалылар.-Шаңхай: Шаңхай аударма баспасы, 1979.
4. Гораци. Өлең өнері (қытай тіліне аударған Луо Няншиң)-Бижин: Халық әдебиеті баспасы, 1962.
5. Гораци. Өлең өнері (қытай тіліне аударған Луо Няншиң)-Бижин: Халық әдебиет баспасы, 1962.
6. Бижин университетінің философия факультетінің эстетика кафедрасы құрастырған. Батыс эстетиктерінің әсемдік туралы көзқарастары, Бижин: Сауда баспасы, 1980.

ӘОЖ 378.147.2:811.112.2.

**Б.Т. Суюмбекова, М.Ж. Бельгибаева**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*  
[bal\\_1991@mail.ru](mailto:bal_1991@mail.ru)

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУДАРМАТАНУ ҒИМІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада аударма түрлерінің дамуы, Қазақстандағы аударманың қазіргі деңгейі және аударматану саласына үлес қосқан ғалымдар еңбектері қарастырылады.

В статье рассматриваются развитие видов перевода, сегодняшний процесс переводоведение в Казахстане и работы исследователей, которые внесли свой вклад в переводоведение.

In this article is discussed about the development of translation, current translational process in Kazakhstan and works of researchers who contributed in development of science of translation.

**Тірек сөздер:** Аударматану, аудармашы, аударма түрлері, аударманың дамуы, аударма тарихы.

Аудармашы – ел мен елді жақындастырушы дәнекер әрі еларалық қызмет көрсету маманы. Оның міндеті айтылған сөздерді аудару ғана емес, сонымен бірге, сөз мәдениетінің, өз мәдениетінің озық үлгісін көрсету. Аудармашы мәдениеті мен әдеби – жеке тұлғалық болмысының биік үлгісі, кәсіби мамандануының көрсеткіші. Сондықтан тілді білу қалай қажет болса, сол елдің мәдениетінен хабардар болу да аса маңызды.

Аудармашы әрқашан өз ана тілінің қырағы сақшысы болуы тиіс. Аудару үстінде тұлға өмір көріністері мен құбылыстарын басқа тілдің (түпнұсқаның) әсерімен елестетіп, сол тілдің құйылу ағынымен отырғанда, өз ана тілінің жүйесінен шығып кетуі де әбден ықтимал.



Мұның өзі, әсіресе, ағылшын тілі мен қазақ тілі сияқты грамматикалық жүйелері бір – біріне ұқсамайтын тілдерден аударғанда ерекше сезіледі.

Аударма – ең алдымен адамдардың қарым-қатынасының басты қажеттілігі. Алайда ол коммуникация теориясының негізгі қырлары, әдеп, мәдениет туралы білімсіз, мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктерінсіз жүзеге аса қоймайды. Бір тілде айтылған сөзді алдымен тыңдап, екінші тілді жинақтап, ойды қорытып, есте сақтап, қайта жеткізу әркімнің қолынан келе қоймайды. Айтылған сөзді басқа тілде қайталап жеткізу – аса сезімталдықты, түйсіктілікті, айрықша қабілеттілікті талап етеді.

Аударма – әрі өнер, әрі мамандық. Аудармашы мамандығы көбінесе көркем және жазбаша түрлеріне қатысты жиі айтылып жүрсе, соңғы кездері, әсіресе, еліміздің тәуелсіздігіне байланысты жаңа сипат алды. Мемлекетаралық байланыстардың жандануы аударманың қай түрінің де, аудармашылықтың қай салада да қажеттілігін айқындай түсуде [1,3].

Келесі кезекте Қазақстандағы аударма түрлерінің дамуы мен қазіргі таңдағы барысына қысқаша тоқталып өтейік.

Аудару принципі мен аударманың дәлме-дәлдігі туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады. Мысалы, орта ғасырларда әріпшілік, сіреспе аударма басым болса, бертін келе, жаңғыру дәуірінде, XVII-XVIII ғасырларда «еркін» аударма етек алды. Одан соң әдебиет әлемінде балама аударма пайда болды. Аударма теориясының зерттелуі жиырмасыншы жылдардан қолға алынды. Сондықтан қазақ тайпалары мен халқының әдебиетіндегі бізге жеткен шығармалардың қайсысы төл тума, қайсысы аударма екендігінің ара жігі әлі де анықталмаған. Ертеде, әсіресе, қазақ сахарасында ислам дінінің уағыздарымен қоса, араб, үнді әдебиетінің үлгілері таралғаны мәлім болса, сол шығармалардың, аудармалардың аудармашысы кім екендігі беймәлім.

Ауызша аударманың дамуы, негізінен, Шығыс елдеріндегі дипломатияның дамуына қатысты. Аударма – еларалық түрлі саладағы қарым-қатынастың, берік байланыстың құралы. Алайда ілеспе және синхронды аудармашы – қазіргі таңда өте қажетті мамандық. Барған сайын оның қажеттілігі Қазақстанның қазіргі халықаралық қатынастарында, экономикалық дамуында, саяси, мәдени, қоғамдық т.б түрлі қарым-қатынастарында, іскерлік, кәсіпкерлік, сауда, туризм т.б. салаларында айрықша маңызға ие. Республикамыздың әлем аренасында халықаралық мәртебесінің нығаюына байланысты түрлі форум, мәслихат, симпозиум, кеңес, жиындар жиі өткізілуде. Мұндай жағдайда ауызша аударманың да рөлі барынша артып, қолданылу аясы да кеңейе түсуде.

Ал жазбаша аударма түрі атамыз Баласағұниден бастау алған. Тіпмаш-аудармашы жан-жақты білімдар болған, қазір де сол талап сол деңгейде болуы тиіс деп ойлаймыз. Себебі, орысша-қазақша біледі екенмін деп, аударма жасап жүрген аудармашылар саны көбейіп барады.

Ауызша және жазбаша аударма күнделікті өмірде жиі қолданылуда. Соңғы уақытта адамдар ғаламтор жүйесінің қызметін жиі пайдалануда. Ол бірынғай жалпы адамзаттық, ақпараттық кеңістікте қамтамасыз етеді. Сондықтан оның өзі де жеке тұлғаны аударма ісімен айналысуға бағыттауда. Қазіргі кездегі мемлекетаралық сауда, экономикалық, әскери іс, мәдени, іскерлік т.б. байланыстар аударманың ауызша және жазбаша түріне мамандануды өткір талап етуде.

Қазақстанда ілеспе аударма әлі толығымен дами қойған жоқ. Мамандар қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға ітеспелі аударатын мамандардың жетіспейтініне өкініш білдіруде. Ал шет тілдерінен аударатын мамандар туралы сөз етудің реті де жоқ секілді. Оқу орнын бітірген жастардың көбі шет тілін жақсы меңгергенімен өз ана тілінде шорқақтығы салдарынан аударма саласының абыройын қорғай алмай жүрген көрінеді. Сол себепті аудармашылардың авторлық құқығы көп жерде сақтала бермейді [2].

Ілеспе аударма – еліміздің халықаралық қоғамдастыққа интеграциялануында тіларалық коммуникацияны қамтамасыз ететін маңызды сала. Қазақ тіл білімінде ілеспе



аударма жасау аспектілері зерттелмеуі оның дамуын тежеп отыр. Қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасаудың кәсіби ережелерін әзірлеу аталған мәселелерді шешіп, тіліміздің конституциялық мәртебесіне сәйкес пайдаланылуына, саяси, ғылыми жиындар тіліне айналуына жағдай тудырады. Ілеспе аудармашыларды даярлау ісі қолға алынбауы еліміздің әлемдік кеңістікке интеграциялануын белгілі бір дәрежеде тежейді. Елімізде қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасаудан бастап, қазақ тілінен тікелей шет тілдеріне аударма жасайтын мамандарды дайындау мәселесі пісіп-жетілді.

Ілеспе аударма – Қазақстанда тәуелсіздіктен кейін пайдаланыла бастаған ауызша аударманың жаңа түрі. Тілі бөтен елдер арасындағы алтын көпір іспетті аударманың орны бөлек екені баршаға түсінікті. Академик Ө. Айтбаев қай заман, қай кезең болмасын қоғам өмірінің ілгері дами түсуіне қалтқысыз қызмет етеді деп бағалап, БҰҰ-ның қарарында халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді деп сипатталған аударманы зерттеуге біздің елде де ден қойылып, көптеген іргелі ғылыми еңбектер жазылған. Алайда, бұл еңбектерде ішкі аталғаны болмаса, ілеспе аударма әлі дербес зерттеу объектісі болған жоқ.

Ресейде ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында И.А. Зимняя, Г.В. Чернов, М.Я. Цвиллинг, А.Д. Швейцер сияқты зерттеушілердің ілеспе аударма туралы мақалалары жариялаған. Виссон, Т.В. Воеводина, Р.К. Миньяр-Белоручев, П.И. Палажченко, В.Д. Уваров, А.Ф. Ширяев және басқалар ілеспе аударманың кейбір теориялық және қолданбалы аспектілеріне, орыс тілінен шет тілдеріне (негізінен ағылшын, француз, испан тілдеріне, олардан азырақ мөлшерде португал, итальян тілдеріне) ілеспе аударма жасауға арналған еңбектер жазған. Бірақ, кеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің тілдерінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау мәселесі олардың зерттеу аясынан тыс қалған [3,6].

«Көркем аудармаға қойылатын ең басты шарт – шығарманың көркемдік идеялық күші мен эстетикалық ләззатын жеткізу. Ол, ең алдымен, көркем болсын, әсерлі де, тартымды оқылсын» деген Мұхтар Әуезовтің тұжырымын Ж.Дәдебаев өз еңбегінде айтып кеткен. М.Әуезовтің көркем аударма туралы қағидаларының ғылыми және практикалық маңызы бүгінгі күн үшін де маңызды. Олардың бірқатары зерттеушілердің еңбектерінде түрлі тараптан пайымдалады. Алайда ғылымның көркем аударма табиғаты туралы өзекті ойлары тұтас қамтылып, белгілі бір жүйеде сарапталған емес. Дегенмен, М.Әуезов 1918 жылдың өзінде-ақ көркем аударманы өнердің бір түрі деп таныған. Көркем аударманы өнер тануға, алдымен, Абайдың аудармаларының келістілігі, мінсіз көркемдігі негіз болғаны анық [4,86].

М.Әуезовтің көркем аударманың тарихы мен теориясы аясында айтқан ойының айналасында да әлі толастамай, тоқтамай келе жатқан ізденістер бар. М.Әуезовтің көркем аударма табиғаты туралы қағидалары бүгінгі аударма мен аударматану ғылымы үшін де маңызы зор екендігінде сөз жоқ [5,25].

Қазіргі заманның аударма саласындағы басты халықаралық актісі де, әлемдік аударматану ғылымының теориясы да М.Әуезовтің көркем аударма туралы ХХ ғасырдың басында негізделген қағидаларын қайталап негіздейді. Басқаша айтар болсақ, қазіргі заманға аударма саласындағы басты халықаралық актысы, әлемдік аударматану ғылымының теориясы әлемдік ғылыми таным қорында бар ойларды, олардың қатарында М.Әуезовтің көркем аударма табиғаты туралы қағидаларын саралап, белгілі дәрежеде қайталай отырып қалыптасты. Сондықтан қазіргі қазақ аударматану ғылымындағы ізденістерге, аударматану мамандарын даярлау ісінде М.Әуезовтің көркем аударма табиғаты туралы қағидаларын қазіргі заманның осы саладағы халықаралық актысымен, аударматану ғылымының теориясымен тығыз байланыста, сабақтастықта алып қарастыру дұрыс болмақ [4,100].

Келесіде аударма теориясы мен практикасының зерттелу аясына тоқталар болсақ, қазақ ғылымында бір тілден екінші тілге аударудың теориялық мәселелерін көтеріп берген ғалым-қазақ лингвистикасының негізін қалаушы атақты зерттеуші Қ.Жұбанов. Р.К.Садықов өз еңбегінде Қ.Жұбанов өзі шағын мақаласында орыс тілінен қазақ тіліне аударудағы синтатистік құрылымның ерекшеліктерін сөз еткені жайлы атап өткен [6,60]. Бұдан кейін

Қазақстанда аудармаға қатысты пікірлер 1950 жылдардан бастап көбірек айтыла бастады. Өйткені осы кезеңде біздің елімізде аудармаға көбірек мән беріліп, көптеген әдебиеттер (көркем шығармалар) бір тілден екінші тілге аударылды. Елуінші жылдарда ең бірінші болып, аударманың тілдік-стильдік жағдайына тоқталған адам-М.Әуезов. Ғұлама жазушының пікірлерімен таныса отырып, біз М.Әуезовті Қ.Жұбановтан кейін аударманың лингвистикалық теориясының негізгі мәселелерін көрсетіп берген ғалым деп санаймыз. Өйткені оған дейін қазақ интеллигентиялық жазушылар мен журналистер, ғалымдар бір тілден екінші тілге аудару ісі тек әдебиеттану ғылымының шаруасы деп жүрді, өйткені орыс ғалымдары да осылай деп есептеген болатын. Бұдан әрі М.Әуезов көрсеткен «ақын-жазушының өз ана тілінің ұлттық формасы мен түрін кәдеге жаратып, өз тарапынан» жаңа сөз туындыларын қосу, жаңа сөз байланыстарын жасап, бар сөздердің мағыналарын тереңдету, жанартуы керек» деп айтқаны-аударманың лингвистикалық теориясының басталуы. Осындай пікір жасауға ғалым-жазушының келуінің бірнеше себептері кейінгі ғылыми тұжырымдарда көрсетеді. Мәселені анықтап беру үшін ғалым А.Алдашеваның мына тұжырымына Р.К.Садықова тоқталып өткен: «Тәржіманың толыққанды жазба үлгілерінің қалыптаса бастаған кезеңі - 1920-30 жылдар; ал шын мәнінде алғашқы тәжірибелер қорытылып, кемшіліктер жөнге түсіп, «көркем аударма да соны шығармалар сияқты, творчестволық еңбекті, шеберлікті талап ететін үлкен искусство» екенін мойындатқан 1950-1960ж. арасы. Бұл кезең, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, ресми мазмұндағы әдебиеттің, оқу-ағарту әдебиетінің жаппай тәржімалана бастаған кезі. Нақ осы кезден бастап орыс тілінен қазақ тіліне аударудың тәсілдері мен жолдары, тәржімалаудың тілдік-стильдік принциптері, аударманың нормасы тәрізді маңызды факторлардың ерекшеліктері қалыптаса, әрі біртұтас, бірізді жүйеде анық көріне бастады.

50-жылдардан бастап қазақ алфавиті лингвистикасының нақты ғылыми-теориялық бағыттары бір арнаға түсе бастады: осы тұста қазақ алфавиті мен графикасы реттелді, лексикографиялық еңбектердің негізгі ұстанымдары (принциптері) анықталып, әр алуан типтегі сөздіктерді (екі тілді, терминалогиялық, орфографиялық және т.б.) шығару қолға алынды; қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесі мен құрылымы турасында көшенді зерттеулер жарияланды. Сөздің семантикалық өрісі, сөз құрылымының екі жақты сипаты ғылыми назарға ілінді. Қазақ көркем әдебиетінің тілі мен стилі, стилистика ғылымы, функционалдық стильдер жүйесі, сөз мәдениеті, әдеби норма мәселелері жайындағы алғашқы пікір-көзқарастардың айтыла бастаған тұсы да – осы мерзім. Әдебиеттану ғылымының жеке салалары аспектілерінің саралана, жетіле дами түсуінде де осы кезеңде елеулі ілгерілеулер болды. Жалпы алғанда бұл кезең, яғни осы ғасырдың 50-90 жылдарының аралығы - әдебиет пен тілдің дамуындағы қоғамдық-ұлттық, әлеуметтік сипаттары жағынан айрықша дәуір».

60-70 жылдарда да зерттеулер жүргізілді, бірақ оларда тәржіма ісі әдебиет, шығармашылыққа қатысты болды (С.Толжанов, Ә.Сатыбалдиев және т.б.). Дегеннің өзінде де бұл еңбектерде тілге қатысты мәселелер қолданылып отырды. Лингвистикалық тұрғыдан келген жұмыс ретінде Ә.Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деген зерттеуін Р.К.Садықов өз жұмысында көрсетіп өткен. Бұл – 70- жылдарда орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем шығармадағы фразеологиялық тілдік бірліктерді тілдік-стильдік тұрғыдан жүйелі етіп талдаған бірінші еңбек. Жұмыста орыс тіліндегі фразеологиялық единицалардың сөзбе-сөз, еркін, жуықтатып аударылған тұстары талданып, әдеби нормаға байланысты, қазақ әдеби тіліне ену жағдайлары толыққанды айтылады.

Бұл арада аударма әдебиеттің әдеби тілдің баюына қосқан үлесі туралы көзқарастарға тоқталмай өту мүмкін емес. Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем әдебиеттің тілін, жалпы аударманың тарихын талдағандар тәржіма ісінің қазақ әдеби тілін жаңа сөздермен, терминдермен молайтуға, көптеген қосымшалардың өнімді болуына әсерін жиі көрсетіп отырады. Мысалы: ғалым-академик Р.Сыздықованың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінен Р.К.Садықов өз жұмысына үзінді келтірген «XVIII-XIX ғасырларда қалын



көпшілікке (хат танитындарға) білім ғылымының әр саласынан хабар беру мақсаты болған аударма әдебиет кейін дами келе, әсіресе XX ғасырдың II жартысында қоғамдық-публицистикалық стильдің, ғылыми стильдің, ресми іс-қағаздарының қалыптасуында маңызды рөл атқарды» [6,61].

Өткен ғасырларда өмір сүрген қазақ зиялылардың өкілдері аударманың басты қайнаркөз екендігін жақсы түсініп, әрі оның технологиясын шебер меңгергендіктен, аударма арқылы көптеген жаңа сөздер жасаған, мысалы, қазақ лингвистикасының негізін салушылардың бірі А.Байтұрсынұлы «әдебиетке, өнерге, тілге қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шағырмай, түгелдей қазақша балама тапқан» [6,62].

Кейінгі жылдарда да аудармаға қатысты едәуір жұмыстар атқарылды. Бағдарламалар (Н.Шаймердинова), сөз аударма ғылымына қатысты терминдердің сөздігі (А.Жұмабекова) шығарылды, ғылыми көпшілік мазмұнда, практикалық тұрғыдан көмек берерлік еңбектер бар («Аудармашыға көмеу» С.Құлмановтың кітабы)

Соңғы уақыттарда, ағылшын, қытай, араб, парсы, түрік тілдерінен қазақшаға тәржімалау талдана бастады, бұған байланысты Ә.Ғалиева, П.Дәулетова және Д.Дүйсебаевтың еңбектерін атауға болады.

Біз бұған дейін қазақ аударматану ғылымындағы басты пікірлерге тоқталдық. Дегенмен, ғылымның осы саласының әлемдік ғылымда, оның ішінде орыс тілі ғылымында қалай бастау алып, қандай зерттеулер жасалғанына бөлек тоқталу қажет. Өйткені, аударманың теориясы орыс тілі білімінде тиянақты зерттелген.

Байқап отырғанымыздай, аударманың түрлері, оған қатысты теориялық және практикалық тұжырымдамалар қазақ тілінде өз зерттеу шынына жеткен жоқ. Дей тұрғанмен, қазақ аударматануында айтарлықтай еңбектердің, аударма жұмыстарының бар екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Аударма ісіне тер төккен айтулы ғұламалар бұл жайтты «халықтар достығының дәнекері» деп те атайды. Шындығында, ел мен елді табыстырып, халық пен халықты жақындастыруда аударма өнерінің рөлі айрықша екені даусыз.

Өзге елдердің аударма өнерімен салыстыра қарағанда біздің ұтылатын жеріміз, біздің әдебиетшілердің шетел тілін біле бермейтіндігі. Ағылшын, француз, испан, неміс тілдерінде оқи да, аударма да білмегендіктен барлық дүниелер орыс тілінен аударылып жатады. Себебі, түрлі шет тілдерін біту үрдісі біздің әдеби ортамызға әлі кірікпеген дәстүр. Дегенмен, шетел тілінен аударма жасайтын жас мамандарымыз да бар, атап өтсек, неміс тілінен М.Құрманов, ағылшын тілінен Ә.Ахметов, Д.Берікқажыұлы сынды аудармашыларымыз бар. Аталып отырған отандық аудармашылардың еңбектері біздің келешек зерттеулерімізге көмек бола алатын болады.

Қазақстан Тәуелсіздігін алғалы бері экономика, ғылым, мәдениет, өнер саласымен қоса аударма саласы да еркінді дамып келеді. Осындай қарқынмен дамыған аударма саласын болашақта біз секілді аудармашылар толықтырады деген сенімдеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тарақов Ә. Ауызша аударма.-Алматы: Қазақ университеті, 2009.-115б.
2. «Астана хабары» газеті. №192-194 (2140), 29.11.2007.
3. Әлпейісова Ә.К. //Қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау заңдылықтары (саяси және ресми дискурс материалында) авторефераты. - Астана - 2010.-132б.
4. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма. – Алматы: 2011.-182б.
5. Әуезов М. «Жәңгір» жыры қазақ тілінде. М.Әуезов Шығармаларының елу томдық толық жинағы. XV том. – Алматы: 2004.-265б.
6. Садықов Р.К. //Аударманың теориясы мен практикасының зерттелуі//Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ, «Филология ғылымдары» сериясы, №4 (30), 2009ж.



ӘОЖ: 82-1

А.Қ. Тұрысбекова

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*

### СӘКЕН СЕЙФУЛИННИҢ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР

Ғылыми жұмыста ел аузындағы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып жазылған Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы фольклорлық сарындар салыстыра отырып баяндалады.

В научной работе рассматривается поэма Сакена Сейфуллина «Кокшетау», которая была написана на основе легенд в сапостовительной форме с фольклором.

The poem of Saken Seifullin's "Kokshetau" will narration on science work which was written by people's legend on comparative form with folklores

**Тірек сөздер:** Көкшетау, Бурабай, Оқжетпес, Жеке батыр, аңыз.

Қазақстанның ең көрікті жерлерінің бірі - таңғажайып әндер мен поэтикалық аңыздар өлкесі Бурабай. «Жүз рет естігенше, бір рет барып көр», - деп дәл осы өңір туралы айтылған сияқты. Табиғат бұл жерде әсемдік әлемінің ауызбен айтып жеткізе алмастай алуан түрін жасаған. Халық арасында мынадай бір аңыз бар: «Алла тағала өзіміздің орасан зор дүниені жаратқанда бір халыққа айдын шалқар теңіздер мен арналы өзендер, басқаларға бауырында қалың орманы, басында ақ қары бар тау, үшінші бір халыққа гүл-бақшасы жайнаған, жемісі мол жер сыйлапты. Ал, қазаққа құм басқан шөл дала ғана тиіпті. Халық ашынып, Алла тағалаға: «Тым болмаса, қоржыныңызда қалған әсем дүниеден болымсыз бірдеңе беріңіз», - деп өтініпті. Бірақ, Алла тағала дала жұртының өтінішіне көңіл бөлмепті. Содан кейін көңілді күлдіргі Алдар көсе жаратушыны алдамақ болып, оған жасырынбақ ойнайық деп ұсыныс жасапты. Анау келіседі. Бірақ тақтайдай жазық шөл даланың қай жеріне тығылмақ. Сөйтіп, Алла тағала тасасына тығылу үшін төбе жасапты. Ол жерді қазір де жұрт Бұқпа деп атайды. Қу Алдар көсе байқатпай Алла тағаланың қоржынын тесіп қояды, содан жерге биік шыңды таулар түсіп, мөлдір бұлақтар мен көлдер төгілген екен. Өлгі тауларға қалың орман өсіп, онда аңдар мен құстар, ал өзендерде балық пайда болған. Кейін сол жерді адам мекендей бастаған.

Қазір ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келе жатқан аңыз ғана емес, Қазақстан археологтарының қазбалары да Көкшетауда ежелгі дүниеде ержүрек аңшылар, тәжірибелі малшылар мен егіншілер тұрғанын, ертедегі скифтер бұл өңірде алтын өндіргенін дәлелдейді.

Осынау таңғажайып жерден Біржан сал, Ақан сері, Балуан шолақ, Ыбырай Сандыбаев - сынды көптеген халық әншілері, ақындары шыққан. Олардың поэтикалық мұралары қазақ әдебиеті мен музыка мәдениетінің алтын қорына енді. Ыбырайдың «Гәккүі», «Қыз Жібек» операсында шырқалады, Біржан әндері қазірге дейін бүгінгі композиторлар мен ақындар шығармашылығына арқау болуда.

Қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушысы, демократы Шоқан Уәлихановтың есімі де осы Бурабайға қатысты. Осынау ғажайып өлкеге келе жүріп, ол халықтың көптеген аңыз, ертегілерін жинаған.

Большевиктік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері Валерий Владимирович Куйбышев балалық шағын Көкшетауда өткізді. Жас революционер маркстік әдебиетті патша жендеттерінен осы Бұқпа тауына жасырған.

Қазақ ақындары Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Қалижан Бекхожин, Діқан Әбілев, Қабдікәрім Ыдырысов, Тәкен

Әлімқұлов Көкшетау мен Бурабайға өздерінің тамаша жырларын арнады. Ал, ең шабытты жыр жолдары аса көрнекті жазушы-революционер Сәкен Сейфуллиннің қаламынан туды.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.  
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,  
Жүреді біліп-кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,  
Әрқайсы алтын кесе аясында,  
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі,  
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Бірғалған көкке бойлап қарағайы,  
Қасында көк желекті аппақ қайың.  
Жібектей желмен шарпып төңіректі,  
Балқытып мас қылады иіс майы.

Көкпен көк шың басынан жұпар кетпес,  
Басына атсаң-дағы оғың жетпес.  
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан  
Өлгенше көкірегінен құмар кетпес [1,6].

Бурабай көлінің тұп-тұнық көгілдір айдынында аспан, тау, орман қалай жарқырап көрініс тапса, дәл солай Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында осынау таңғажайып өлке және оған деген халық махаббаты кереметтей бір әуезділікпен, әсемдікпен, жан терберлік сезіммен жырланады.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының қазақ поэзиясындағы орны ерекше. Бүкіл халық қызығып оқып, әнге қосып, жатқа айтып кеткен аңыздай әсерлі де таңғажайып көркем туынды халқымыздың тұнып тұрған інжу-маржан сөз өрнегімен өрнектелген. Шығарманың мазмұны мен идеясы туралы ф.ғ.д., профессор Есмағамбет Ысмайылов былай деп жазды: «Сәкен «Көкшетауды» халық тарихындағы, кенес дәуіріндегі ірі күрестерге, елдің жақсы арман — тілектеріне байланысты революцияшыл идея тұрғысынан жырлайды; қазақтың ескі өміріндегі хандық тәртіпті, феодалдық шапқыншылықты, ел мен ел арасындағы барымта, жаутершілікті батыл әшкерелейді» [2,83].

Сәкен сан рет сүйікті Көкшетаудың атырабын аралап көріп, ұзақ уақыттар бойы сол сұлу мекендерде қызықты саяхат, сауық — сайран күндерін өткізеді; қою кара орманды Бурабайды, бауырында күмістей мөлдір айдын шалқар көлі, сылдырап аққан ерке бұлақтары мол Көкшені, сол өлкені мекендеген елдің аңыз - әңгімелерін, «Оқжетпес», «Жұмбақтас» сияқты тас мүсінді ескерткіш белгілерін, Көкшетау елінен шығып, бүкіл қазақ даласына даңқы жайылған Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ сияқты әнші — ақындарды көтеріңкі шабытпен, тамаша көркемдік баяулармен суреттейді [3].

Поэма «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы ...» деп келетін атакты лирикалық детальдан басталады. Одан әрі «Ұйықтаған батыр» («Жеке батыр»), «Оқжетпес», «Бурабай», «Жұмбақтас» деп аталатын шың — құздардың атына байланысты айтылатын аңыз - ертегілер баяндалады. Бірақ автор бұл аңыздарды сол естіген күйінде тізе салмайды, оны поэзия құндағына бөлеп, өзінің шығармашылық идеясынан өткізіп барып, сол баяндалатын оқиғаға жаңа мән беріп отырады. Ертегі — аңыздарды саяси

түйін, көркем пейзаж, әр қилы портреттер арқылы нақыштап толықтырады. Халықтың аллегориялық бейнелер жасау, мысалдап, тұспалдап әңгімелеу әдісін де ілгері дамытып, нақтылай түседі.

Поэзияның негізгі арқауы — Бурабай көлі мен Оқжетпес шыңының неліктен осылайша аталғаны жөніндегі аңыз оқиғасы. Ақын Көкшетаудағы бір бөлік таудың атауын және Бурабай көлі туралы аңызды әсем мүсінде тамашалап суреттей келіп, қазақ пен қалмақ арасында болған жорықтар жайындағы бір әңгімені баяндайды. Қазіргі Бурабай курорты тұрған жерде, айна көлдің жағасында аспанға тіп — тік бойлаған, оқтай тұзу, найзадай үшкір бір шың бар. Ол шынды халық «Оқжетпес» деп атап кеткен. Осыған таяу жерде, айдын көлдің ішінде сұғына кіріп тұрған бір кішкене аралша жартас бар. Оны халық «Жұмбақтас» деп атайды. Ақын бұлардың осылайша аталу тарихына байланысты оқиғаларды дамытып суреттейді.

Бурабайдың әр тасы, ормандағы әр соқпағы аңыз арқауы болған. Көкшетаудың келбетіне алыстан көз салсаң, қалың тоғай арасында ұйықтап жатқан алыпты көргендей боласың. Иә, бұл ұйқы құшағындағы батыр тауы. Аңыз бойынша, баяғы заманда атақты Жеке батыр осы жерде күзетте тұрып қалғып кеткен екен. Оны таң шапағы да, шындардың тарс-күрс еткен қопарылысы да оята алмаған. Күні бүгінге дейін алып тау болып сол ұйықтаған қалпы жатыр.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Жеке батыр.

Болыпты баяғыда Жеке батыр...  
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.  
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,  
Сол батыр бүгінгеше ұйықтап жатыр.

Сол батыр осы күні бір үлкен тау,  
Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.  
«Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын,  
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.

Батырдың қырыққа таяу келген жасы,  
Денесі биік жота, таудай басы,  
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,  
Киюлі баста жатыр дулығысы.

Жырдың мазмұнын халық аңызымен салыстыра қарағанымызда түгелдей дерлік көшіріп жатпай, мазмұнын жоспарлай отырып танысып шығуға болады. Мәселен, жоғарыда айтылған шумақтарды жоспарлы түрде көрсетсек:

### Жеке батыр

1. Тауда қарауылдаған батыр.
2. Қарауылда қалғып кетуі, оянбауы.
3. Батырдың үлкен тауға айналуы.

Енді бір жағына қарасаң, тасқа айналып қалған түйені көргендей боласың. Бұл - қазақ халқы талай-талай аңыз шығарған Бура тауы. Ерте,ерте, ертеде жүні аппақ қардай қос өркешті әдемі түйе болыпты деген сөз бар. Ол жуас болыпты. Көкшетаудың етегінде жайымен жайылып жүреді екен. Ал егер жұт немесе соғыс бола қалса, бура өзгеріп шыға келетін болыпты. Құстай ұшып тау басына шыққан оның күндей күркіреп буырқанғанынан тау сілкініп, дала сілтідей тына қалады екен. Оның даусын естіген жұрт жедел жиылып, жаудың бетін қайтаруға, туған жерді қасіреттен аман алып қалуға аттанады екен. Халық ақ түйені киелі санап, оны бөле-жаладан сақтауға тырысыпты. Бірақ, бір жолы суатқа кетіп бара жатқан бураны мейманасы асқан Қасым хан



кезiктiредi, сол жерде ерiгiп оны садакпен атады. Жебе кадалғанда ауырсынған бура қатты ыңырсып, шөгiп қалады, ал оның ажал аузындағы азапты халiне маз болған Қасым хан улы жебенi бас-көз, жүрек демей, бiрiнен соң бiрiн ата бередi. Бура шипалы судан бiр ұрттау үшiн көлге қарай ыңырана жылжиды, бiрақ әл-дәрменi жетпейдi. Тасқа айналып, тау болады.

Көкшетау поэмасындағы Бурабай

**Бурабай.**

1. Көкшетауды мекендеген ақбас бура. ..
2. Бураның тағылығы.
3. Бураның қасиетi
4. Қасым төренiң аңға шығуы.
5. Қанға құмар Қасым.
6. Бураның ажалы.
7. Түйенiң киесi атуы.
8. Бурадай шөккен тау.

Ақынның ескi аңыз-әнгiмелерге сын көзiмен қарап, оған халықтық тұрғыдан баға бере бiлгенiн осы тұста анық байқауға болады. Сәкен жырлауындағы ел аңызында Бурабай көлiн мекендеген ақбас бура - ардақты ел күзетшiсi, соның жақсылық, жаманшылығына ортақ жануар болып суреттеледi. Мұның өзi тiршiлiгi төрт түлiк малмен байланысты болған халықтың сол малды аруақты деп табынуы кезiндегi ұғымның әсерi болуы ықтимал. Ақын ақ бураның ел өмiрiне қатысы бар елеулi жайларды алдын ала сезетiнiн бiр үш шумақ өлең жолдарымен әсерлi суреттейдi [4,51]

Осындай ел аңызындағы қасиеттi бура бiр күнi ойда жоқта оққа ұшады. Бұл тұста автор қазақ хандарының озбырлық қылықтарын батыл әшкерелейдi. Әсiресе, Қасым төре Абылайұлының ел қасиеттеген, халық досы болған бураға оқ атуын ызамен жырлайды.

Оқжетпес шыңына да қатысты аңыз бар. XVII ғасырда осы өңiрде көшiп-қонып жүрген Абылаймен рулас қазақтар қалмақтарға батыл шабуыл жасап, мол олжа алып қайтады да, соны бөлiсу үшiн пирамидаға ұқсас биiк таудың баурайына жиналады. Қолға түскен қалмақтың ару қызы жөнiнде жұрт көпке дейiн келiсiмге келе алмапты. Сонда Абылай хан: «Тұтқын қыз күйеудi өзi таңдасын», - дептi. Қыз тiп-тiк шың басына шығып алып: - Кiмнiң жебесi жетiп, орамалымды тесiп өтетiн болса, мен соныкiмiн! - деп айғай салады. Мазмұнын жоспарласақ:

**Оқжетпес.**

1. Бiр шың бар етегiнде тiп-тiк найза.
2. Көкшетауды мекен еткен хан Абылай.
3. Қазақ пен қалмақ шабысы.
4. Қалмақты жеңген Абылай.
5. Олжа
6. Қалмақ қызы.
7. Қазақ қолы, қыз және Абылай.
8. Шың басындағы орамал
9. «Оқжетпес» шыңы

«Оқжетпес», «Жұмбақтас» аңыздары – Сәкен поэмасының негiзгi тараулары. Аталмыш тараулардағы бас кейiпкерлердiң бiрi – шапқыншылықта қолға түскен қалмақ қызы. Автор оның аты-жөнiн атамайды. Абылай қолға түскен олжаны бөлiске салғанда, осы қыз үшiн хан мен оның сарбаздары арасында талас туады. Бәрi де қызды алудан дәмелi болады. Сұлу қызды ел тонаушылар бiрiне-бiрi кiмай, ақыры таңдауды қыздың өзiне бередi.

Қыз ақылдылығы кімге тиюді таңдау өзіне берілген кезде байқалады. Ол көл жағасындағы биік шынның басына орамал байлатып, кімде-кім соны атып түсірсе, соған тимек ойын білдіреді.

Қыз бақытына қарай, Абылай «батырларының» бірде-бірі шын басына оғын жеткізе алмайды. Шынның «Оқжетпес» атануы да осыдан. Тұтқын қыз амалсыз жаңа шарт қоюға мәжбүр болады. «Ер кезегі үшке дейін» деп, ол екінші шарт етіп күш сынасуды (төрт адамды арқалап мың қадам жүгіру) ұсынса, үшінші жолы өз өмірін жұмбақтап айтып, соны шешуді сұрайды. Ханның ақылсыз даңғой батырлары тек қара күштің ғана иесі екенін ақын осы тұста бір аңғарып өтеді. Төрт адамды арқалап мың қадам жүгіру арқылы күш сынасу кезінде олар бірінен-бірі оза алмайды. Бәйгеге түскен қырық адамның сегізі қыз тұрған тасқа қатар жетеді. Қайта талас туады. Енді қыз жұмбағы айтылады.

#### **Жұмбақтас.**

1. Күш сынасу бәйгесі.
2. Озған сегіздің таласы.
3. Қыз жұмбағы.
  - Кептер кебі.
  - Бала кептер.
  - Бала кептер мен сұңқар.
  - Түнде ұшқан кептер.
  - Кептер мен жапалақтар.
  - Кептер мен лашын.
  - Кептер мен бүркіт.
  - Қыз бен әскер.
  - Көкшетау күйі.
5. Адақ.
6. Бүркіт пен аққу, мерген.
7. Адақ мерген.
8. Адақ ақын.
9. Жұмбақтың шешуі.
10. Ерік алған қыз бен ханның қолы.
11. Қыз бен Керкөжек.

Көкшетаудағы Бурабай көлінің ортасында тұрған жартаc Жұмбақтас, тас сфинкс, осы оқиғаны дәл қазірге дейін еске салып тұрғандай.

Байқап отырғанымыздай, қыз жұмбағы - халықтың ауыз әдебиетінде көп ұшырасатын дәстүрлі жұмбақ. Ол өз басынан кешкен жайларды жұмбақтайды. Өзі және әңгімеге қатысы бар адамдар онда әр түрлі құстар түрінде бейнеленеді. Мысалы, ол өзін кептер етіп көрсетсе, қиянатшыл адамдарды қарақұс, жапалақ күйінде, лашын-елдің қамқор адамдары, сұңқар -өзінің сүйген жары, жыртқыш бүркіт хан бейнесінде суреттеледі. Ақын жұмбақ жырда аллегориялық тәсілді өте ұтымды қолданған.

Шығармада қыз тек өзін ғана емес, момын жыртқыштардан көп зәбір шегетін кептерге бүкіл әйел қауымын балайды.

Ақынның халықтық позициясы тек қыз басындағы мұнға халықтық тұрғыдан ортақтаса білуі ғана емес, оны осы тордан құтқарар халық өкілін де суреттеп көрсете алуымен байланысты. Ең соңында қазақ батыры Адақ қана қыз сынынан өтіп, оның жұмбағын шешеді. Оқжетпес шыңындағы қыз орамалына оқ тигізеді. Өзінің үлесіне тиген қызды Адақ рұқсат беріп, еліне қайтарады.

Ел аузындағы көне аңыз, ертеке үлгісімен өріліп, өзінше бір сюжеттік желі тапқан поэма зорлық пен қара күшті жеңген әділдікті, ақылдылықты паш етеді.

Поэма реалистік стильде жазылған. Оның тілі бай, образды, бояуы көркем. Халықтық фольклордың мол қазынасын бойына жинаған «Көкшетау» поэмасы –

Сәкеннің туған жердің табиғатын суреттей отырып, өткен дәуір шындығын айрықша шабытпен жырлаған шығармасы.

Атақты зерттеуші ғалымдар С. Мұқанов, Е. Ысмайылов «Көкшетау» поэмасы туралы еңбектерінде Сәкен шығармасының көркемдік табыстарын аса жоғары бағалады [5,68]. Жалпы, әдебиет тарихында «Көкшетау» поэмасы ұлттық мәдени мұрамызға енген тамаша туындылардың бірі болып есептеледі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейфуллин С. I том. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Жазушы, 1986ж.
2. Ысмайылов Е. Ақын және революция. Монография. Алматы, 1964ж.
3. С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапхананың архив материалдары.
4. Сейфуллин С. Көкшетау. - Алматы: Жазушы, 1994ж.
5. Көкішев Т., Сейфуллин С. - Алматы: Жалын, 1976ж.

ӘОЖ: 81 366.573

С.А. Уалиева, К.М. Чинибаева

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*  
[kchimibaeva@mail.ru](mailto:kchimibaeva@mail.ru)

#### ЫРЫҚСЫЗДЫҚ - ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ

Бұл мақала, негізінен, ырықсыздық категориясын функционалды-семантикалық тұрғыдан сипаттауға арналған. Функционалды- семантикалық өріс тұрғысынан ырықсыздық категориясы тілдің әр түрлі деңгейлерінен көрініс табатын грамматикалық мағыналардың жүйесі ретінде қарастырылады.

Ырықсыздық категориясын білдіретін тілдік құралдардың өзгешелігі әр елде осы категорияның ұлттық ерекшелігін, оны құрайтын тілдік құралдардың тіркесімі мен семантикалық үйлесімін айқындап тұрады. Ырықсыздық категориясы семантикалық мазмұнға ие функционалды- семантикалық өрістердің кешені болып табылады.

Мақалада ырықсыздық категориясының тілдік сипаты, осы категорияға жататын мағыналар, оларды білдіретін тілдік құралдар және ырықсыздық категориясының функционалды-семантикалық өрісі сияқты ерекшеліктері көрініс табады.

Данная статья посвящена в основном функционально-семантическому описанию категории залога пассив. Категория залога пассив рассматривается как система грамматических значений разных языковых уровней. Категория залога пассив выражается в разных языках посредством определенных языковых средств. Пассивный залог, имея семантическое содержание, является компонентом функционально-семантического поля. В статье рассматриваются языковые описания категории залога пассив (значение, языковые средства, относящиеся к данной категории), а также его функционально-семантическое поле.

*This article "The article functional – semantic description of passive voice" is delighted basically to functional – semantic description of passive voice. Passive voice is considered as a system of grammatical meanings of different linguistic levels. Passive voice expressed in various languages by means of definite linguistic means. Passive voice is a base of functional- semantic field. In the article linguistic description of passive voice, meaning, linguistic means, referring to the category and its functional-semantic field were considered.*

**Тірек сөздер:** ырықсыздық, функционалды-семантикалық әдіс, функционалды-семантикалық өріс (поле), имплицитті түр, актив, пассив, прагматикалық потенциал, сөйленім, рефлексивті етістік



Ырықсыздық лексика-грамматикалық категорияның шеңберіне сыймайтын тілдік категория екендігі дәлелденген соң, ол синтаксистік категория ретінде сипаттала бастады. Бірақ синтаксистік категория тілдегі ырықсыздықты білдіретін тілдік құралдардың әр түрлілігін толық түсіндіріп бере алмайды. Өйткені ырықсыздық мағынасын білдіретін тілдік құралдар лексикалық, морфологиялық және мәтіндік деңгейлерге қатысты болып келеді.

Ырықсыздық категориясының табиғатын толық ашуға, тілдік категорияларды сипаттауда семантикалық принципке негізделетін және олардың берілу құралдарының әр деңгейлілігін көрсететін функционалды-семантикалық әдіс арқылы қол жеткізуге болатын сияқты. Бұл әдіс қазақ тіл білімінде жаңа бағыт болып саналады. Ырықсыздық категориясын қазақ тілінде функционалды-семантикалық тұрғыдан зерттеуге арналған еңбектердің болмауы осы категорияны сипаттауда қиындық туғызады.

Аталмыш категорияның тілдік табиғатын ашуда төмендегідей мәселелер күрделендіре түседі: 1) ырықсыздық категориясының семантикалық аумағын, яғни ырықсыздық мағыналарды және осы категорияның тілдің басқа категорияларының арасындағы орнын тануда ғалымдар арасындағы көзқарастардың әр алуандығы; 2) ырықсыздық мағыналарды білдіретін тілдік құралдардың толықтай анықталмауы; 3) ырықсыздықтың категориялық статусын танудағы түрлі пікірлердің болуы.

Функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан ырықсыздық категориясы тілдің әр түрлі деңгейлерінен көрініс табатын грамматикалық мағыналардың жүйесі ретінде қарастырылуы тиіс. Ырықсыздық категориясын білдіретін тілдік құралдардың өзгешелігі әр елде осы категорияның ұлттық ерекшелігін, оны құрайтын тілдік құралдардың тіркесімі мен семантикалық үйлесімін айқындап тұрады. Сондықтан әрбір тілде ырықсыздық категориясын аталмыш концепция тұрғысынан зерттеуге ұқсас ғылыми пікірлер ертеректе, функционалды-семантикалық әдіс ұсынылмастан көп бұрын да басталған деуге негіз бар. Бірақ ондай еңбектерде бұл теориялық пікір имплицитті түрде айтылып, жеке зерттеу саласына әлі айналмағаны белгілі. Мысалы, Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-турк» сөздігінде –л/-ул/-үл/-ыл/-іл тұлғаларының үш жағдайда қолданылатыны көрсетіледі.

Бірінші, екі әріпті етістікке –л әрпі қосылғанда, ырықсыз етіс қызметін атқаратын үш әріпті сөз жасалады: *йа қурулды* (жай, орын құрылды), *ер урулды* (адам ұрылды, соққыға жығылды). Бұл етістіктердің түбірлері, автордың көрсетуінше: *қурды* және *урды*.

Екінші, «салт» (өтімсіз) етістіктерден жасалған ырықсыз етіс: ол йерге барылды (ол жерге барылды), ол нән көрүлді (ол нәрсе көрілді/көрінді). «Кейде бұл әріп өзінен кейінгі әріппен үйлеседі» деп, оған бігік бігінді (хат жазылды), ер ігінді (адам әлсіреді) сияқты мысалдар келтіреді. Автор соңғы мысалдың «ігінді» тұлғасында да жұмсалатынын айтады: (бір нәрсе итеріліп тасталды).

Үшінші, бұл мағыналардан тыс, дербес етістіктер болады: *өлүк тірілді* (өлік тірілді), *сүт сауылды* (сүт сауылды). Ғалым «араб тілінде салт етістіктен ырықсыз етіс жасалмайтынын, ал түркі тілінде мұндай құбылыс бар» екенін ескертеді: *евге барылды* (үйге барды), *тагдин инілді* (таудан төмен түсті). Бұл сөздікте ырықсыз етіс жасаушы тұлғаларға мұнан басқа да мысалдар берілген. Олар –н/-ын/-ін/-ун/-үн: *капуғ ачлынды* (есік ашылды), *таш ытлынды* (тас тасталды), *иығаш бутанды* (ағаш бұталды), *эт тузланды* (ет тұздалды) т.б. [1,160]. Демек, ғалымның жазып қалдырған талдаулары мен тілдік материалдары, сол кездегі түркі тілдерінің өзіндік болмысын, түрін, ішкі және сыртқы тұлғалық құбылыстарының әр алуан ерекшеліктерге ие бола алатынын көрсетеді.

Әдетте, ырықсыз етіс тұлғасының негізгі қызметі актив қимылдың пассивке айналуы, яғни іс-қимыл субъектіге емес, іс-қимылға ұшырайтын объектіге теліну екені белгілі. Егер ырықсыз етістің негізгі грамматикалық мәні осы деп қарасақ, мұндай

грамматикалық мән-мағына түркі тілдерінің алғашқы, тарихқа белгісіз кезеңдерінде нақ осы аффикстер арқылы берілмегенін көруге болады. Махмуд Қашқари сөздігінде *ула болса, йол азмас, біліг болса, сөз азмас* (белгі жол бұзылмас, білім болса, сөз бұзылмас), *алын арслан тутар, күчүн көсгүк тутмас* (айламен арыстан тұтылар, күшпен қорқақтық ұсталмас) тәрізді мақал-мәтелдер бар. Бұлардың құрамындағы етістіктер ырықсыз тұлғасында келмеген, бірақ ырықсыз етіс мағынасын береді. Етіс мәнін арнаулы қосымшасыз беру қыпшақ жазбалары тілінен де ұшырасады: *Анда таңғайсыз тозырған оғлан чупреке чулғанмыз* (Ана жақтан жаңа туылған шүберекке оралған нәрестені табасыз).

Ескі, жаңа түркі тілдерінде ұшырасатын бұл фактілер ырықсыз етіс қосымшасының етіс мәнін туғызатын арнайы грамматикалық формант болып, кейін тілдің өсу, даму дәуірлері бойында қалыптасқандығын айта отырып, автор тілдік категорияны тануда «мағынадан тұлғаға қарай» бағыттын ұстанған деп есептейміз. Демек, функционалды грамматиканың бұл бағыты ғалым еңбегінде имплицитті түрде беріліп тұр [2,119-122].

Тіл білімінде ырықсыздықты функционалды-семантикалық аспектіде қарастырған зерттеу жұмыстары баршылық. Бұл еңбектерде ырықсыздық өрісіне тән белгілер көрсетіледі: ырықсыздық категориясын құрайтын әр түрлі тілдік құралдар; өрістің барлық тілдік құралдарының ортақ инвариантты функциялары. Өріс құрылымы ядро мен периферияға бөлінеді. Өріс ішінде бір-біріне қарама-қарсы мағыналардың санына байланысты олар шағын өрістерге бөліне алады. Демек, әрбір ырықсыздық мағына тілде формальды түрде берілу құралдарымен бірлікте қарастырылатын семантикалық немесе семантика-прагматикалық мазмұнға ие семантикалық тұтас бола алады. Олай болса, ырықсыздық категориясы семантикалық мазмұнға ие функционалды-семантикалық өрістердің кешені болып шығады.

Ырықсыздық категориясының тілдік сипаты, бұл категорияға жататын мағыналар, оларды білдіретін тілдік құралдар туралы айтылғандықтан, біз енді ырықсыздық категориясын функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастырған еңбектерге ғана тоқталамыз.

Ырықсыз етіс тұлғасына берілген анықтама тек іс-әрекет пен субъект, объект арасындағы қарым-қатынастармен ғана шектелмейді. Яғни, ұғымдық аспектіден қарастыратын болсақ, субъекті және объекті бар жерде іс-әрекетті жасаушы субъект, ал сол іс-әрекеттің объектіге қатысты болатыны белгілі жағдай. Осы тұрғыдан А.Б.Салқынбай субъекті мен объектіні сөйлемнің синтаксистік құрылымындағы тілдік бірліктерге сай келетін семантикалық категория тұрғысынан қарастыра отырып, оларды синтаксистік актанттар немесе предикативті сөзтұлғаның актанттары дейді. Дәстүрлі терминология бойынша бұл бастауыш, тура не жанама толықтауыш болып табылады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, қызметтік тұрғыдан алғанда, етіс өрістерінің арасында «*активность*» және «*пассивность*» өрісі ерекше орын алады. Мысалы, А.Б.Салқынбай іс-әрекеттің орындалу амалы белгілі бір субъекті емес, объект арқылы орындалатынын белгілеу үшін яғни «*пассивность*» терминінің орнына *тұлғасыз етіс* терминін қолданады. Бұл терминді алуының мәнін былайша түсіндіреді: мұнда таңба өзінің бастапқы қызметінде емес, контекстегі мәні арқылы сөйлеудегі қызметі анықталатынын айтады. Таңбаның өзінің негізгі қызметіне жұмсалатынына байланысты активті *тұлғалы етіс* деп алды.

Біздің ойымызша, етіс категориясының қызметтік ерекшеліктерін анықтауда, тек қана морфологиялық, синтаксистік, лексикалық деңгейлермен ғана шектелмей, прагматикалық аспектіде қарастыру керек.

Е.И.Шендельстің көзқарасында грамматикалық категорияның прагматикалық потенциалы бір мағыналы емес. Автор грамматикалық категорияны үш топқа



жатқызады: прагматикалық әлді, прагматикалық әлсіз, прагматикалық бейтарап. А.М.Пешковский мен В.Г.Адмонидің грамматикалық категорияларды топтастыруына сүйене отырып, Е.И.Шендельс грамматикалық категорияның прагматикалық потенциалын былайша бөледі: прагматикалық әлділерге жататындар субъектілі-объектілі (А.М.Пешковскидің бөлуі бойынша) немесе коммуникативті-грамматикалық (В.Г.Адмони бойынша) категориялар. Оларға жататындар: етіс, рай, жақ, белгілі және белгісіз категориясы. Объектілі немесе логика-грамматикалық қарым-қатынасты білдіретін грамматикалық категорияны прагматикалық әлсіз категория дейді, мысалы, сандар категориясы. Ал прагматикалық бейтарап категориясына тілдегі құрылым қатынастарын анықтайтын септеу, род категориялары жатады [3,19].

Қазақ тілі мен неміс тіліндегі етістіктің ішкі семантикалық мүмкіндігі жағынан келетін болсақ, салт етістіктерге қарағанда сабақты етістіктің ішкі потенциалы жоғары екендігін байқауға болады. Салттық пен сабақтылық етістік түбірі мен етіс жалғаулары арқылы анықталғанмен, негізінен, сөз тіркесі арасында болатын тілдік жағдай. Қазақ грамматикасында етістіктің салттылық-сабақтылық мәні, біріншіден, семантикалық сипаты, екіншіден, «тумысынан тән» ерекшелігі екені баса көрсетілген. Яғни әрі салт, әрі сабақты болуы тілдің дамып жетілуінің жемісі, тілмен бірге оның бір элементі ретінде етістік және оның қырлары да дами отырып, өзгеріске түсіп отырады. Сондықтан мұны тек грамматикалық категория ретінде емес, түбір морфемалар арқылы берілген семантикалық категория ретінде танимыз.

Етіс оппозициясы, яғни *Kolumbus entdeckte Amerika – Amerika wurde von Kolumbus entdeckt* сияқты құрылым тек сабақты (transitive) етістіктерге ғана тән. Қалыптасқан дәстүрлі көзқарастарға келісе отырып, неміс тіліндегі сабақты етістіктер тек қана тікелей толықтауышты басқара алатын етістіктер, яғни табыс септігіндегі толықтауыш. Сабақтылыққа тек қана тікелей толықтауышты керек ететін етістіктер жатады, яғни пассив формасын жасай алатын дей келе, автор соңғы кезде сабақтылық өте тар ауқымда қолданып жүргенін айтады [4, 53-54]. Бірақ «сабақты етістік» термині дәстүрлі ұғымда тек қана кең ауқымда қолданумен қатар, пассив жасауға өте икемді, сондықтан да оған жаңа мағына (Passivfähige Verben) беру керек дейді Е.И.Шендельс.

Функционалды-семантикалық әдістің мәнін тілді зерттеудің коммуникативтік аспектісі толықтырып отырады, яғни қандай да бір семантикалық мазмұнды білдіруге жұмсалатын әр алуан тілдік деңгейдегі құралдарды бірлескен түрде көрсетеді. Тілдің коммуникативтік аспектісі ретінде тілдік жүйенің қарым-қатынас аясындағы қолданылу міндеттері мен таңдауды түсінеміз. Яғни, коммуникативті әдісте тілді нақты сөйлеу актілерінде қолданумен байланысты сөйлеу және тілдік варианттылығы, тілдік бірліктерді қолдану мен таңдаудың экстралингвистикалық факторларға тәуелді болуы сияқты мәселелерге айрықша көңіл аударылады. Сонымен, коммуникативтік аспект тілдің өздік табиғи құрылымын, сөйлемдегі семантика мен синтаксис құрылымдарының өзара үндестігін, сөйлеудің жалпы заңдылықтарын, интра-және экстралингвистикалық факторлардың және басқа да көптеген мәселелерді қарастырады.

Ақпаратты беру, адресатқа әсер етуді жүзеге асыру процестері тілдің коммуникативтік қызметі болып табылады. Егерде сөйлеуші коммуникативтік процесс арқылы нақты бір ойды айтуға ұмтылса, яғни осы ойды жарыққа шығаруда қандай да бір семантикалық категория қатысады. Демек, сөйлеушінің сөйлеу-ойлау іс-әрекеттерінің нәтижелерімен және реалды процестермен байланысты бір формада семантикалық категория қолданылады. Ақпарат конвенционалды немесе бейконвенционалды әдісі арқылы көрініс табуы мүмкін. Конвенционалды әдісі тура сөйлеу актілерінде тілдік бірліктер арқылы олардың жүйелік мағыналарында жүзеге асса, ал бейконвенционалды әдісі жанама сөйлеу актілерінде берілуі мүмкін [5,180].



Ырықсыз етістің сөзжасамдық деңгейін сипаттағанда коммуникация актісіне сүйенбеу мүмкін емес. Біріншіден, мысалы: *жүр, отыр* т.б. етістіктерге ырықсыз етіс жұрнағын жалғар болсақ, жаңа туынды жасалып, жаңа ұғым пайда болғандықтан, жаңаша таңбалау мүмкіндігі туындайды, яғни *жүргізіл-ді, отырғызыл-ды*. Бұл жерде іс-әрекеттің иесі жанама сипатта көрінеді де, іс-әрекетті орындаушы үшінші субъекті арқылы орындалатыны айқын байқалады.

Екіншіден, оның қоғамда атқаратын қызметін түсіну. Ырықсыз етіс негізінен жауапкершілікті көп қажет етпейтін, негізгі міндетті басқа біреуге жүктейтін тұлға. Көбінесе әкімшілік тарапынан көп қолданыс табатын үрдіс.

Бұл аталған мәселелер тілді зерттеудің коммуникативтік бағытының сөйленімнің семантикалық құрылымын сипаттауда маңызды екендігін көрсетеді. Сөйлем арасындағы байланыстардың лексика грамматикалық деңгейдегі көріністерін анықтауға, структуралық түрі мен семантикалық құрылымын айқындауға мүмкіндік туғызады. Демек, сөйленімді коммуникативті тәсіл тұрғысында қарастыру функционалды-семантикалық өріс концепциясының принциптерімен ұштасатынын байқауға болады.

Неміс тілінде ырықсыздықты функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан зерттеудің бір үлгісі ретінде О.И.Щубиктің еңбегін атауға болады. Ғалым еңбектерінде етіс категориясының грамматикасы мен өрісіне қатысты көптеген мәселелерді қарастырған. Етіс формаларын қарастыру екі жақтық тәсілмен берілген: бірінші бағыты айтылудың бастапқы тәсілінен семантикалық қызметіне қарай, екіншісі семантикалық қызмет бағытынан айтылудың формальды тәсіліне қарай. Автор етістің теориялық мәселелерін өзара бірлікте саралайды [6, 26-40].

Функционалдық бағытта жүйелеу тәсілдерін рефлексивтік мағынада беруді А.М.Горлатовтың ғылыми еңбектерінен кездестіруге болады. Автордың зерттеулері функционалды-семантикалық тұрғыда құрылғандықтан, рефлексивті етістіктер функционалды-семантикалық өрісте бірлесіп тұр.

В.Г. Адмони өз талдауында активті кең грамматикалық өріс ретінде көрсете отырып, «тілдің грамматикалық категорияларының әр түрлі түрлеріне әр дәрежедегі өрістік құрылым тән» екенін айтады. Яғни, бұл грамматикалық категорияның әр түрлі аспектілі белгілерге лайық көптеген жеке грамматикалық құбылыстардан жасалатынын білдіреді (Бұл белгілерді «жинақтама» деп атайды). Бұл құбылыстың басқа бөлігі кейбір жиынтық белгілеріне ие, бірақ жиынтық белгілерінің үстіне тағы басқа белгілер ие болуы мүмкін. Осылайша, әрбір грамматикалық категория белгілі бір «өзекке» ие, бұған грамматикалық белгілері бар кейбір грамматикалық құбылыстардың саны, сонымен қатар сырттағы жиынтықсыз құрамдас белгілердің едәуір маңызды құбылыстар саны кіреді [7, 25].

Қазақ тілінде ырықсыз етіс мәселесі функционалды-семантикалық бағытта әлі арнайы зерттелмей келеді. Бірақ қазақ тіл білімінде, түркітануда етіс мәселесі біршама зерттелген. Етіс туралы А.М.Щербак, С.С.Леонтьев, Э.В.Севортян, Н.А.Баскаков, Н.К.Дмитриев, А.А.Юлдашев сияқты белгілі түркологтар пікір айтқан болса, қазақ тіл білімінде Ы.Мамановтың, А.Ысқақовтың, А.Қалыбаева-Хасенованың, М.Оразовтың, А.Б.Салқынбайдың зерттеулері маңызды саналады.

Қорыта келсек, екі тілдегі ырықсыздықты зерттеудегі функционалдық әдіс оның деңгейлік сипатын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге ырықсыз етіс тұлғасының басқа категориялармен қатынастық байланысын және тілдік құралдардың өзара үндесу жүйелілігін айқындауға мүмкіндік туғызады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қашқари Қ. Түрік сөздігі. Диуани луғат-ит-түрк. 1-том.-Алматы, 1997.-105 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы.1981; 119-122 б.

3. Салқынбай А.Б. Функционалды грамматика очерктері – Алматы: Қазақ университеті, 2003. 27-40, 62-69 б.

4. Brinkmann 1971:202-203; Duden. Grammatik der deutschen Gegenwartssprache 1984:107; Helbig, Buscha 1984: 53-54б.

5. Беляева Е.И. Функционально-семантическое поле модальности в английском и русском языках. Воронеж, 1985, 180б.

6. Шубик С.А. Категория залога и поле залоговости в немецком языке. Л., 1989. 26-40 б.

7. Admoni W. Der deutsche Sprachbau: Теоретическая грамматика немецкого языка. 4-е изд., дораб. М., 1986.

## ЗАРУБЕЖНЫЕ СТАЖИРОВКИ, КОНФЕРЕНЦИИ, ГРАНТЫ

Ключевым фактором международного сотрудничества в Жетысуском государственном университете им.И.Жансугурова является развитие академической мобильности. Академическая мобильность - это возможность студентам, магистрантам и молодым ученым продолжить образование или приобрести научный опыт за рубежом путем участия в краткосрочной образовательной или научно-исследовательской программе.

В июне-июле 2012 года при поддержке ректора нашего университета Абдиманапа Еликбаевича Бектурганова к.п.н., доцент **Жанат Шаймуратович Бактыбаев** прошел стажировку в Болгарии по приглашению Софийского университета им.Св.Климента Охридского. Профессиональными целями стажировки являлось изучение зарубежного опыта в сфере истории болгарского образования, теории воспитания, педагогики и психологии девиантного поведения, социальной деятельности.

Во время стажировки были прослушаны лекции болгарских ученых по следующим направлениям: «История болгарского образования» - дпн, доцент Емилия Еничарова, «Теория воспитания» - дпн, профессор Сийка Чавдарова-Костова, «Педагогика и психология девиантного поведения» - дпн, доцент Тони Манасиева, «Социальная деятельность» - дпн, доцент Владислав Господинов, «Специальные учреждения по работе с детьми» - дпн, доцент Божидара Квирирадева. В практической части программы стажировки полезными были встречи с работниками семейного дома малютки, дома молодежи, Национального Дворца детей г.София.

Во время пребывания в Болгарии был заключен Договор о сотрудничестве между ЖГУ им.И.Жансугурова и СУ «Св.Климент Охридский», был разработан совместный план работы педагогического факультета Софийского университета им.Св.Климента Охридского и факультета педагогики и психологии ЖГУ им.И.Жансугурова.





В период с 5 по 10 августа к.и.н., доцент кафедры истории **Байгабатова Назгуль Кажимуратовна** приняла участие в работе международной академической конференции «Степной Шелковый путь и перспективы международного экономического сотрудничества в Транс-Алтайском регионе». В работе конференции приняли участие более 120 известных ученых из Австралии, Индии, Казахстана, Китая, Кыргызстана, Монголии, России, США, Японии и др. По итогам конференции приняты резолюция и рекомендации в рамках культурно-исторического и экономического сотрудничества приграничных стран трансалтайского региона.





**Алипова Сая Болатханқызы**  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
тарих, археология және этнология факультеті,  
археология, этнология және музеология кафедрасының  
2 курс PhD докторанты, отандық ғылыми жетекшісі т.ғ.д.,  
профессор Таймағамбетов Ж.Қ.

### **КОЛОРАДО УНИВЕРСИТЕТІНДЕ (АҚШ) ӨТКЕН ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ**

Шетелдік ғылыми жетекшіміз Колорадо штаты (АҚШ), Колорадо университетінің профессоры, Мишель Гланцтың (**Michelle M. Glantz**) шақыртуы бойынша 2012 жылдың 6 маусымы мен 22 тамыз аралығында Колорадо университетінде шетелдік ғылыми-зерттеу іс-тәжірибесінен өттім. Бұл іс-сапардың басты мақсаты – шетелдік ғылыми жетекшімізмен танысып, археология және этнология мамандығы бойынша оқу жоспарына сәйкес арнайы оқытылып, жүргізетін білікті профессорлардың дәріс сабақтарына қатысу, диссертация тақырыбым бойынша Колорадо университетінің кітапханасында деректер базасын дайындау библиографиямен жұмыстар жасап, тақырыбыма қатысты деректермен, археологиялық ескерткіштер және тас ғасырына қатысты артефактілерімен танысу, диссертациялық тақырыбыма қатысты мәліметтермен таныс зерттеуші ғалымдардың ақыл-кестірін ала отырып, мәліметтер жинастыру және АҚШ мемлекетінің мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысу болды.

Колорадо штатымен танысуым шетелдік жетекшіміздің көмегімен Колорадо университетінде алғашқы күн шетелдік студент ретінде тіркелуімнен басталды. Алғаш күннен бастап мені университет өмірі мен білім алу жүйесі және кітапханада жұмыс жүргізу барысы қатты қызықтырды. Сол күні антропология департаментінің меңгерушісі, профессор Кэтлин Шерманмен (**Kathleen Sherman**) кездесу өтіп, еліміз Қазақстаннан алып келінген қазақ халқының өмірін баяндайтын ұлттық үлгідегі сыйлықтар табысталды. Профессор Кэтлин Шерманмен әңгімелесу барысында университет туралы біраз мағлұматтармен таныс болдым. Колорадо университетінің негізі 1870 жылы құрылған, кампустар Форт Коллинз деп аталатын қалашықтың шет жағасында орналасқан жалғыз бір құрылысты ғимараттан көтерілген. Ол кезде университет ветеринарлық емхана ретінде белгілі болған, кейін студенттердің күш салуымен жаңа құрылыс жұмыстары жүргізіліп университет кампустары бой көтере бастаған. Университет студенттері «Rocky Mountain National Park» атты тау етегінде орналасқан ғылыми зерттеу орталығында жылқылардың типтерімен және ауыл шаруашылығымен танысуға мүмкіндік алған.

Қазіргі таңда университет үлкен қалашық болып табылады, білім алушыларға қызмет көрсететін негізгі аймақтары:

1. Ammons университет орталығы
2. Жалпы орталық алаң
3. А.Logy атындағы студенттерге арналған орталық
4. Компьютерлік ғылымдардың ғимараттары
5. «L.Morgan» атындағы кітапхана
6. Лагуна
7. Студенттердің демалыс орталығы
8. «Moby» аренасы
9. Университеттің денсаулық сақтау бөлімшелері
10. Академиялық қалашықтар



11. Гүлдер саябағы

12. Өнер орталығы

Осылайша Колорадо университетіндегі іс-тәжірибем жетекшіммен қарастылып, бекітілген жұмыс жоспарымның негізінде ғылыми – ізденіс жұмыстарым өз бастауын алды. Археология және антропология мамандықтарына қарасты кафедралардың бірлескен ғылыми, оқу-әдістемелік семинарларына және профессор Ричард Адамстың (Richard Adams) «**Rocky mountain soapstone industry and high altitude archaeology**» атты семинарына қатынастым. Диссертация тақырыбым бойынша Колорадо университетінің Л.Морган атындағы кітапханасында деректер базасын дайындап, библиографиямен жұмыстар атқарылып, тақырыбыма қатысты деректермен таныстым. Университете орналасқан тас ғасыры лаборатория жетекшісі профессор Джейсон Лабелл (Jason M. Labelle), оқытушы Ричард Адамспен кездесіп, ақыл-кеңестірін ала отырып, өзіме қажетті мәліметтер жинақтадым. Археология бөліміне арналған университет зертханасында профессор Джейсон Лабеллдің көмегімен тас ғасырына қатысты материалдармен жұмыс жүргіздім. Шет елдік ғылыми жетекші профессор Мишель Гланцтың дәріс сабақтарына қатынастым, диссертацияма қатысты ақыл-кеңестерін тыңдадым.

Шетелдік жетекшімнің көмегімен Колорадо университеті, антропология департаменті ұйымдастырған жазғы этнографиялық және археологиялық экспедицияларға қатысуға мүмкіндік алдым. Нақты тоқталып өтсем маусым айының 20 мен 24 аралығында университет магистранттары және студенттерімен Колорадо штаты мен New Mexico штаты шекарасында орналасқан шағын Кортез атты қалашық маңында «Uta mountaine» Юта таулы аймағында индейцтардың резервациясында этнографиялық экспедицияға қатыстым. Бұл экспедицияның басты мақсаты индейцтердің мәдениеті және дәстүрімен танысу болды. Powell museum, Hoveweer, Ute Mountain tribal park атты мұражайларда болып, қызықты мәліметтермен таныстық.

Ал маусым айының 28 мен 4 шілде аралығында Вайоминг штатында, Дюбуа атты шағын қалашық маңында университет докторанттары, магистрант және студенттерімен бірге археологиялық экспедициядан өттім. Экспедицияны археолог, профессор Ричард Адамс (Richard Adams) басқарды. Отряд «wind river mountains», «absaroka mountains» атты таулы аймақтарда жұмыс жүргізді. Анықталған археологиялық ескерткіштердің жасы 250 жылдан бастап 4000 жылға дейін мерзімделді. Бұл археологиялық ескерткіштерді жергілікті халық «sheepaters» мәдениеті деп таниды екен. Қызықты мәліметтердің бірі осы аймақтарда тау ешкілері және бизондарды аулайтын арнайы қақпандардың көп табылуы, осы қақпандардың маңынан көптеген жануарлардың сүйектері табылды. Жаз айында өмір сүрген индейцтардың «shoshone indians» осы аймақтарда тұрақтаған жерлерін көрдік. Археологиялық экспедиция барысында студенттермен бірге археологиялық тұрақтардың сызбасын жасауды және алғашқы адамдар пайдаланған құрал-жабдықтарының жасалу техникасымен практика жүзінде таныстым. Вайоминг штатындағы Дюбуа қалашығының «Dubois Museum» атты мұражайында жергілікті халықтың археологиялық ескерткіштері және мәдениетін баяндайтын көптеген қызықты мәлімет алдым.

Жергілікті американоецтер, саудагерлер, тұрақталған қылмыскерлер, скандинавиялық хаки галстуктар Дюбуа қалашығының мәдени мұралары болып табылады. Дюбуа таулы аймақтарынан табылған петроглифтер қалашықтың ұзақ тарихы болғандығының дәлелі. Осы аймақтарды негізінен индейцтер тұрақтаған, олар жаз айында қалашықтың биік таулы аймақтарында аңдарға қақпан құрған, ал қыста жазықта өмір сүрген.

Еуропалықтар бұл өңірлерге жайырақ қоныстана бастады. 1811 жылы саудагерлер мен аңшылардың бір бөлігі жоғарғы «Wind river» өзенінің жазықтарына Орегон штатына құрғақ жолдар іздеу барысында келе бастаған. 1870 жылы Дюбуа қалашығында дүкен, банк, түрлі қызмет көрсету орталықтары бой көтерген.

Бүгінгі таңда Дюбуа экономикасы туризм негізінде дамып жатыр. «Yellowstone» орталығы туристтерді қарсы алып, оларға көкке шығу, балық аулау, атпен таулы аймақтарды



серуендеу, аң аулау т.б. қызықты іс-шараларды ұйымдастырады.

Экспедиция барысында Колорадо университетінің докторант, магистрант және студенттерімен пікір алмастық, олар өз елінің тас ғасыры ескерткіштері жайында ал мен Қазақстанда орналасқан палеолит ескерткіштері туралы баяндап бердім. Бұл менің теория жүзіндегі білімімді практикада қолдануға үлкен мүмкіндік болды.

Жалпы шетелдік ғылыми-тәжірибемді қорытындылайтын болсам, докторлық диссертацияма қатысты қажетті материалдар жинақтадым, шетелдік ғылыми жетекшімен кездестім ақыл-кеңестерін алдым, жоспар бойынша барлық жұмыстарды орындадым, алдыма қойған мақсатыма жеттім. Болашақта Колорадо университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті арасында келісім шартқа қол қойылып, біріккен Қазақстан-Америка археологиялық экспедиция құру жоспарланып отыр. Бұл сонымен қатар студенттердің алмасып білім алуларына мүмкіндіктер береді.

Білім саласында алдымызға қойылып отырған талап-міндеттер жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында сіздер мен біздердің істеп жатқан еңбегіміздің барлығы мемлекетіміздің нығаюы, тәуелсіздіктің мықтылығы артуы үшін жасалуда. Осы жолда елбасымыз және университетіміздің бізге деген сенімін ақтап, мақсаттарға жете беретіндігімізге мен нық сенемін.

Қазіргі таңда жастарға осындай мүмкіндік беріп отырған елбасымыз Н.Ә.Назарбаев және де мақсатты негізде білім алуға мүмкіндік берген І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіне алғысым шексіз.




Обладателем гранта Фонда Первого Президента–Лидера нации по итогам конкурса научно-исследовательских проектов и работ молодых ученых в области фундаментальных и прикладных научных исследований 2012 года за проект «Новые инициативы Первого Президента Республики Казахстан – Главы государства Н.А.Назарбаева по направлениям борьбы с коррупцией» стал заведующий кафедрой уголовно-правовых дисциплин, кандидат юридических наук, доцент **Болат Абдулдаевич Сериев.**





С 9 по 13 апреля 2012 года студент 2 курса специальности «Экономика» финансово-экономического факультета **Сапаров Елдар Қайсарұлы** принимал участие в XIX Международной научной конференции студентов, аспирантов и молодых ученых «Ломоносов - 2012», проходивший на базе МГУ им. М.В. Ломоносова. Он выступил с докладом на тему «Мировые тенденции образовательного процесса» (научный руководитель – к.э.н. Г.Б. Тулешова). В рамках конференции был подписан меморандум о сотрудничестве между Студенческим союзом ЖГУ им. И. Жансугурова и Студенческим союзом МГУ им. М.В. Ломоносова, а также с международным содружеством студенческих организаций и молодежи. В рамках конференции также были заключены договоры о совместной научной деятельности с СНО Ереванского государственного университета (Армения), Киевского государственного университета им. Т.Шевченко (Украина), Санкт-Петербургского государственного политехнического университета (Россия), Курского государственного университета (Россия).





**Ахмадиева Расима Хасановна**, ст. преподаватель кафедры «Экономика», магистр туризма, **Нурмаханкызы Дания**, магистрант специальности «Юриспруденция», **Турлыбаев Абылай** студент 2 курса специальности «Туризм» приняли участие в первом международном Азиатском студенческом форуме «Образование без границ. Алтай – Азия 2012», 27 - 30 июня 2012 г. (г. Барнаул, Алтайский край) и были удостоены именных сертификатов и дипломов. На пяти дискуссионных площадках студенты делились опытом в сфере дистанционного образования, образовательных программ, обмена студентов и преподавателей, а также по многим другим направлениям. В форуме приняли участие 245 представителей вузов из Южной Кореи, Сингапура, Индии, Китая, Индонезии, России, Казахстана и других стран.



МАЗМУНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ

**МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА, ИНФОРМАТИКА**

<b>Д.Н. Нургабыл</b> АСИМПТОТИЧЕСКИЕ ОЦЕНКИ РЕШЕНИЯ НАЧАЛЬНОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ ЛИНЕЙНЫХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ С МАЛЫМ ПАРАМЕТРОМ ПРИ ПРОИЗВОДНЫХ.....	4
---	---

<b>С.А. Филько</b> ЛОГАРИФМИЧЕСКАЯ ШКАЛА ЗВУКА.....	9
--	---

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ  
И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ**

<b>С.Б.Абдеева, Х.Т.Наубаева, К.Н. Ахмедиева,</b> ҰЯНДЫҚТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	19
--	----

<b>Н.Б. Аужанова</b> ОСНОВНЫЕ МЕТОДИЧЕСКИЕ ЗНАНИЯ, УМЕНИЯ И НАВЫКИ, НЕОБХОДИМЫЕ ДЛЯ РУКОВОДСТВА ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТОЙ ПО БИОЛОГИИ.....	23
---	----

<b>Б.К. Жайсанбаева</b> СОТРУДНИЧЕСТВО КОЛЛЕДЖА И СЕМЬИ.....	28
---	----

<b>Н.А. Султанова</b> РОЛЬ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ .....	34
---	----

<b>У.И. Уразалиев, А.К. Уразалиева</b> К ПРОБЛЕМЕ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЕЙ ТЕХНОЛОГИИ.....	40
--	----

<b>Г.С. Нурбосынова</b> ДИДАКТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ ОБУЧЕНИЯ ЭЛЕКТРОТЕХНИКЕ И ИХ ОСОБЕННОСТИ.....	45
--	----

<b>С.И. Тунгатова</b> ТРУД И ВСЕСТОРОННЕЕ РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ.....	50
---	----

<b>В.В. Шарова</b> ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ.....	52
--	----

## ИСТОРИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, АРХЕОЛОГИЯ

<b>Н.К. Байгабатова</b> К ВОПРОСУ О СПЕЦИФИКЕ ТРАДИЦИОННОЙ ОДЕЖДЫ КАЗАХОВ ЖЕТИСУ.....	59
<b>Е.О. Буланов</b> ШАҒАТАЙ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ (1225 - 1347/48 жж.).....	64
<b>Б.Т. Калиева</b> XVIII-ҒАСЫРДЫҢ ІІ-ІІІ ЖАРТЫСЫ МЕН XIX-ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ТАРАПЫНАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА БЕРІЛГЕН АТАУЛАР.....	71
<b>Д.Ғ. Қаратаева</b> ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ КЕҢЕС ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫНА ӘСЕРІ .....	75
<b>Д.Ғ. Қаратаева</b> МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІКТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ .....	79
<b>Г. Н. Нұрланова</b> КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ СОҒЫС ӨНЕРІНДЕГІ АҢШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ).....	85
<b>Г.Н. Нұрланова</b> ДІНИ СЕКТАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ДЕСТРУКТИВТІ ЭЛЕМЕНТТЕР...	90
<b>А.Ғ. Толамисов</b> ДЕСТРУКТИВТІК ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ОЙЛАРЫН АЛДЫН-АЛУ ТУРАЛЫ.....	96
<b>Г.Б. Глеубекова</b> КӨНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЕТИСУ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР .....	100

## ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

<b>Қ.Е. Берікболов, Б.А. Мұздыбаев, Е.А. Данабеков, Е.Е. Берікболова</b> ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ, СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТ- ТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	110
<b>Қ.Т. Джанабаев</b> ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮРДЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	114
<b>К.И. Дужасаров, А.К. Кожатаев, Е.Қ. Туғанбаев</b> ҚАЗАҚСТАНДА ВОЛЕЙБОЛ СПОРТЫНЫҢ ДАМУЫ.....	119



## ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

**Б.А. Сериев**

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ.....	126
---	-----

## ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА

**Ә.Оспанқарыұлы**

ЕЖЕЛГІ ГРЕК-РИМ ӘДЕБИ СЫНШЫЛДЫҚ ОЙ-КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖҮЙЕСІ.....	132
---	-----

**Б.Т. Суюмбекова, М.Ж. Бельгибаева**

ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ АУДАРМАТАНУ ІЛІМІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ.....	137
---	-----

**А.Қ. Тұрысбекова**

СӘКЕН СЕЙФУЛИННІҢ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР.....	142
--	-----

**С.А. Уалиева, К.М. Чинибаева**

ЫРЫҚСЫЗДЫҚ - ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ....	147
--	-----

ЗАРУБЕЖНЫЕ СТАЖИРОВКИ, КОНФЕРЕНЦИИ, ГРАНТЫ.....	153
---	-----

<p><b>ЖМУ ХАБАРШЫСЫ</b>          Ғылыми журнал          1997 жылы шыға бастады.          Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде жанадан тіркеліп, 2003 ж.12 қыркүйегінде № 4188-Ж куәлігі берілген.</p>	<p><b>ВЕСТНИК ЖГУ</b>          Научный журнал          Издается с 1997 г.          Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство №4188-Ж от 12 сентября 2003 г.          Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал журнал «Жансугіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің хабаршысы» под номером ISSN 1813-1123</p>
<p><b>ВНИМАНИЮ АВТОРОВ!</b></p>	
<p>Журнал "Вестник" Жетісуского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей.</p> <p>Для публикации статьи авторам необходимо представить следующие материалы и документы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами;</li> <li>2) Резюме на казахском, русском, английском языках должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений).</li> <li>3) ключевые слова (5-10);</li> <li>4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе;</li> <li>5) на отдельном листе сведения об авторах должность, ученое звание, ученую степень, место работы (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты.</li> </ol> <p>Материалы для публикации, поступившие в редакцию, направляются на научную экспертизу. Решение экспертной комиссии оформляется протоколом и при положительном отзыве статья публикуется в ближайшем номере Вестника ЖГУ. Статьи магистрантов должны сопровождаться отзывом научного руководителя с пометкой о рекомендации к публикации.</p> <p>Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи произведения, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций. Авторы опубликованных материалов несут ответственность за подбор и точность приведенных фактов, цитат, статистических данных и прочих сведений.</p> <p><i>Плагиатом считается умышленное присвоение авторства чужого произведения науки или мысли или искусства или изобретения (или их части). Плагиат может быть нарушением авторско-правового законодательства и патентного законодательства и в качестве таковых может повлечь за собой юридическую ответственность Автора.</i></p> <p><b>Требования к оформлению</b></p> <p>Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал, для текстов на казахском языке шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см, абзац – 1,25. Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.</p> <p>Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.</p> <p>Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.</p> <p>Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.</p> <p>Список литературы для статьи не менее 5 наименований.</p> <p>Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.</p> <p>Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисункном тексте;</p> <p>Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.</p> <p><b>Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются</b>  <b>Присланные рукописи обратно не возвращаются авторам</b></p>	
<p>Корректоры:          М.К. Бисенкулов,          Г. Сырлыбаева</p> <p>Компьютерная верстка, изготовление оригинал-макета С.Д. Шудабаевой</p>	<p>Подписано в печать 21.09. 2012 г.          Гарнитура Таймс. Формат 200x280. Бумага офсетная.          Печать офсетная. Тираж 550 экз. Усл.п.л.10.2..          Отпечатано в издательском центре ЖГУ им.И.Жансугурова          Заказ № 00625</p> <p>040009. Галдыкорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Жансүгіров көшесі, 187а.</p>